Реджеп Таип Эрдоган представляет из себя человека антисистему. Он не разделяет идей Мустафы Кемаля по ряду важных моментов. Радикализация и исламизация общества в Турции имеет не разрешенные корни еще со времен Мустафы Кемаля [12, с.127]. Однако ни одному лидеру после Ататюрка не удавалось то что смог реализовать Эрдоган. При Эрдогане наметилась четкая тенденция к усилению центральной власти, отказ от Парламентаризма в пользу президентской республики. Полседняя редакция Конституции Турецкой республики дает Президенту весьма широкие полномочия. Он не просто стал арбитром между ветвями власти что свойственно евразийским странам, он практический обладает правом менять территориальное устройство страны, чего нет в большинстве стран мира.

Победа правых сил возглавляемых Реджеп Таип Эрдоганом казалось не предвещало радикальных изменений. Западная риторика [13, с.44] с которой шла на выборы Партия справедливости и развития нравилась абсолютному большинству населения и казалось следует в общих чертах линии основателя Турецкой республики Мустафы Кемаля [14, с.59].

Однако последующие реформы показали что страну ждут серьезные изменения. Эрдоган провел ряд либеральных реформ направленных на дальнейшее развитие гражданского общества и потребовал ограничения прав армии которая на протяжении республиканского

периода была рычагом незыблемости принципов Ататюрка [15, с.519]. Армия пережила большие реформы. Далее была широкая приватизация государственного сектора. Продажа ряда крупных национальных компании пополнила бюджет страны. Вместе с тем в обществе и политике усилилась религиозная риторика [16, с.201]. Женщинам дали право носить тюрбаны. Страна поворачивалась вправо. Далее была проведена реформа национальной банковской системы с ее подчинением правительству. Затем произошла чистка в армии туда начали набирать все больше лиц религиозной направленности. Неожиданно грянул конфликт между религиозным лидером Феттулахом Гюленом и Эрдоганом который сопровождался активными политическими гонениями. Попытка переворота со стороны военных не удалась и оплот секулярности и светскости пал. Большинство частных каналов и редакции оппозиционных газет были закрыты либо национализированы. В этом смысле произошло сильное смещение ценностей в обществе в сторону более религиозного, националистического государства. Риторика по вступлению в Европейский союз была заменена на риторику с Европейским союзом.

Таким образом, половинчатость реформ реализованных во время создания Турецкой республики и узкая социальная база привела к развертыванию демократических и светских преобразований которые доминировали в Турецкой республике со времен обретения независимости. Отсутствие институциональной базы демократизации и неопределенная ценностная ориентация общества отложили свой отпечаток на трансформацию Турции на современном этапе.

#### References:

1. Vogel, Ezra F. "Nation Rebuilders: Mustafa Kemal Atatürk, Lee Kuan Yew, Deng Xiaoping, and Park Chung Hee." In *The Park Chung Hee Era*, edited by KIM BYUNG-KOOK and VOGEL EZRA F., 513-41. Cambridge, Massachusetts; London, England: Harvard University Press, 2011. Accessed November 22, 2020. <http://www.jstor.org/stable/j.ctt24hjqk.21>.
2. Mango, Andrew. "Western Revolution in the East." In *From the Sultan to Atatürk: Turkey*, 107-48. London: Haus Publishing, 2009. Accessed November 22, 2020. <http://www.jstor.org/stable/j.ctt1hfr3bt.8>.
3. Keddie, Nikki R. "1945–Today: New States and Trends, Women's Activism, and the Rise of Islamism." In *Women in the Middle East: Past and Present*, 102-65. PRINCETON; OXFORD: Princeton University Press, 2007. Accessed November 22, 2020. doi:10.2307/j.cttq94c5.12.
4. DEMIRALP, SEDA. "White Turks, Black Turks? Faultlines beyond Islamism versus Secularism." *Third World Quarterly* 33, no. 3 (2012): 511-24. Accessed November 22, 2020. <http://www.jstor.org/stable/41507184>.
5. Karaveli, Halil. "AFTERWORD: Attacking the Kurds – The 'Return' of Kemalism." In *Why Turkey Is Authoritarian: From Atatürk to Erdoğan*, 213-19. London: Pluto Press, 2018. Accessed November 22, 2020. doi:10.2307/j.ctv1nth9s.15.
6. Hanioglu, M. Şükrü. "Nationalism and Kemalism." In *Ataturk: An Intellectual Biography*, 160-98. Princeton; Oxford: Princeton University Press, 2011. Accessed November 22, 2020. doi:10.2307/j.ctt1h1hx88.15.
7. Erdağ Göknaar, and Kent F. Schull. "Yasak/Banned from Sultan Abdülhamid II to President Erdoğan: Reappropriating the Past and the Subjectivities of Censorship." *Journal of the Ottoman and Turkish Studies Association* 5, no. 2 (2018): 9-12. Accessed November 22, 2020. <https://www.jstor.org/stable/10.2979/jottturstuass.5.2.03>.
8. Hanioglu, M. Şükrü. "The Secular Republic." In *Ataturk: An Intellectual Biography*, 129-59. Princeton; Oxford: Princeton University Press, 2011. Accessed November 22, 2020. doi:10.2307/j.ctt1h1hx88.14.
9. Navaro-Yashin, Yael. "The Cult of Ataturk: The Apparition of a Secularist Leader in Uncanny Forms." In *Faces of the State: Secularism and Public Life in Turkey*, 188-204.

PRINCETON; OXFORD: Princeton University Press, 2002. Accessed November 22, 2020. doi:10.2307/j.ctv10crg7c.11.

10. BROCKETT, GAVIN D. "IMAGINING THE SECULAR NATION: MUSTAFA KEMAL AND THE CREATION OF MODERN TURKEY." In *How Happy to Call Oneself a Turk*, 25-54. University of Texas Press, 2011. Accessed November 22, 2020. <http://www.jstor.org/stable/10.7560/723597.8>.

11. Hanioglu, M. Şükrü. "Muslim Communism?: The Turkish War of Independence." In *Ataturk: An Intellectual Biography*, 86-128. Princeton; Oxford: Princeton University Press, 2011. Accessed November 22, 2020. doi:10.2307/j.ctt1h1hx88.13.

12. Yilmaz, Ihsan. "Secular Law and the Emergence of Unofficial Turkish Islamic Law." *Middle East Journal* 56, no. 1 (2002): 113-31. Accessed November 22, 2020. <http://www.jstor.org/stable/4329723>.

13. Kavas, Serap. "Turkish Modernization: Present Challenges within the Context of the AK Party and the European Union." *Insight Turkey* 8, no. 4 (2006): 33-48. Accessed November 22, 2020. <http://www.jstor.org/stable/26328648>.

14. Dönmez, Rasim Özgür. "The Re-birth Pangs of New Turkey in the 21st Century." *SEER: Journal for Labour and Social Affairs in Eastern Europe* 13, no. 1 (2010): 55-67. Accessed November 22, 2020. <http://www.jstor.org/stable/43293346>.

15. Kanra, Bora. "Democracy, Islam and Dialogue: The Case of Turkey." *Government and Opposition* 40, no. 4 (2005): 515-39. Accessed November 22, 2020. <http://www.jstor.org/stable/44483130>.

16. An-Na'im, Abdullahi Ahmed. "Turkey: Contradictions of Authoritarian Secularism." In *Islam and the Secular State*, 182-222. Cambridge, Massachusetts; London, England: Harvard University Press, 2008. Accessed November 22, 2020. <http://www.jstor.org/stable/j.ctt13x0hj3.8>.

**XFTAP 11.15.69**

<https://doi.org/10.51889/2021-1.1728-8940.04>

*А.С.Джунусова<sup>1</sup>, Б.Б.Бюлегенова<sup>1</sup>, К.Д.Жанпейсова<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup> Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті  
Қазақстан*

## **ҚОҒАМНЫҢ ЖАҢҒЫРУ КОНТЕКСТІНДЕГІ ЖАСТАР САЯСАТЫ: ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУЫ**

*Аңдатпа*

Қоғамның жаңғыру контекстіндегі жастар- қоғамдағы өзгерістердің басты факторы. Бүгінгі жастар қазіргі қоғамның саяси, экономикалық және әлеуметтік, мәдени құрылымын айқындайтын катализатор болып табылады. Мақалада Қазақстан Республикасында мемлекеттік жастар саясатының қалыптасуы мен жүзеге асырылуы қарастырылған. Мемлекеттік жастар саясаты мемлекет жүзеге асыратын және жастарды қолдауға бағытталған саяси, әлеуметтік-экономикалық, мәдени бағыттары қарастырылған. ҚР мемлекеттік жастар саясатына негіз болған принциптердің арасында әлеуметтік-демографиялық топ ретінде жастардың мүдделері мен қажеттіктері алға қойылған. Жастар қоғамның, тұтас мемлекеттің дамуына ықпалын тигізетін- қоғамның негізгі күші болып табылады.

**Түйін сөздер:** жастар, мемлекеттік жастар саясаты, мемлекеттік жастар саясатының тұжырымдамасы, бағдарлама, жаңғыру, үрдіс, білім, еріктілер, жастардың даму индексі

*A. Dzhunusova<sup>1</sup>, B. Biulegenov<sup>1</sup>, K. Zhanpeisova<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup> L.N. Gumilyov Eurasian National University  
Kazakhstan*

## **YOUTH POLICY IN THE CONTEXT OF MODERNIZATION OF SOCIETY: FORMATION AND DEVELOPMENT**

### *Abstract*

Youth is a key factor in social change. Young people are catalysts that define the political, economic, social and cultural structure of modern society. The article focuses on the need for youth policy as a special focus of the state on the basis of the role and place of youth in society. The issues of the formation and implementation of the state youth policy in the Republic of Kazakhstan. State youth policy has been concluded as a political, socio-economic, legal and organizational system that the state implements and supports young people. Among the principles that are based on the state youth policy of the Republic of Kazakhstan are the interests and needs of youth as a social and demographic group. The emphasis is placed on the development of a society, a whole nation, and their attitude toward this issue.

**Keywords:** youth, state, government, state youth policy, conception, law, program, modernization, process, reform, youth development index.

*A.С.Джунусова<sup>1</sup>, Б.Б.Бюлегенова<sup>1</sup>, К.Д.Жанпейсова<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup> Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева  
Казakhstan*

## **МОЛОДЕЖНАЯ ПОЛИТИКА В КОНТЕКСТЕ МОДЕРНИЗАЦИИ ОБЩЕСТВА: СТАНОВЛЕНИЕ И РАЗВИТИЕ**

### *Аннотация*

Молодежь-главный фактор перемен в обществе. Молодежь является катализатором, определяющим политическую, экономическую и социальную, культурную структуру современного общества. В статье обоснована необходимость молодежной политики как специального направления деятельности государства на основе определения роли и места молодежи в обществе. Определены вопросы формирования и реализации государственной молодежной политики в Республике Казахстан. Государственная молодежная политика сформулирована как система политических, социально-экономических, правовых и организационных мер, осуществляемых государством и направленных на поддержку молодежи. Среди основополагающих принципов государственной молодежной политики РК, как социально-демографическая группа, поставлены интересы и потребности молодежи. Молодежь во многом обращается к развитию общества, государства в целом, их отношения к этому вопросу.

**Ключевые слова:** молодежь, государство, власть, государственная молодежная политика, концепция, закон, программа, модернизация, процесс, реформалану, индекс развития молодежи.

**Кіріспе.** Жастар мемлекеттің және қоғамның әлеуметтік құрылымындағы маңызды топ болып табылады. Ресми мәліметтерге қарасақ, республика халқының 30 пайызын құрайды. Қазақстан жастары қазіргі білімі, кәсіптік, рухани және мәдени дайындығымен мемлекеттің келешегін айқындайды.

И.М.Ильинскийдің жетекшілігімен ресейлік ұжымдық авторлар - жастарға нақты сипаттама береді: «Жастар - бұл жас ерекшелік сипатына қарай жинақталған қоғамның әлеуметтік - демографиялық тобы, әлеуметтік жағдайының ерекшелігі мен әлеуметтік - психологиялық ерекшелігіне байланысты әлеуметтік - экономикалық және мәдени даму деңгейі арқылы анықталатын топ». «Жастар» түсінігінің қазіргі жас ерекшелік интервалы 13 - 14 жастан 29 - 30 жасқа дейін» [1, б. 54]

Қазақстан Республикасының мемлекеттік жастар саясаты тұжырымдамасы [2, б. 105] жалпыға бірдей адам құқықтары Декларациясын өзекті идеялары мен қағидаларына, БҰҰ Бас Ассамблеясының “Жастар дамуының 2000 жылға дейінгі дүние жүзілік іс-қимыл бағдарламасының 50/81 қарарына, сәби құқықтары туралы конвенцияға, Қазақстан Республикасының Конституциясына және ел Президентінің Қазақстан халқына арнаған «Қазақстан 2030. Барлық Қазақстандықтардың өсіп-өркендеуіне, қауіпсіздігі және әлауқатының артуы» атты жолдауына сүйенеді [3].

Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты жастардың рухани, мәдени, білім алуы, кәсіби қалыптасуы мен дене тәрбиесін дамытуы үшін әлеуметтік-экономикалық, құқықтық, ұйымдастырушылық жағдайлар мен кепілдіктер жасау, бүкіл қоғам мүддесі үшін олардың шығармашылық әлеуетін ашу мақсатында жүзеге асырылады. Жастардың даму деңгейі, олардың мүмкіндіктер мен құндылықтарға ұмтылысы, мемлекеттің экономикалық, саяси және қоғамдық, әлеуметтік, мәдени өмірге қатысуымен Қазақстанның болашағымен тығыз байланысты.

**Нәтижелер мен талқылау.** Негізгі мақсат қазіргі қоғамның жаңғыру контекстіндегі жастардың саяси белсенділігінің қалыптасуы мен дамуы, мемлекеттік жастар саясатының жағдайын салыстырмалы талдап, мониторинг, контент, статистикалық талдауларды пайдалана отырып, негізгі орын алған мәселелердің саяси - әлеуметтік сипатын анықтап, Қазақстан Республикасының мемлекеттік жастар саясатын және жастардың қоғамдағы саяси белсенділігін талдау.

Негізгі міндеттері ретінде қарастыратынымыз:

- Бүгінгі таңда Қазақстанда жастар саясаты саласында қазақстандық ғалымдардың еңбектеріне шолу жасау;
- Жастар саясатының негізгі сипаттары мен бағыттарын талдау, тетіктерін қарастыру оның іске асырылу жолдарын анықтау;
- Қоғамның жаңғыру контекстіндегі жастардың саяси белсенділігінің қалыптасуы мен дамуы қарастыру.

Жастар саясатын өз алдына жеке бағыт ретінде бағыт қарастыру ХХ ғасырдың 60-70 жылдардан басталды. Кеңес Одағы тұсында жүргізілген жастар саясаты сол кездегі жастарға қатысты қабылданған бұйрықтарда олардың материалдық жағдайын жақсарту, белгілі бір кәсіпке баулу, білім және жоғары дәрежедегі мамандық беру дем алысын тиімді де, жақсы етіп ұйымдастыруға баса мән берілген. 60 жылдары жастарға қатысты саясатта өзгерту әрекеттері байқалды. 1966 жылдардан бастап «Жастар туралы» заңмен жұмыс істеу басталды. Бұл құжатта әртүрлі жастар тобына саяси және құқықтық кепілдік беретін, қоғамда өз орнын табуға көмектесетін, әлеуметтік саяси белсенділігін арттыратын қолданыстағы және жаңадан әзірленген заңдарды енгізу көзделді. Жастар мәселесінің маңыздылығы мен ерекшелігін мойындап, оны шешудің құқықтық астарын іздей бастауы сол кездегі саясаттың негізгі артықшылығы болды. 80 жылдары жастар мәселесі қоғамда ерекше орын ала бастады. Жастар - бұл қоғамның өнімі және түрленуші күші. Бұл шындықты түсіну үшін өсіп келе жатқан ұрпаққа қатысты объективті дұрыс саясаттың, алғы шарты болып табылады. Адам өмірге, келешекке негіз болып табылатын қатынастар жүйесімен, өндіруші күштердің материалдық және рухани байлықпен керсетілген белгі дегенмен, мәдениетпен күнделікті кездесетін өмір жолының сипаты, оның бағыты, оның түрленуінің күші көптеген жағдайда адам басынан өткен жағдайларымен анықталады. Теориялық тұрғыда әр адам өмірде рационалды өмір сүруге құқылы, олардың асырылуы да

мүмкін, немесе іске асырылмауы да мүмкін, кей жағдайларда ол бірте- бірте қоғамдық дамудың ыдырауына алып келеді.

Саясаттану жеке тұлғаны қоғамдық-саяси өмірдің нақтылы тарихи жағдайлары қалыптастырған, саяси саналы, басқалардың бағыт-бағдары мен іс-әрекетіне түбірлі ықпал ете алатын, саяси көзқарастар мен шешімдерге өзгерістер енгізіп, саясатты жасаушы жеке адам деген мәнде белгілейді. Жеке тұлғаның адами сапа-қасиеттерді қоршаған ортада қарым-қатынас жасау кезінде қалыптасатыны белгілі. Осымен байланысты саясаттанушы ғалым Ж.К.Симтиков тұжырымдағандай: «...жастардың саяси әлеуметтенуін қарастыру Қазақстан жастары саясатының өзіне тән ерекшеліктерін түсінуге көмектеседі» [4].

Мемлекеттік жастар саясатының қажеттілігі жас өркеннің өмірге қадам басып, қоғамда өз құқығын иеленумен, оның алдында жауапкершілік арқалау сәтінде бетпе-бет келетін өмір мәресінің қиындықтарымен айқындалады. Жастар саясатын қалыптастыра отырып, мемлекет жастардан келешекте маңызды салмаққа ие болар халықтың бірден-бір белсенді тобы екендігін ескереді. Мұның өзі жастардың мемлекеттік құрылысындағы рөлі мен орнын жете бағалауға жол беруді көздейді. Мемлекеттік жастар саясатының дәстүрлі әлеуметтік саясаты айырмасы ол жастардың еңбек пен шығармашылық қуатын айқындайтын белсенді де жаңаша, өндірушілік аспектілерден тұрады. Бұл мемлекеттік жастар саясатының қоғамының стратегиялық ресурстарын дамытудағы бірден-бір маңызды бағыт ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Жастар саясатының қазіргі заманғы екі моделі ең танымал болып саналады. Олар: жастар саясаты саласындағы мемлекеттің жетекші рөлі бар еуропалық және мемлекеттік органдардың жүйелі қатысуынсыз тек қана ерікті қызметті жастар ұйымдарын және бірлестіктерді қолдауға негізделген ағылшын-саксондық. Бірақта, бірінші модельде мемлекеттік жастар саясатының түрі басым, екіншісінде қоғамдық жастар саясатының түрі басым болып табылады. Қазақстан мәдени-өркениеттік, саяси, әлеуметтік-экономикалық, құқықтық және т.б. қатынастардағы айырмашылықтарға негізделген өзінің ерекшеліктерін ескере отырып, жастар саясатының бірінші моделіне ұмтылады. Бұл модель "...мемлекеттің ерекше рөліне, жастар мен жастар ұйымдарын қолдау шараларын заңмен нақты регламенттеуге негізделеді.

Бүгінгі таңда Қазақстанда жастар саясаты саласында қазақстандық ғалымдардың бірқатар зерттеулері бар (Г. Әбдікерова, Г. Әбдірайымова, З. Айдарбеков, М. Әженов, К.Биекенов, Қ. Ғабдуллин, Ш. Жаманбалаева, М. Жүсіпова, Л. Зайниева, Л. Изтелеуова, Н.Калашникова, Д. Қалетаев, Ж.К-Симтиков М. Махмутова, У. Садықова, М. Садырова, А.Сәрсенбаева, Г. Телебаев, А. Тесленко, З. Шаукенова, Г. Шойкин, Б.Бюлегенова, И.Рыстина және т. б.).

Мемлекеттік жастар саясаты жас адамға қатысты Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық, саяси және мәдени дамуын қамтамасыз етуге, жас азаматтардың бойында патриотизм мен еліміздің тарихы мен мәдениетіне, басқа халықтарға деген құрметті қалыптастыруға, адам құқықтарын сақтауға бағытталған мемлекеттің стратегиялық бағытын білдіреді. Мемлекеттік жастар саясаты мемлекеттің жас адамның жеке басын өзін-өзі іске асыру және жастар бірлестіктерін, қозғалыстар мен бастамаларды дамыту үшін құқықтық экономикалық және ұйымдастырушылық жағдайлар мен кепілдіктер жасауға бағытталған қызметі болып табылады. Бұл саясаттың міндеттері: жастардың құқықтарын, бостандықтарын мен мүдделерін қорғау; оған көмек көрсету және әлеуметтік қызметтер көрсету; ұлдар мен қыздардың әлеуметтік маңызы бар бастамаларын іске асыру болып табылады. Мемлекеттік жастар саясатын қалыптастыру және іске асыру жүйесі: мемлекеттік жастар саясаты жөніндегі арнайы заңнаманы; жастар саясатын мемлекеттік реттеуді; мемлекеттік жастар саясатын жоспарлы және қаржылық қамтамасыз етуді қамтиды.

Мемлекеттік жастар саясатын әзірлеу және іске асыру екі деңгейде жүзеге асырылады: жалпы республикалық және өңірлік. Бұл саясат, бірінші кезекте, жастардың еңбек әлеуетін іске асыруға, қалыпты тамақтануға, тұрғын үй - тұрмыстық құрылғыға, оқуға және т.б.

қажетті қаражатты өзі табуға мүмкіндік беретін өндірістік қызмет үшін қолайлы жағдайлар жасауға бағытталған.

Қазақстандағы мемлекеттік жастар саясаты мынадай қағидаттарға негізделеді:

1. Жастар саясатын қалыптастыру мен іске асыруда жеке тұлғаның мемлекеттік, қоғамдық мүдделері мен құқықтарын үйлестіру.

2. Жас азаматтарды жастар мен жалпы қоғамға қатысты саясатты, бағдарламаларды қалыптастыру мен іске асыруға тікелей қатысуға тарту.

3. Жас азаматтардың әлеуметтік мәртебесінің шектеулі жасымен байланысты орнын толтыру үшін қажетті олардың құқықтық және әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз ету.

4. Жас азаматқа мемлекет кепілдік берген ең төменгі әлеуметтік қызметтерді ұсыну, олардың көлемі, түрлері мен сапасы жеке адамның қажетті дамуын және дербес өмірге дайындықты қамтамасыз етуі тиіс оқыту, тәрбиелеу, рухани және дене бітімінің дамуы, денсаулығын сақтау, кәсіби даярлау бойынша.

5. Жастарға қатысты іс-шаралар мен бағдарламаларды қаржыландырудағы мемлекеттік органдар мен мекемелердің тиісті қызметімен салыстырғанда қоғамдық бастамалардың басымдылығы

Мемлекеттік жастар саясатының мақсаттары:

1. Жастардың әлеуметтік, мәдени, рухани және физикалық дамуына жәрдемдесу.
2. Жастарды қоғамның әлеуметтік-экономикалық, саяси және мәдени өміріне неғұрлым толық қосу үшін жағдай жасау.
3. Жас адамның өз өмір жолын таңдауда, жеке табысқа жетуде мүмкіндіктерін кеңейту.
4. Жастардың және бүкіл қоғамның қоғамдық дамуы мүддесінде жастардың инновациялық әлеуетін іске асыру.

Мемлекеттік жастар саясатының мақсаты ҚР мемлекеттік билік пен басқарудың барлық деңгейінде жүзеге асырылады. Жастар саясатын іске асыру саласындағы тиісті мемлекеттік органдар белгілейтін міндеттер оның мақсаттарына қайшы келмеуге тиіс. Қазақстан Республикасындағы жастармен жұмыс жүргізу мемлекеттік саясаттың ең маңызды, әрі жауапты істерінің бірі болып табылады. Дербес мемлекетіміздің дамуы кезінде, әлеуметтік-экономикалық, саяси және мәдени өзгерістері белең алған кезеңінде республикамыздың жігіттері мен бойжеткендері қоғамның, дамыған елдер қатарына қосылуда, дамудың қарқынды болуына елеулі үлес қоса алады, әрі елдің жаңа сапалы көрінісіне бет бұруына көмектесуі тиіс:



- мемлекеттік жастар саясатының қажеттілігімен,
- тиімді жастар саясатын құру тұжырымдамасын жасау,
- жастардың саясатқа деген көзқарастары мен белсенділігін арттыру арқылы қоғамдық маңызды мәселелерді шешу, қоғам болашағын анықтайтын жастарды саяси ынталандыру, төртіншіден, елдегі жастардың саяси құндылықтарға бейімделу деңгейін көтеру аса маңызды болып отыр.

Рухани жаңғырудың аясында ел дамуындағы ең өзекті мәселе - мемлекеттің жастарға деген жаңаша қарым-қатынасын қалыптастыру болып табылады. Бұл жөнінде Н.Ә.Назарбаев былай деген болатын: «Біз бұл ретте жаңа құндылықтар жүйесіне тезірек бейімделіп кеткен, болашаққа жаңаша көзқарасы бар жас ұрпаққа сүйене отырып, бұқаралық сананы төзімділікпен жаңғыртуға тиіспіз» [5].

Жастар - мемлекеттің ең басты стратегиялық, әлеуметтік, электоральді ресурстарының бірі. Қоғам болашағының жаңару процесі мен одан кейінгі дамуы жастарға байланысты. Дамудың өзгерісті кезеңінде жастардың рөлі жоғарылату тенденциясына ие. Жаңа ойлардың желісін жақсартуға бағытталумен үйлесетін болса айрықша әлеуметтік топ ретінде жігерлілік, белсенділік танытады.

Демократиялық сәйкестікті дамыту, сонымен қатар мемлекетті басқаруда жастардың белсенді қатысуы және барлық қоғам үшін маңызды шешімдер қабылдауды ұйғару керек.

Дамыған мемлекеттерде жастардың саяси тәртібі және саяси ортаға қосылуын көрсете отырып, саяси қатысу плюрализмімен ерекшеленеді, тұлғаның дамуындағы өзіндік индикатор жастардың белсенді азаматтық позиция көрсеткіші болып табылады.

Қазақстан Республикасында жастардың саяси тәртібіне еліміздегі саяси үрдістерді республикадағы саяси жалпы ахуалдарға ауқымды әсер етіп жастардың саясатқа қатысуы еліміздегі болып жатқан үрдеріс мүмкіндіктер мен өкілеттіктермен әсер етеді. Сондай-ақ потенциалды саясат жастардың алдында тұрған өзінің құқығы мен қызығушылықтарының таралуын қамтамасыз ететін құралы болып табылады.

Қазіргі таңда Қазақстанның күрделілігін трансформациялық кезеңде бастан өткеруі елдегі саяси жаңаруларды позитивті потенциалды таратып, объективті және субъективті себептер белгілі деңгейде өзінің белсенді позициясын жоғалтып, жастардың саяси тәртібі сәйкес түрмен ескеріледі.

Жастардың феноменінің қоғамдық түсінігін Қазақстанда демократиялық, құқықтық - әлеуметтік мемлекетті құру рөлін қарастырмай, қоғам жаңа цивилизациялық жетістіктерге, үрдістерге жете алмайды.

Қазақстан-2050 Стратегиясы - қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты атты 2012 жылы 14 желтоқсанда Қазақстан халқына арнаған Жолдауында: —Мен сөзімді, әсіресе, жастарымызға арнағым келеді. Бүгін мен жариялаған Жаңа саяси және экономикалық бағыт сіздерге жақсы білім беруді, яғни бұдан да лайықтырақ болашақ сыйлауды көздейді. Мен сіздерге – жаңа буын қазақстандықтарға сенім артамын. Сіздер Жаңа бағыттың қозғаушы күшіне айналуға тиіссіздер. Мемлекет басшысы ретінде мен әрдайым сіздердің оқуларыңыз бен өсіп-өнулеріңіз үшін барлық жағдайды жасауға тырыстым. Әлемдік деңгейдегі университет, зияткерлік мектептер аштым, «Болашақ» бағдарламасын құрдым. Қазір мемлекеттік жастар саясатының жаңа тұжырымдамасы әзірленуде» деген болатын [6].

**Қорытынды.** Осы орайда, «Дипломмен ауылға», «Жасыл ел» жасақтары, «Жастар практикасы», «Жастардың кадрлық резерві», «Мәңгілік ел жастары», «Жайдарман» ойындары, «Серін» бағдарламалары және тағы басқа бастамалар іске асып, өз жұмыстарын көрсетіп жатыр.

2019 жыл - Жастар жылы. Жас ұрпақты тәрбиелеуде мемлекеттік жастар саясаты жауапкершілікті алға қойып, қоғамның біртұтастығына зиян келтірмейтіндей жастардың бастамаларына қолдау көрсетіп отырса, жастар келешегі жарқын болады. Жастардың қоғамға деген көзқарастары мен саяси, мәдени, рухани, әлеуметтік құндылықтары мемлекеттік жастар саясаты арқылы дұрыс қалыптасады. Осы ретте мемлекет тарапынан «Жастар

жылында» жастарға айқын бастамалар қажет болды. Жастар жылындағы бастамаларды дамыту жаңа қырынан көрініс тапты. Жастарды барынша мемлекеттік саясатқа бет бұру мақсатында алға қойған бастамалары мен идеяларын тиімді пайдалануына, қоғамға өз үлестерін қосуына, қажет болса заңнаманы жастардың мүддесіне орай жақсарту қажет. Мемлекеттік саясаттың сауатты жүргізілуі жас буынның жағдайын жақсартуға себепші болары анық. Жастардың сұранысы ол тек жастар жылында ғана емес, ары қарай еліміздің болашағының жарқын көрінісі.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына жолдаған өз Жолдауында сындарлы диалог елдің тұрақтылығына, оның одан әрі дамуына септігін тигізеріне тоқталды. Әсіресе, ол Жолдауда тиімді экономика, заңнамаларды жетілдіру, ұлт бірлігі мен азаматтардың қауіпсіздігіне бас назар аударды. 2020 жыл «Еріктілер жылы» болып бекітілді. Басты мақсат – ерікті қызметке азаматтарды, әсіресе, жастарды тарта отырып, белсенді өмірлік ұстанымын қалыптастыру болып табылады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың VII шақырылымдағы Парламенттің бірінші сессиясының ашылуында сөйлеген сөзінде Мақсатымыз – озық дамыған елдердің қатарына қосылу, мемлекеттің басты міндеті – азаматтарымыздың толыққанды дамуына, әлауқатының артуына және жайлы тұрмысына жағдай жасау деп басып айтты.

Еліміздің ұзақ мерзімді дамуы - Сабақтастық, Әділдік және Өрлеу қағидаттарына негізделеді. Көздеген мақсатқа жету үшін барлық салаларда дәйекті өзгерістер жасаймыз. Ол үшін мынадай басымдықтарға мән беруіміз қажет - деді мемлекет басшысы[7].

Негізгі басымдықтардың бірі - азаматтық қоғам өкілдерінің белсенділігін арттыру, жастар саясатын жетілдіру және қайырымдылық қызметін қолдау. Себебі, бүгінгі жастар қазіргі қоғамның саяси, экономикалық және әлеуметтік, мәдени құрылымын айқындайтын катализатор болып табылады.

Осы орайда, Мемлекеттік жастар саясаты саласындағы заңнаманы жетілдіру – негізгі міндеттің бірі. Сонымен қатар, Президентіміз өткен жылы Үкіметтің бірқатар атқарған жұмыстарын атап көрсетті:

- «Тәуелсіздік ұрпақтары» атты ұлттық жоба
- мемлекеттік жастар саясаты және волонтерлік қызмет туралы заңдар

Ендігі мақсат:

- 1.«жастардың әлеуметтік қызметтері» деген ұғымды заң жүзінде ресімдеу
2. Қазақстанда «Жастардың даму индексын» енгізу

Қорытынды. Қазіргі біздің заманымызда ой ұшқыр, мінезі салмақты, қоғамға лайықты тұлға қажет. Әрбір жағдайға өз көзқарасын білдіре алатын, өзінің ой-пікірі бар болуы қажет екені екені айдан анық. Жастар қоғамның, тұтас мемлекеттің дамуына ықпалын тигізетін - қоғамның негізгі күші болып табылады. Қазақстан қоғамында қазіргі кезде бұрынғы ұрпақтардан айтарлықтай өзгеше, мүлдем жаңа зияткерлік тап: жаңа бағдар ұстанған, құндылық ұстанымдары ұтымды экономикалық іс-қимылдар арқылы табысқа жетуге бағытталған жастар қалыптасты.

#### *Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Ильинский И.М., Алещенок С.В., Володин И.А., Голубева Т.Л., Елизаров В.В., Луков В.А., Саградов А.С., Юртаев В.И. *Молодежь планеты: Глобальная ситуация в 90-х годах, тенденции и перспективы.*-М., 1999.-324с.-С.54.

2. «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 7 ппдедегі № 581 Заңы

3. Н.Назарбаев «Қазақстан 2030. Барлық Қазақстандықтардың өсіп-өркендеуіне, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы» атты жолдауы

4. Симтиков Ж.Қ. *Қазіргі кездегі Қазақстан Республикасы жастар саясатының қалыптасуы мен жүзеге асу ерекшеліктері. 23.00.02.-мамандығы бойынша саяси ғыл.докт.ғыл.дiр.алу үшін дайынд.дисс.-Алматы:2005.-б. 105.*

5. ҚР Президенті Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы «Егемен Қазақстан» газетін
6. Қазақстан-2050 Стратегиясы - қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты атты 2012 жылы 14 желтоқсанда Қазақстан халқына арнаған Жолдауы
7. Қасым-Жомарт Тоқаевтың VII шақырылымдағы Парламенттің бірінші сессиясының ашылуында сөйлеген сөзі, 15.01.2021

References:

1. Il'inskiy I.M., Aleshchenok S.V., Volodin I.A., Golubeva T.L., Elizarov V.V., Lukov V.A., Sagradov A.S., YUrtaev V.I. Molodezh' planety: Global'naya situaciya v 90-h godah, tendencii i perspektivy.-M., 1999.-324s.-S.54.
2. «Qazaqstan Respublikasyndagy memlekettik zhastar sayasaty turaly» Qazaqstan Respublikasynyn 2004 zhylgy 7 ppdedegi № 581 Zanu
3. N.Nazarbaev «Қазақстан 2030. Барлық Қазақстандықтардың өсіп-өркендеуіне, қауіпсіздігі және әл-ауқаттың артуы» атты жолдауы
4. Simtikov Zh.K. Qazirgi kezdegi Qazaqstan Respublikasy zhastar sayasatynyn qalyptasuy men zhyzege asu erekshelikteri. 23.00.02.-mamandygy bojnynsha sayasi zyl.dokt.zyl.dir.alu yshin dajynd.diss.-Almaty:2005.-b. 105.
5. QR Prezidenti N.Nazarbaevtyн «Bolashaqqa bagdar: ruhani zhangyru» badarlamalyq maqalasy «Egemen Qazaqstan» gazetin
6. Qazaqstan-2050 Strategiyasy - qalyptasqan memlekettin zhana sayasi bagyty atty 2012 zhyly 14 zheltoqsanda Qazaqstan halqyna arnagan Zholdauy
7. Qasym-Zhomart Toqaevtyн VII shaqyrylymdagy Parlamenttin birinshi sessiyasynyn ashylynynda sojlegen sozi, 15.01.2021

XFTAP 11.01.62

<https://doi.org/10.51889/2021-1.1728-8940.05>

Каппасова Г.М.,<sup>1</sup> Артыкбаева Г.Т.,<sup>1</sup> Мусагажсинова А.А.,<sup>1</sup> Алтыбасарова М.А.<sup>1</sup>

<sup>1</sup> КЕАҚ Торайғыров Университеті  
Қазақстан

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ САЯСАТЫН JAҢҒЫРТУ МӘСЕЛЕЛЕРІНЕ

### Аңдатпа

Мақалада қазіргі кезеңдегі Қазақстан Республикасының экологиялық саясатын жаңғыртудың негізгі тетіктері қарастырылады. Авторлар нарықтық қатынастар жағдайында ел экономикасын дамытудың экологиялық стандарттарын сақтау мәселесіне ерекше назар аударады. Экологиялық стандарттардың талаптарына сәйкес мемлекетті басқарудағы жаңа тәсілдер мұқият зерттеген. Авторлар әлеуметтік-саяси мәселелерді жан-жақты талдайды сонымен қатар азаматтардың негізгі экологиялық құқықтары мен негіздерін де ашып көрсетеді. Мақалада негізгі экологиялық құқықтар анықталып, олардың адам өмірі мен денсаулығы үшін қолайлы қоршаған ортаға әсері көрсетіледі. Бұл бағытта қоғамдық бірлестіктер мен қоршаған ортаны қорғау қорларын құру құқығы; мемлекеттік органдардың қоршаған ортаға қатысты мәселелері бойынша шешімдер қабылдау процессіне қатысу құқығы; қоршаған ортаны қорғау саласындағы жиналыстарға, митингілерге, пикеттерге, шерулер мен демонстрацияларға, референдумдарға қатысу құқығы болып табылады; қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша хаттармен, шағымдармен, арыздармен және ұсыныстармен мемлекеттік органдарға жүгіну және оларды қарауды талап ету құқығы; мемлекеттік органдар мен ұйымдардан уақтылы, толық және дұрыс экологиялық ақпарат алу

құқығы; экологиялық заңнаманы бұзу салдарынан олардың денсаулығы мен мүлкіне келтірілген зиянды өтеу туралы сотқа талап қою құқығы жан-жақты қарастырылады.

**Түйін сөздер:** экология, экологиялық тепе-теңдік, қоғам, экологиялық құқық, табиғатты қорғайтын мемлекеттік органдар, қоршаған ортаны қорғау, экологиялық ақпарат, табиғи орта, экологиялық саясат.

*G. M. Kappasova<sup>1</sup>, G. T. Artykbaeva<sup>1</sup>, A. A. Musagazhinova<sup>1</sup>, M. A. Altybasarova<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Toraigyrov University  
Kazakhstan*

## **ON THE PROBLEM OF MODERNIZING THE MODERN ENVIRONMENTAL POLICY OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN**

### *Abstract*

The article examines the main mechanisms of modernization of the environmental policy of the Republic of Kazakhstan at the present stage. The authors pay close attention to the problem of compliance with environmental standards for the development of the country's economy in the conditions of market relations. New approaches to state management in accordance with the requirements of environmental standards are carefully studied. The authors analyze in detail the socio-political fundamentals and basic environmental rights of the citizens. The main environmental rights are: the right to a favorable environment for their life and health; the right to establish public associations and environmental protection funds; the right to participate in the decision-making process of state bodies on environmental issues; the right to participate in meetings, rallies, pickets, marches and demonstrations, referendums in the field of environmental protection; the right to apply to state bodies with letters, complaints, statements and proposals on environmental protection issues and to demand their consideration; the right to receive timely, complete and reliable environmental information from state bodies and organizations; the right to file claims in court for compensation for damage caused to their health and property as a result of violations of environmental legislation.

**Keywords:** ecology, ecological balance, society, environmental law, environmental state bodies, environmental protection, environmental information, natural environment, environmental policy.

*Kappasova G.M.,<sup>1</sup> Artykbaeva G.T.,<sup>1</sup> Musagazhinova A.A.,<sup>1</sup> Altybasarova M.A.<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>НАО Торайғыров Университет  
Казakhstan*

## **К ПРОБЛЕМЕ МОДЕРНИЗАЦИИ СОВРЕМЕННОЙ ЭКОЛОГИЧЕСКОЙ ПОЛИТИКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

### *Аннотация*

В статье изучаются основные механизмы модернизация экологической политики Республики Казахстан на современном этапе. Авторы уделяют пристальное внимание проблеме соблюдения экологических стандартов развития экономики страны в условиях рыночных отношений. Тщательно исследуются новые подходы в управлении государством в соответствии с требованиями экологических стандартов. Авторы детально анализируют социально-политические основы и основные экологические права граждан. Основными экологическими правами являются: право на благоприятную для их жизни и здоровья окружающую среду; право на создание общественных объединений и фондов охраны

окружающей среды; право на участие в процессе принятия государственными органами решений по вопросам, касающимся окружающей среды; право на участие в собраниях, митингах, пикетах, шествиях и демонстрациях, референдумах в области охраны окружающей среды; право на обращение в государственные органы с письмами, жалобами, заявлениями и предложениями по вопросам охраны окружающей среды и требовать их рассмотрения; право на получение от государственных органов и организаций своевременную, полную и достоверную экологическую информацию; право на предъявление в суд исков о возмещении вреда, причиненного их здоровью и имуществу вследствие нарушения экологического законодательства.

**Ключевые слова:** экология, экологическое равновесие, общество, экологическое право, природоохранные государственные органы, охрана окружающей среды, экологическая информация, природная среда, экологическая политика.

**Кіріспе.** Қазіргі қазақстандық қоғамды демократияландыру жағдайында экологиялық жағдай проблемасына көбірек көңіл бөлінуде. Экологиялық қызметтің негізгі қатысушыларының қызметі саясат пен мемлекеттің, экологиялық ұйымдардың, кәсіпкерлер мен қоғам іс-әрекеттері жан-жақты талдануда. Бұл жағдайда ерекше орынға мемлекеттік саясат мәселелеріне мыналар жатады республикалық және жергілікті деңгейдегі саясат, сондай-ақ экологиялық мәселелерді шешуде қоғамдық пікірді өзгерту саясаты [1].

Соңғы жылдары трансформациялық жағдайында әлеуметтік-экономикалық және саяси реформаларға қазіргі Қазақстанда көп көңіл бөлінеді, ол табысты дамудың экологиялық құрамдас бөлігі болып есептеледі. Осыған байланысты өте өзекті мәселе экологиялық саясаттың негізгі қатысушыларын талдау олардың экологиялық проблемаларды шешудегі рөлін көрсету болып есептеледі [2].

Бұл дегеніміз, осы саладағы мемлекеттік саясат адамға стандарттардың талаптарына сәйкес келетін және қоршаған ортаны қорғау және сақтау талаптарын орындауды талап ететін қалыпты жағдайда өмір сүруге кепілдік береді.

Қорытындылай келе, тағы бір рет айта кететейін жай, ол қазіргі Қазақстандағы экологиялық проблемаларды шешу барлық тараптардың ынтымақтастығы жағдайында ғана мүмкін болады экологиялық саясатқа қатысушылар: мемлекеттер, экологиялық ұйымдар, кәсіпкерлер және қоғам бір-бірімен тығыз әрекетте болуы қажет. Әзірге мемлекет пен бизнес өкілдерінің ынтымақтастығы сәтті дамып келе жатқан жоқ (кәсіпорындардың меншік иелерінің) экологиялық жағдайды жақсарту үшін емес, пайда табу үшін талпынуда. Мемлекеттік деңгейде, шамамен 1993 жылдан бастап Қазақстанда заңнамалық базаны қалыптастыруда белгілі бір өзгерістер Арал теңізінің экологиялық жағдайын қарастырды, мысалы, алғашқы қабылданған экологиялық саясаттың негізгі бағдарларын белгілеуге арналған экологиялық заңдар, оның ішінде «қоршаған ортаны қорғау туралы» Заң таяу жылдарда пайда болмақ [3].

**Әдістеме.** Зерттеу әдіснамасы материалистік немесе идеалистік монизмнен босатылған және барлық әлеуметтік құбылыстардың плюралистік, көп сызықты өзара тәуелділігіне негізделген диалектикалық әдісті қолданды. Диалектикалық өзара тәуелділік және әдістердің өзара әрекеттесу әдісі де қолданылды: теориялық және эмпирикалық, тарихи және логикалық, индукция және шегеру және т.б. сонымен қатар батыстың алдыңғы қатарлы елдерінің саяси ғылымында ұзақ уақыт сыналған және өзін ақтаған құрылымдық-функционалдық талдау әдісі қолданылды.

**Нәтижелер.** Біздің ойымызша, экологиялық проблемаларды шешудегі ерекше рөл бүгінде көбінесе аймақтық билік органдарынан туындайтын бастамаларға байланысты және жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қызметіне тікелей тәуелді болып келеді [3]. Бұл факторлар біздің мемлекетіміздің қалыптасуы мен дамуының қазіргі кезеңіндегі экологиялық саясаттың түбегейлі өзгергенін көрсетеді.

Қоршаған орта табиғат пен адамның қоршаған ортасы туралы ұғымдардан тұрады және адам өмірінің шарты мен құралы, ол тұратын аумақ, сондай-ақ оның пайдалы қызметін қамтамасыз ететін өндірістік объектілерді орналастыру орны ретінде қызмет етеді.

Осылайша, қоршаған табиғи орта күрделі тұжырымдаманы құрайды, оның аясында қоғам мен табиғат арасындағы өзара әрекеттесудің екі негізгі формасы тарихи түрде дамыды. Қоғам мен табиғат қатынастарының үйлесімді дамуы болашақ ұрпақ үшін туған табиғатты сақтай отырып, кез келген мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етеді, бұл жағдай мемлекеттің экологиялық саясатының іргетасы болып есептеледі.

Әріне кәзір жиі кездесетін жаңартылатын табиғи ресурстарды тұтыну және қайтарымсыз алу кейбір параметрлер бойынша табиғи жүйелердің өзін-өзі көбейту қабілетінен асып түседі. Бұл қоршаған ортаны қорғау саласындағы басты проблемалардың бірі [4].

Әрине, біздің еліміздегі экологиялық жағдайды жақсартуда маңызды рөл атқаратын болады азаматтардың белсенділігі және экологиялық бөлімшелері бар ұйымдардың Қазақстанның қалалары мен айналысатын шешімімен өңірлік проблемаларды жүйелейтін мекемелер бар. Сондықтан бүгінгі күні ең маңыздысы негізгі қатысушылардың ынтымақтастығын дамыту қазіргі Қазақстанның экологиялық саясатына байланысты. Кезінде бұл олардың әрқайсысының қызметі өз жолымен басқа қатысушыларды мағыналы және толықтырушы біздің еліміздегі экологиялық жағдайды жақсартуға бағытталатын.

Сондықтан әрбір адам қоршаған табиғи ортаның құндылығын түсініп, сол арқылы қоршаған табиғи ортаға зиян келтірместен, өзі үшін қолайлы өмір сүру жағдайларын жасап, өзінің бұзылған экологиялық құқықтарын қорғауға қабілетті болуы керек [5].

Қазақстанның экологиялық саясаты осы бағыттағы барлық кемшіліктерді зерделей отырып, алға сенімді қадам жасады. Тәуелсіз Қазақстанның экологиялық саясатын дамытудың бірінші кезеңі 1991 жылы басталып, 1995 жылы Конституцияның қабылдануымен аяқталды, бұл да Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев бөлген қазақстандық қоғамның саяси және әлеуметтік-экономикалық дамуының кезеңдендіруіне сәйкес келеді [6].

Экологиялық саясат тұрғысынан 1993 жылғы « Табиғи ортаны қорғау» туралы Заңды атап өткен жөн. Осы заңдармен қатар бірінші кезеңде 1991 жылдан 1995 жылға дейін табиғи ресурстардың жекелеген түрлерін пайдалану мен қорғауды реттейтін тағы да бірқатар кодификацияланған заңнамалық актілер қабылданды [7].

**Дискуссия.** Соңғы жылдары экология саяси ғылымның қызығушылығының артуына айналды. Бұл, ең алдымен, соңғы он жыл ішінде мемлекеттің саяси жүйесін реформалау, басқару жүйесін өзгерту, табиғатты қорғау жөніндегі қызметтің нормативтік-құқықтық базасын қалыптастыру және жетілдіру, экологиялық проблемаларды мемлекеттік деңгейде шешу қажеттілігін түсінуге байланысты жүзеге асырылды. Экологиялық ғылым Қазақстанның одан әрі дамуында тұрақтандырушы рөл атқара алады және атқаруы тиіс. Экологияны, экономика мен саясатты интеграциялауға, экологиялық императивтер негізінде саяси шешімдер қабылдауға шақыру бұрыннан айтылып келеді. Бұл тәсіл біздің елімізде бұрын қабылданғаннан өзгеше қоғамды басқару стратегиясын анықтайды.

Экологиялық саясатты іске асырудың тиімділігі проблемасын қазіргі уақытта халықаралық қоғамдастық дамытатын тұрақты даму идеясымен салыстыруға болады. Сонымен қатар, бұл тәсілдің маңыздылығы туралы жалпы Декларациямен шектелмеуі керек. Ол тұрақты дамудың, табиғатты қорғаудың, табиғатты орынды пайдалану мен адам денсаулығын қамтамасыз етудің кез келген модельдерінің басымдықтары мен индикациясының сенімді жүйесін қамтамасыз етудің практикалық құралына айналуға тиіс.

Ол үшін экологиялық денсаулық проблемасының ғылыми әзірлемелерінен, бағалаудың нақты критерийлері мен әдістерін, оны қамтамасыз ету тәсілдерін анықтаудан бастап, экологиялық қауіпсіздік пен тұрақты дамуды қамтамасыз ету үшін осы идеяларды практикалық қолдануға дейін ұзақ жол жүру керек. Мұның бәрі экологиялық денсаулық идеясын ғылыми тұжырымдамадан оны жүзеге асырудың нақты әлеуметтік-саяси бағдарламасына айналдыруды қамтиды.

Қазақстанның экологиялық саясаты негізгі неғұрлым маңызды актілерді, мысалы, жер қойнауы, су және орман ресурстары туралы заңнаманы жаңартуды; Семей ядролық сынақ полигоны мен Арал апаты қызметінің нәтижесінде зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы заңдарды қабылдауды көздейді.

Экология проблемаларына, қоршаған ортаны қорғау мәселелеріне және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалануға негізінен қолданбалы сипаттағы көптеген әдебиеттер арналған. Мақаланың аз ғана бөлігі проблеманың саяси аспектісін қозғайды, Қазақстанның мемлекеттік саясатының экологиялық құрамдас бөлігі іс жүзінде өте аз зерттелген, сондықтан да бұл тың мәселе болып есептеледі.

Қазіргі заманның экологиялық мәселелері-қазіргі әлемдік өркениет пен мәдениеттің «Ахиллес өкшесі» эпохалық мағынасының белгісі. Өлімге әкелетін экологиялық апаттар бізге жақын арада қауіп төндіреді-және бұл барлық тыныштандыратын және келісетін стратегияларға қарамастан, осы кезеңді кейінге қалдыруға бағытталған жалпы күш-жігерге қарамастан өзінің маңыздылығын жоймай отыр [8].

Мұндай нанымдар көптеген адамдардың санасында берік орныққан, ауыртпалықсыз апатияны немесе одан да жаманы, көпшіліктің абайсыз гедонизмін және сөзсіз татуласқан зиялы қауымның ауыр цинизмін тудырады. Екінші жағынан, экологиялық қауіп әрекетсіздікті ақтауға қызмет етпеуі керек, осылайша тұңғықтың шетіне қарай ессіз жарыс жүзеге асырылмақ.

Бүгінгі таңда Қазақстанның экологиялық жүйелерінің нақты жай-күйі саясаткерлердің, мемлекет қайраткерлерінің және ел тұрғындарының одан әрі әрекетсіздігі ұлт денсаулығының генетикалық деңгейде одан әрі бұзылуын және соның салдарынан Қазақстанның тарихи аренадан кету қаупын тудырады.

Экологиялық мәселелерді шешудің көптеген жоспарлары экологиялық жағдайды тұрақтандыруға қабілетсіз. Әлем елдерінің саяси ерік-жігерінің жетіспеушілігі, экономикалық шығындарға баруға дайын еместігі бұрыннан жасалған және қол қойылған келісімшарттардың орындалуына, сондай-ақ жаңа келісімшарттардың қабылдануына кедергі келтіреді. Бұл дәрежеде жекелеген мемлекеттердің экологиялық саясатты жүзеге асырудағы рөлін асыра бағалау қиын, әсіресе табиғи ресурстардың ерекше қоры бар Қазақстан Республикасына тікелей қатысы бар.

Әлбетте, мемлекеттің экологиялық саясаты тек заң шығарушы немесе атқарушы органдардың қызметіне ғана қатысты болмауы керек. Мұндай жүйе әдейі тиімсіз болады. Экологиялық саясат-көптеген күштердің өзара әрекеттесу процесі. Егер қоғамда үстем әлеуметтік парадигма, базалық құндылықтар жүйесі, қоғам мен мемлекеттің негізгі әлеуметтік күштерін орналастыру, халықтың экологиялық проблемаларға қызығушылық деңгейі, халықтың өмір сүру сапасы мен деңгейі сияқты аспектілер ескерілмесе, ешқандай нормативтік құқықтық актілер экологиялық дағдарысты реттеуге қабілетті емес.

Осы саладағы елеулі кемшіліктерге қарамастан, мемлекеттік экологиялық саясат қоршаған ортаны қорғау саласындағы қазіргі заманғы талаптарға атқарушы деңгейде жауап бермейді, мұны тиімділік деңгейінің төмендігі, көбінесе осы салада жүргізілетін іс-шараларға жол бермеу дәлелдейді.

Экологиялық саясатты дамытудың негізгі бағыттары ҚР Президентінің 2010-2020 жылдарға арналған Жарлығымен мақұлданған Қазақстан Республикасының құқықтық саясат тұжырымдамасымен айқындалды. Құқықтық саясат тұжырымдамасының ережелерін іске асыру, сондай-ақ нарықтық қатынастарды дамыту және оларға сәйкес ұйымдық-шаруашылық құрылымдарды қалыптастыру әлеуметтік саладағы терең өзгерістер, мемлекеттік билік деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату жолымен мемлекеттік басқаруды жетілдіру, сондай-ақ табиғат пайдалануды жаңа жағдайларда дамыту су, жер, орман заңнамасын жетілдіру және оның негізінде су, жер және орман ресурстарын басқару жүйесін уақыт талаптарына бейімдеу қажеттілігін туындатты.

Мемлекеттегі экологиялық және экономикалық өзгерістерге деген көзқарастарды өзгерту, ресурстарды барынша үнемдеуге және оларды пайдалану тиімділігіне бағытталған дамудың экономикалық моделін сандық және сапалық қайта құру қажет-адамзатқа күтілетін позицияны алуға мүмкіндік беретін және оқиғаларды бақылаудың ешқандай құралдарын бермейтін экономикалық теориялардан айырмашылығы, «экологиялық» тұжырымдамалар барлық зияткерлік және ғылыми-техникалық әлеуетті жұмылдыруға мүмкіндік береді. Оқиғаларды дамытудың ықтимал нұсқаларын болжау және алдын-алу үшін; табиғи ресурстардың өсіп келе жатқан ақысының өсуіне негізделген табиғатты пайдалану шегін анықтау қажет; егер экономикалық кіріс шығынға ұшыраса және өндіріс өндіргеннен гөрі көп құндылықтарды жойып, жойса, экономикалық прогресті прогресс деп санауға болмайтынын түсіну; экономикалық пайданы есептеу кезінде табиғи ресурстардың құндылығын ескеру, мысалы, ЖІӨ міндетті түрде осы параметрді қамтуы керек; экологиялық әсер беретін экономикалық шараларға басымдық беру; ресурстарды тиімді үнемдеуге мүмкіндік беретін экономиканы экологиялық теңгерімделген құрылымдық-технологиялық қайта құру болып есептеледі [9].

Осы бағытта елеімізде жаңа Экологиялық Кодекс қабылданды, осы Кодексте экологиялық қауіпсіздік деңгейі озық технологияларға бағдарланған халықаралық стандарттарға сәйкес келтірілген. Осы Кодекстің қабылдануына байланысты «қоршаған ортаны қорғау туралы», «атмосфералық ауаны қорғау туралы», «экологиялық сараптама туралы» заңдар және бірқатар заңға тәуелді актілер күшін жойды [10].

**Қорытындылай** келе, халықаралық ынтымақтастық саласындағы экологиялық саясатты іске асыру бұрын қабылданған халықаралық конвенциялар мен келісімдерге қосылу, өңір ауқымында немесе кейіннен ұлттық деңгейде заңнамалық шаралар қабылдай отырып, екіжақты деңгейде жаңа халықаралық шарттар жасасу түрінде жүзеге асырылады. Қазақстанның халықаралық экологиялық конвенциялар бойынша жұмысқа қатысуы елдің экологиялық қызметтің жалпы әлемдік процесіне қосылуына ықпал етеді.

Қазақстан климаттың өзгеруі, шөлейттенуге қарсы күрес және биоалуантүрлілікті сақтау жөніндегі аса маңызды халықаралық конвенцияларға қосылды, Еуропалық экономикалық комиссияның (ЕЭК), БҰҰ-ның Орхус және трансшекаралық конвенцияларын, Киото хаттамасын ратификациялады, БҰҰ-ның Тұрақты даму комиссиясының мүшесі болды. Бұл құжаттар еліміздің экологиялық саясатының әлемнің үздік бағдарламаларымен сабақтас екендігінің айқын дәлелі болып есептеледі.

Жаһандану дәуірінде экологиялық қауіпсіздік бірінші кезектегі мәнге ие болады, өйткені табиғи ресурстарды шексіз тұтыну апатқа әкелуі мүмкін, нәтижесінде әр мемлекет экологиялық қатынастарды реттеуге және өзінің экологиялық саясатын жасауға өз тәсілдерін дамытады. Қазақстан өзінің тәуелсіздік жылдарында Қазақстандағы экологиялық саясатты дамытудың бірнеше кезеңінен өтті, ол кезеңдер елімізге тұрақты даму мүмкіндігіне қол жеткізді.

Еліміздің болашағы үшін күрделі жағдайларда қабылданған қазір іске қосылған, қолдау тапқан бұл құжаттарда қоршаған ортаны қорғаудың және мемлекет пен құқықтың экологиялық қауіпсіздігінің негізгі тұжырымдамалық ережелері мен принциптерін қамтитын қоғам мен табиғаттың өзара іс-қимылының саяси тұжырымдамасы анықталған.

Қорытындылай отыра айтпағымыз, Қазақстан Республикасы табиғатқа және табиғи ресурстарға зиянды әсерін азайту және халықтың әл-ауқатын жақсарту мақсатында адам қызметін басқаруға бағытталған өзінің экологиялық саясаты мен экологиялық нормативтік-құқықтық базасы бар. Сондай-ақ, Қазақстан экологиялық салада бірқатар халықаралық міндеттемелерге ие (бұл Киото хаттамасы, Париж келісімі және басқа да халықаралық келісімдер аясында Қазақстанның нәтижелерін дәлелдейді). Сонымен қатар, қазақстандық тараптың экологиялық қауіпсіздік стратегиясы аясында тұрақты дамуға көшу жоспары бар. Осының бәрінен Қазақстанның экологиялық саясатты дамытудың стратегиялық көзқарасы бар және жаһандық экологиялық тенденциялар мен проблемаларды мұқият қадағалап отырғанын көре аламыз.



*Пайдаланылган әдебиеттер тізімі:*

<https://doi.org/10.51889/2021-1.1728-8940.08>

A.Mukazhanova<sup>1</sup>, R. Japparova<sup>2</sup>, G.Yakiyayeva<sup>2</sup>

<sup>1</sup> Abai Kazakh National Pedagogical University  
Kazakhstan

<sup>2</sup> Khoja Akhmed Yassawi International Kazakh-Turkish University  
Kazakhstan

## MODERN FORMATION OF PATRIOTIC EDUCATION OF YOUTH IN MODERN CONDITIONS

### Abstract

The article considers the idea of patriotism, which at all times occupied a special place not only in the spiritual life of society, but also in all the most important spheres of its activity – in ideology, politics, culture, economics, ecology, etc. Patriotism is an integral part of the national idea of Kazakhstan, an integral component of national science and culture, developed over the centuries. It has always been regarded as a source of courage, heroism and strength of the Kazakh people, as a necessary condition for the greatness and power of our state.

**Key words:** patriotism, patriotic education, patriotic dignity.

Мукажанова А.Ж.<sup>1</sup>, Джаппарова Р.Т.<sup>2</sup>, Якияева Г.Ш.<sup>2</sup>

<sup>1</sup> Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті  
Қазақстан Республикасы

<sup>2</sup> Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті  
Қазақстан Республикасы

## ЖАСТАРҒА ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДІ ДАМУ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙДА ҚАЛЫПТАСУЫ

*Аңдатпа*

Мақалада қоғамның рухани өмірінде ғана емес, сонымен қатар оның барлық салаларында - идеологияда, саясатта, мәдениетте, экономикада, экологияда және т.б. ерекше орын алған патриотизм идеясы қарастырылады. Патриотизм – бұл Қазақстанның ұлттық идеясының, ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық ғылым мен мәдениеттің ажырамас бөлігі. Ол әрқашан қазақ халқының ерлігі, батырлығы мен күшінің қайнар көзі, мемлекетіміздің ұлылығы мен құдіретінің қажетті шарты ретінде бағаланған.

**Түйін сөздер:** патриотизм, патриоттық тәрбие, патриоттық сана.

Мукажанова А.Ж.<sup>1</sup>, Джаппарова Р.Т.<sup>2</sup>, Якияева Г.Ш.<sup>2</sup>

<sup>1</sup> Казахский национальный педагогический университет имени Абая  
Казахстан

<sup>2</sup> Международный казахско-турецкий университет имени Х.А.Ясауи  
Казахстан

## СОВРЕМЕННОЕ СТАНОВЛЕНИЕ ПАТРИОТИЧЕСКОГО ВОСПИТАНИЯ МОЛОДЕЖИ В СОВРЕМЕННЫХ УСЛОВИЯХ

*Аннотация*

В статье рассматривается идея патриотизма, которая во все времена занимала особое место не только в духовной жизни общества, но и во всех важнейших сферах его деятельности – в идеологии, политике, культуре, экономике, экологии и т.д. Патриотизм – составная часть национальной идеи Казахстана, неотъемлемый компонент отечественной науки и культуры, выработанный веками. Он всегда расценивался как источник мужества, героизма и силы казахстанского народа, как необходимое условие величия и могущества нашего государства.

**Ключевые слова:** патриотизм, патриотическое воспитание, патриотическое сознание.

### Introduction

Kazakhstan as a multinational state in modern conditions is faced with the task of developing such a content of patriotism, which will most contribute to the education of Kazakhstani patriots of the 21st century, and not repeat the limited versions of patriotism of the past centuries. The idea of patriotism in the context of the country's renewal should reach a qualitatively new level of interpretation and understanding. Kazakhstani patriotism should express the interests of the state and citizens of Kazakhstan, be at the level of the national idea and occupy a dominant position in relation to any private patriotism. The role and significance of patriotism grows at sharp turns in history, when objective trends in the development of society are accompanied by an increase in the tension of its citizens (wars, invasions, social conflicts, revolutionary shocks, exacerbation of crisis phenomena, the struggle for power, natural disasters, etc.). Manifestations of patriotism in such periods are marked by high noble impulses, special sacrifice in the name of their people, their

Motherland, which makes us talk about patriotism as a complicated and, of course, extraordinary phenomenon.

The position of patriotism is the desire of a person to participate in the modernization of the country, to a sharp increase in the efficiency of the economy, to a volitional concentration of all social forces for a breakthrough, to a way out of lingering apathy and indifference to his own present and future.

### **Results and discussion**

The format of patriotism is the ethnocultural, geopolitical, economic space of Kazakhstan, its powerful development potential. Patriotism in modern Kazakhstan presupposes a corresponding active socio-cultural and other human activity in a team. Patriotism, as a fundamental, social, cultural, subjective correlation of the interests of an individual, collective, society and state to the conditions of its existence, presupposes a high mutual responsibility for stability and security.

In these conditions, a specific person wants his own well-being through being in demand in society, the team strives for stability in a professional and productive space, society is interested in the health and social success of the population, the state is interested in a consolidated competitive society, integrity and national security. Ensuring such unity and harmony is the main condition for the formation of a new basis for the patriotism of the people's life, which implies the gradual and natural inclusion of the whole people in the implementation of reforms, the mobilization of the social potential of the population on the basis of the unity of personal, collective, social and state interests. "The new Kazakhstani patriotism is that should unite the whole society, beyond ethnic differences. New Kazakhstani patriotism is the basis for the success of our multinational and multi-confessional society". [1]

130 ethnic groups live in Kazakhstan and their unification is possible not only under one flag, within one border, but also under one idea. The name of this idea is Kazakhstani patriotism. In the country's development strategy "Kazakhstan-2030", the President of the Republic identified long-term priorities for the country's development: national security, sovereignty and independence through the development of a sense of patriotism and love for their country in all citizens. The Strategy "Kazakhstan-2050" defines the principles of new Kazakhstani patriotism, which is designated as an important condition for the country's entry into the number of 30 developed countries of the world. The foundation of the new Kazakhstani patriotism is the equality of all citizens and their shared responsibility for the successful development of Kazakhstan.

Our state, headed by the Leader of the Nation – N.A. Nazarbayev, does everything to improve the living and working conditions of Kazakhstanis, creates opportunities for creative growth. A striking example of this is the message of the President of the Republic of Kazakhstan N.A. Nazarbayev to the people of Kazakhstan, the strategy "Kazakhstan-2050". The message defines the main goals and objectives of the country's development: "Our main goal is to create a welfare society by 2050 based on a strong state, a developed economy and the possibilities of universal labor" [2]. The united, close-knit and friendly people of Kazakhstan, who love their Motherland, continue to increase its wealth by their labor. This is a manifestation of Kazakhstani patriotism in practice.

Patriotic education of youth should be based, on the one hand, on the basis of strengthening democratic values in the mass consciousness, and on the other, on the basis of specific historical traditions of patriotism in Kazakhstan (spirituality, dedication, readiness for self-sacrifice, openness to representatives of all ethnic and religious groups). The history of Kazakhstan is an inextricable interweaving of tragic and heroic principles and not only cannot be forgotten, but should serve as the main starting point and the most important source of information and inspiration in the activities of all subjects of patriotic education. A special role should belong to educational institutions (teaching history, literature based on the use of heroic images), as well as artists and the media, who must realize their responsibility for the patriotic education of the younger generation [3].

The main manifestations of patriotism are pride in the achievement of their country, respect for the history of their people and respect for the people's memory, national values and cultural traditions. The moral and ethical significance of patriotism is expressed in the fact that it is one of



the most important forms of combining and complementing personal and public interests, the unity of man and the homeland.

There is a search for new approaches to the system of patriotic education, taking into account the modern conditions of our society, when our youth is passionate about the Western way of life, skeptical about the national culture, the traditions of their people. In such a dangerous situation, it is necessary to gradually form a new, Kazakhstani patriotism, in which the traditions of the heroic past and today's realities of life should be harmoniously combined. This basis can be considered a formula for the rallying of all nations at the beginning of the third millennium: "The glory of the past - the will of the present - confidence in the future" [3, p. 737-741].

This is a high level of awareness of the younger generation; young people, being guided by the experience of previous generations, are not ready to accept any ideals on faith. Therefore, it is important that the formation of a sense of patriotism occurs from within, becomes an inner conviction of a person, and the task of a teacher is to develop students' cognitive skills, teach independently, construct their knowledge, navigate the information space, develop critical thinking. However, patriotic ideas themselves become genuine in the event that, if they are associated with a sense of respect for other peoples, manifestations of international culture.

The patriotic component should be inherent in the moral education of young people, which is understood as the instilling of a regulating function of behavior in a person. The patriotic aspect of behavior in modern conditions is a factor in the prevention of antisocial phenomena in the youth environment, an element of the education of the necessary traits and qualities of civic education of the individual [4].

The modern stage of the formation of Kazakhstan's statehood highlights the need to raise the entire system of spiritual, value and patriotic education to a new level. The main task of this activity is the formation of a personality capable of perceiving the highest social values, unselfish manifestation of love for their native country. The most important conditions for the formation of patriotism are: patriotic consciousness, psychological and volitional readiness of a person for patriotic behavior. At the same time, as many studies have shown, the patriotic mood of modern youth is quite low, but it is quite explainable by the state in which the modern Kazakhstan society is.

Based on the study of the patriotic upbringing of the personality, the following indicators of the patriotic orientation of the personality and the specific conditions for their manifestation can be determined: motivational characteristics of the activity, ideological readiness, communicative and active orientation, moral and ethical stability, evaluative and critical attitude towards oneself and the people around. Each of the above indicators expresses the level of patriotic upbringing of an individual and is a model, when compared with which it is possible to establish the degree of their conformity, approaching the ideal.

The upbringing of patriotism among young people is associated with the upbringing of respect for ancestors; love for their people and homeland. At the same time, self-patriotic education is directly related to the education of a culture of interethnic relations and ethnic tolerance. Forecasting the sustainable development of society and its socio-political stability is impossible without the implementation of knowledge of the whole spectrum of socio-political sciences.

### **Conclusion**

The modern stage of the formation of Kazakhstani society highlights the need to raise the entire system of patriotic education to a new level. The main task of this activity is the formation of a personality capable of perceiving the highest social values, disinterested manifestation of love for their Fatherland. The most important conditions for the formation of patriotism are: patriotic consciousness, psychological and volitional readiness of a person for patriotic behavior.

Patriotism in Kazakhstan has become a state ideology, one of the main resources for consolidating society. In the public consciousness, patriotism is the most important condition for the preservation and development of our Motherland, an integral historical and social and moral value of the Kazakh people, a system-forming element of the national idea.

In patriotic education as in the direction of state policy, it was possible to transfer the solution to the problem on a systemic basis. One of the most important tasks set in state programs - the creation and functioning of the state system of patriotic education in the country - has been solved to a certain extent. Under the formation of a system of patriotic education, it is legitimate to understand the procedure of its dynamic improvement, qualitative transformations into the integrity and completeness of interrelationships between its structural components, which is externally manifested in an increase in the level of patriotic consciousness and vigorous activity of people.

At the republican and regional levels, the main subjects of patriotic education and their relationship in the management vertical have been identified, the regulatory and financial base of their activities is being strengthened. Patriotic education should become one of the most important directions of state policy, the daily activities of most government bodies, government bodies of the subjects of the Republic, leading public organizations.

The system of patriotic education of young people should provide for the formation and development of socially significant values, citizenship and patriotism in the process of education and training in educational institutions of all types and types; mass patriotic work organized and carried out by state structures by local self-government bodies, social movements and organizations; activities of the media, scientific and other organizations aimed at considering and covering the problems of patriotic education, at the formation and development of the personality of a citizen of Kazakhstan.

*References:*

1. Nazarbayev N.A. *Social modernization of Kazakhstan: Twenty steps to the Society of Universal Labor [Electronic resource]/ N.A. Nazarbayev// Official site of the President of the Republic of Kazakhstan. - Access mode: [www.akorda.kz](http://www.akorda.kz).*

2. *Strategy "Kazakhstan-2050". The new political course of the established state. Message of the President of the Republic of Kazakhstan - Leadership N.A. Nazarbayev to the People of Kazakhstan/ [http://www.akorda.kz/ru/events/astana\\_kazakhstan/participation\\_in\\_events/poslanie-prezidenta-respubliki-kazahstan-lidera-nacii-nursultana-nazarbaeva-narodu-kazahstana-strategiya-kazahstan-2050-novyi-politicheskii](http://www.akorda.kz/ru/events/astana_kazakhstan/participation_in_events/poslanie-prezidenta-respubliki-kazahstan-lidera-nacii-nursultana-nazarbaeva-narodu-kazahstana-strategiya-kazahstan-2050-novyi-politicheskii)*

3. Salikov Zh.K., Muskunov K.S., Sabanbayev N.I. *The role of civil-patriotic education in the system of higher education of the Republic of Kazakhstan// Modern science-intensive technologies. - 2015. - No. 12-4. p. 737-741.*

4. *Speech by the President of Kazakhstan N.A. Nazarbayev at the opening ceremony of the Year of Youth. January 23, 2019/ [http://www.akorda.kz/ru/speeches/internal\\_political\\_affairs/in\\_speeches\\_and\\_addresses/vystuplenie-prezidenta-kazahstana-na-nazarbaeva-na-torzhestvennoi-ceremonii-otkryodei-goda-mol](http://www.akorda.kz/ru/speeches/internal_political_affairs/in_speeches_and_addresses/vystuplenie-prezidenta-kazahstana-na-nazarbaeva-na-torzhestvennoi-ceremonii-otkryodei-goda-mol)*

5. *Youth policy/ <https://qogam.gov.kz/ru/content/molodezhnaya-politika>*

*А.Б.Сарсенова*

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті  
Қазақстан*

**ЖАСТАР ЕҢБЕК НАРЫҒЫ МЕН РЕСУРСТАРЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ  
ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ:  
АЙМАҚТЫҚ АСПЕКТ**

*Аңдатпа*

Мақалада жастардың еңбек стратегияларын таңдауды анықтайтын басты факторы ретінде еңбек нарығының әлеуметтік және экономикалық жағдайына талдау жасалынады. Қазіргі жастар еңбек стратегияларын қалыптастыруда және кәсіби карьераларын құруда еңбек нарығының құрылымын ескеру қажет. Еңбек нарығының құрылымы әдетте нақты бір мамандықтардың қажеттілігіне, урбанизация деңгейіне, аймақтардың экономикалық даму ерекшеліктеріне, сонымен бірге жалпы ел экономикасының дамуына байланысты. Сол себепті еліміздің еңбек нарығының құрылымын әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан жан-жақты қарастыру аса маңызды.

Аймақтық еңбек нарығын жүйелі зерттеу аймақтардың ең алдымен, өндірістік күштерді үйлестіру бойынша тиімді шешімдер қабылдауға, инвестициялық рейтингілерін құруға, баяу дамытын аймақтарда жаңа жұмыс орындарын ашу, жергілікті инфрақұрылымды дамытуға және т.б. мүмкіндік береді.

**Түйін сөздер:** еңбек нарығы, жастар, аймақ, аймақтық еңбек нарығы.

*A.Sarsenova*

*Al-Farabi Kazakh National University  
Kazakhstan*

**SOCIO-ECONOMIC FEATURES OF THE YOUTH  
LABOR AND RESOURCE MARKET:  
REGIONAL ASPECT**

*Abstract*

The article analyzes the social and economic state of the labor market as the main factor determining the choice of labor strategies by young people. When forming labor strategies and building a professional career of modern youth, it is necessary to take into account the structure of the labor market. The structure of the labour market generally depends on the needs of specific occupations, level of urbanization, characteristics of regional economic development, and the development of the economy as a whole. Therefore, it is extremely important to comprehensively consider the structure of the country's labor market from a socio-economic point of view.

A systematic study of the regional labor market allows regions to make effective decisions, first of all, on the coordination of productive forces, make investment ratings of regions, create new jobs in slowly developing regions, develop local infrastructure, etc.

**Key words:** labor market, youth, region, regional labor market.

А.Б.Сарсенова

Казахский национальный университет имени аль-Фараби  
Казахстан

## СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ МОЛОДЕЖНОГО РЫНКА ТРУДА И РЕСУРСОВ: РЕГИОНАЛЬНЫЙ АСПЕКТ

### Аннотация

В статье анализируется социальное и экономическое состояние рынка труда как главный фактор, определяющий выбор молодежью трудовых стратегий. При формировании трудовых стратегий и построении профессиональной карьеры современной молодежи необходимо учитывать структуру рынка труда. Структура рынка труда обычно зависит от потребностей конкретных профессий, уровня урбанизации, особенностей экономического развития регионов, а также развития экономики страны в целом. Поэтому крайне важно всесторонне рассмотреть структуру рынка труда страны с социально-экономической точки зрения.

Системное исследование регионального рынка труда позволяет регионам принимать эффективные решения, прежде всего, по координации производительных сил, составлять инвестиционные рейтинги регионов, создавать новые рабочие места в медленно развивающихся регионах, развивать местную инфраструктуру и т.д.

**Ключевые слова:** рынок труда, молодежь, регион, региональный рынок труда.

### Кіріспе

Демографиялық жағдай, жас-құрылымдық сипаты, өндірістік қарым-қатынас, түрлі топтағы халықтың экономикалық белсенділігі және тағы басқа жағдайлардың әсерімен аймақтық еңбек нарығының ерекшеліктері қалыптасады. Сол себепті, еңбек нарығының динамикасын талдай келе, оларды аймақтың әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерімен байланыстыру қажет.

Зерттеудің нысаны: аймақтық еңбек нарығы.

Зерттеудің пәні: аймақтық жастар еңбек нарығының әлеуметтік-экономикалық ерекшелігі.

Мақсаты: Өңірлік еңбек нарығында жұмыс күшіне сұраныс пен ұсыныстың теңгерімсіздігін тудыратын негізгі факторлар бар. Аймақтық еңбек нарығының дамуына кәсіби білім беру саласындағы өзгерістерде және демографиялық процестерде айтарлықтай әсер етеді. Аймақтық еңбек нарығының жағдайын сипаттау үшін елдің еңбек күші ретінде жастардың аймақтық еңбек нарығының ерекшеліктерін талдау қажет.

Аймақтық экономика дамуының басты құрамы – өңірде әлеуметтік тұрақтылық пен экономиканың бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ететін еңбек нарығының тұрақтылығы болып табылады. Осыларды талдамас бұрын, ең алдымен аймақ ұғымының мәнін қарастырайық.

Аймақ – ол табиғи-тарихи кеңістік және сол кеңістікте өмір сүріп жатқан адамдардың әлеуметтік және қоғамдық қызметтерінің жүзеге асуы. Аймақ ұғымына С. Ожеговтің сөздігінде келесідей анықтама беріледі: «Аймақ – қандай да бір ортақ белгілері бойынша біріктірілген үлкен облыс, көршілес елдер мен аумақтар, аудандар» [1]. Ал, әлеуметтік-экономикалық сөздікте «аймақ – үлкен жеке аумақтық бірлік (мысалы, экономикалық, саяси, табиғи және т.б.)» [2], үлкен қазіргі заманғы орыс тілінің сөздігінде «аймақ – қандай да бір жағдайлары және қасиеттерімен ерекшеленетін елдің бір бөлігі» [3] деп белгіленген. Жоғарыда аталған сөздіктердегі тұжырымдамаларға сәйкес, аймақтар әлеуметтік-экономикалық, индустриалдық-өндірістік, динамикалық қасиеттерімен ерекшеленетін және

солардың негізінде жеке-жеке өз алдына аумақтық бірлік құра алатын елдің дара бөліктері ретінде қарастыруға болады. Аймақтық бірліктердің сипаттамасына тоқталайық.

### **Нәтижелерді талдау**

Алматы қаласы еліміздің білім, мәдени, қаржы және іскер орталығы болғандықтан жастар еңбек нарығын талдауға келетін қала. Статистикалық деректерге сәйкес, Алматы қаласы елімізде тіркелген ЖОО саны бойынша алдыңғы орын алады: 2019-2020 оқу жылында – республикада 125 жоғары оқу орны тіркелген, оның 41-і Алматы қ. орналасқан. Ресми деректерге сүйенсек, 2019-2020 жылы республика бойынша жоғары оқу орындарда білім алып жатқан 604 345 мың студенттер тіркелген, олардың 162 680 мың Алматы қаласында білім алып жатқандар. Осы тұрғыдан алғанда Алматы мегаполисі – елдің көп аймақтарын әр түрлі саладағы мамандармен қамтамасыз ететін аймақ деп айтуға болады.

Аймақтық еңбек нарығы аумақ ішілік әлеуметтік-экономикалық аудандар негізінде қалыптасады. Бұндай аудандардың маңызды орталығы есебінде өндіріс орындары мен халықтың едәуір бөлігі шоғырланған облыс аймақтарының ірі қалалары орын алады. Осындай қалалар, әдетте жұмыс орындарына тек жергілікті еңбек ресурстарын емес, сонымен қатар әсіресе жол магистральдар бойында орналасқан көрші аудандар тұрғындарын да жұмылдырады.


Еліміздің өңірлерінің әлеуметтік-экономикалық жағдайын қарастырмас бұрын, аймақтың еңбек нарығы ұғымына тоқталайық. «Аймақтық еңбек нарығы» ұғымы көптеген әлеуметтік-экономикалық, ғылыми және құқықтық сипаттағы құжаттарда кездесіп жатқанымен нақты бір анықтамасы жоқ.

Социологиялық тұрғыда халықтың әл-ауқаты мен өмірін аймақтық талдау оның әлеуметтік құрылымы, қоғамның аймақтық ұйымдастырылуы әлеуметтану ғылымына сүйенуді талап етеді. Кез-келген аймақ – ол қандай да бір ерекшелігімен айрықшаланатын аумақ. Әлемдік аймақтар сияқты ішкі аймақтарда да қандай жағынан болмасын дамуында теңсіздік болуы мүмкін. Әдетте мұндай теңсіздік, түрлі факторлармен түсіндіріледі: ең алдымен демографиялық, әлеуметтік-экономикалық, экологиялық, геосаяси, табиғи-климаттық және т.б. Мысалы, еліміздің батыс аймағы адамдардың өмір сүруі үшін қолайсыз табиғи-климаттық жағдайлар тән. Бірақ, табиғи-климаттық жағдайларға қарамастан, басқа аймақтармен салыстырғанда экономикалық жағдайы әлдеқайда жоғары (мұнай-газ қорларының ірі кен орындары шоғырланған).

Аймақтық еңбек нарығына жоғарыда көрсеткендей, әлеуметтік-демографиялық факторлар да әсер етеді. Ресми мәліметтерге сүйенсек, біздің елдің біршама аймақтарында соңғы он жылдықта еңбекке қабілетті тұрғындар саны азайғаны байқалды. Алайда, мемлекетте жүргізіліп жатқан тиімді демографиялық саясатының нәтижесінде, қазіргі таңда аймақтар мен жалпы елімізде жұмыс күшінің жетіспеу мәселесі шешіліп келеді деп тұжырымдауға болады.


Еліміздің аймақтық еңбек нарығының құрылымын талдайық. Ол үшін ең алдымен аймақтық еңбек нарығына әсер ететін демографиялық факторларды қарастырайық. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің мәліметі бойынша ҚР-ң жалпы халық саны немесе демографиялық құрамы әр аймақта әр келкі болып келеді. Мысалы 2020 жылғы деректерге сәйкес аймақтар бойынша халық тығыз қоныстанған аймақтар: Алматы облысы – 2 055 724, Түркістан облысы – 2 016 037, Алматы қаласы – 1 916 822, Шығыс Қазақстан облысы – 1 369 597, Қарағанды облысы – 1 376 882. Аталған аймақтарда еліміздің халқының шамамен 50% жалпы жиынтық саны мекен еткен. Халық санын болжау кез-келген ел үшін өте маңызды. Елді еңбек күшімен қамтамасыз ету сияқты әлеуметтік-экономикалық процесті халық санының болжамын білу арқылы басқаруға болады.

Аймақтық еңбек нарығының жағдайын сипаттайтын басты көрсеткіштердің бірі жұмысбастылық пен жұмыссыздық болып табылады. 2017-2020 жылдар аралығындағы осы көрсеткіштердің аймақтар бойынша айырмашылығы мен ұқсастығы 1-ші және 2-ші суреттерде келтірілген.



Сурет 1 – ҚР аймақтар бойынша жұмысбасты халық саны (мың адам)

1-ші суреттен байқап отырғанымыздай, жұмыспен қамтылған халық санының жоғары үлесі Алматы облысы, Алматы қаласы, одан әрі Түркістан, Шығыс Қазақстан, Қарағанды облыстарына тиесілі. Еліміздің халық саны бойынша осы аймақтар тығыз орналасқан аймақтардың бірі болғандықтан, сәйкесінше жұмыспен Еңбек нарығының сипаттайтын тағы бір көрсеткіш, яғни еліміз бойынша 2017-2020 жылдардағы жұмыссыз халық санының үрдісі 2-ші суретте көрсетілген.




Сурет 2 – ҚР аймақтары бойынша жұмыссыз халық саны (мың адам)

2-ші суретке сәйкес, жұмысбасты және жұмыссыз халық саны бойынша да 1-ші кестеде келтірілген аймақтар (Оңтүстік, кейіннен Түркістан, Алматы, Шығыс Қазақстан, Қарағанды облыстары мен Алматы қ.) алдыңғы қатарда. Бірақ, Оңтүстік Қазақстан, Ақмола, Алматы, Жамбыл, Солтүстік Қазақстан облыстарында жұмыссыздық көрсеткіші жыл сайын тұрақты төмендеп келе жатса, ал Алматы мен Нұр-Сұлтан қалаларында бұл көрсеткіш керісінше жыл сайын өсіп келе жатқанын байқап отырмыз. Біздің пікірімізше, бұл еліміздің әр өңірінен барлық санаттағы адамдардың, соның ішінде әсіресе жастардың Алматы қ. мен Нұр-Сұлтан қаласына жұмысқа орналасу, табыс табу, білім алу мақсатында уақытша немесе тұрақты қоныс аударуға, сонымен бірге көп жағдайда жұмысқа орналасуда қиындықтардың кездесуі нәтижесінде жұмыссыз адамдардың да қатарын толтырып отыр.

Жастар – еліміздің дені сау бөлігі, қоғамның өмірлік күші, үлкен интеллектуалды әлеуеттің тасымалдаушысы және ерекше әлеуметтік-демографиялық топ ретінде қазіргі жағдайда елдің еңбек ресурстарын толықтырудың негізгі көзі болып табылады. Жастардың еңбек әлеуетін тиімді пайдалану экономиканы кадрлармен қамтамасыз ету мақсатында әсіресе өзекті. Азаматтардың бұл санаты мемлекет тарапынан көбірек назар аударуды қажет етеді, өйткені жастарға бірқатар объективті себептерге байланысты алған мамандығы бойынша өз бетінше жұмыс табу қиынға соғып отыр. Осы мәселені қарастырмас бұрын, ең алдымен еліміз бойынша жастар құрамын талдайық.


Соңғы ресми мәліметтерге сүйенсек, республика бойынша 14-28 жас аралағындағы жастар жалпы халық санына шаққанда 2020 жылдың басына сәйкес 20,2 %-ы (3 765383 мың адам) құрады. Аймақтар бойынша 14-28 жастағы жастар санының құрамын 3-ші суретте келтірілген.



Сурет 3 – Аймақтар бойынша 14-28 жастағы жастар саны, мың адам

Соңғы ресми мәліметтер бойынша (2020 жыл), жастар саны бойынша көп шоғырланған аймақтар қатарында бірінші Түркістан облысы (465699 мың), екінші орында Алматы қаласы (393845 мың) үшінші орында Алматы облысы (392855 мың) тұр (3-ші сурет). Жастар санының Түркістан мен Алматы облыстарында жоғары болуы бұл аймақтар еліміз бойынша халық санының тығыз орналасқан аймақтарының бірі. Соған сәйкес, шоғырланған жастар саны да көп болады. Алматы қ. бәрімізге белгілі ірі мегаполис және білім орталығы болғандықтан, жоғары білім алу мен тұрақты жұмысқа орналасу мақсатында жастар жоғары қоныстанған аймақ. Бүгінгі күні жастардың өзекті мәселелердің бірі – олардың жұмысқа орналасу мәселесі.

4-ші суретте аймақтар бойынша 15- 28 жас аралығындағы жастардың жұмыспен қамтуы келтірілген.




Сурет 4 – Аймақтар бойынша жұмыспен қамтылған жастар саны, мың адам

Келтірілген аймақтар бойынша 2018 жылға дейін жұмысбасты жастар санының жоғары көрсеткіші Оңтүстік облысында одан кейін Түркістан облысында, Алматы және Қарағанды облыстары мен Алматы қаласында тіркелген. 2017 жылы Алматы қаласында жұмыспен қамтылған жастар саны жоғары көрсеткішке жетіп (250 000), 2020 жылы қайта жаймен төмендегенін байқадық. Жамбыл, Қарағанды, Павлодар облыстары еліміздің өндірістік аймақтары болғанымен, қарастырып отырған жылдар арасында жұмыспен қамтылған жастар санының төмен көрсеткішін байқадық.

Сапалы жоғары кәсіби білім – жастардың тиімді жұмысқа орналасуына әсер ететін маңызды факторлардың бірі. Ұлттық білім беру жүйесінде қоғамның инновациялық потенциалын арттыратын фактор ретінде жоғары білім берудің орны зор. «Білім – ол күш» атты Ф. Бэконның тұжырымы бүгінгі күні жаһандық әлеуметтік-экономикалық ұғымға айналды. Себебі, бүгінгі күні қоғамның күшін елдің табиғи байлықтары емес, ал ұлт интеллектін анықтайтын ол – білім, соның ішінде жоғары оқу орны болып табылады. Танымал әлеуметтанушы Т. Парсонс университеттердің бірнеше қызметтерін бөліп көрсетті: әлеуметтену, яғни оқу нәтижесінде адам өзіне керекті кәсіби құндылықтарды меңгеруі; кәсіби мамандарды үздіксіз дайындау; кәсіби білім беруді арттыру; кәсіби қызмет көрсету нарығын дипломдар арқылы реттеу [4]. Жоғары оқу орындар жүйесі – жоғары білікті мамандарды даярлайтын және еліміздің интеллектуалды потенциалын дамытатын орта. Еңбек нарығын жоғары кәсіби кадрлармен қамтамасыз ететін негіз ретінде білім беру жүйесінің қажеттілігі көптеген отандық және шетелдік әдебиеттерде кездеседі. Мысалы, В.Арчер мен Дж.Дэвисон жастардың жұмысқа орналасуында жоғары білім беру жүйесінің маңыздылығын көрсетіп, ЖОО түлектерді «еңбек нарығына дайын болатындай» интеллектуалды қабілеттер мен қолданбалы практикалық білімдермен қамтамасыз етуі қажет деп пайымдайды [5]. Ал, отандық зерттеушілер З.Х.Валитова мен А.Б.Есимова: «Қазіргі заманда білім беру процесінің мазмұны мен менеджментіне талаптар өзгеріп, білім берудің маңыздылығы артып келеді. Ал бұл өз кезегінде білім беру нарығында бәсекелестікті тудырды. Мамандарды дайындайтын мекеме ретінде жоғары оқу орындардың жауапкершілігі өсті» деп тұжырымдайды [6, 168 б]. М.Садырова қоғамның инновациялық даму негізі білім беру жүйесі екенін көрсетіп, жас мамандардың кәсіби потенциал деңгейін арттыру үшін бірнеше ұсыныстарды ұсынады: жоғары білім беру жүйесінде интеллектуалды әлеуетті зерттеу әдістемесін әзірлеу; Қазақстанның ЖОО түлектерінің кәсіби әлеуетін қалыптастыруда жоғары білім берудің рөлін әлеуметтанулық тұрғыдан талдау; Қазақстан жастарының тиімді жұмыспен қамтуы мен интеллектуалды әлеуетін қалыптастыру негізі ретінде жоғары білім беру институтының рөлін зерттеу; интеллектуалды ұлт қалыптастыруға бағытталған Қазақстан Республикасы білім беру жүйесінің тұжырымдамаларын әзірлеу [7, 370 б].

2019-2020 оқу жылында ресми деректерге сүйенсек, республика бойынша 125 жоғары оқу орны тіркелген. Оның ішінде 41 – Алматы қ., 15 – Нұр-Сұлтан қаласында, 10 – Шымкент қаласында, 9 – Қарағанды облысында орналасқан. Ал, 127 жоғары оқу орны 2015-2016 оқу жылында жұмыс істеген. Басқа аймақтармен салыстырғанда осы төрт аймақтарда жоғары оқу орындар саны жоғары. Біздің ойымызша, Қарағанды облысы және Түркістан қаласында жоғары оқу орны санының көп болуы басқа аймақтарға қарағанда жастар санының көп болуымен байланысты. Ал, Алматы қаласында бәрімізге мәлім, еліміздің ең ірі және жастар қаласы болуымен сипатталады. Қай аймақта жоғары оқу орны саны көп болса, соған байланысты білім беру мекемелерінде оқитын студенттер саны да көп болады. 5-ші суретте аймақтар бойынша ЖОО-да білім алған студенттер санын қарастырайық.





Сурет 5 – Аймақтар бойынша жоғары оқу орындарда оқитын студенттер саны (мың адам)

5-ші диаграммаға сәйкес, жоғары оқу орындарда оқитын студенттер саны бойынша Алматы қаласынан кейінгі орында Шымкент қаласы тұр. Бұл әрине, жоғарыда қарастырып өткеніміздей екі қалада да жастардың көп шоғырлануымен түсіндіреміз. Білім алып жатқан студенттер санының жоғары көрсеткіші бойынша 2019-2020 оқу жылына сәйкес, екінші және үшінші орындарда Нұр-Сұлтан қаласы (59 297), одан кейін Қарағанды облысы (43 462) тіркелген. 5-ші кесте бойынша, 2016-2017 оқу жылында Маңғыстау облысында 5 081 студент білім алса, 2019-2020 оқу оқы жылында бұл көрсеткіш екі есеге (10 036) артқанын байқадық.

Білікті жастар – ол кадрлық әлеует, кез-келген аймақтың, елдің тиімді әлеуметтік-экономикалық дамуының негізі. Білімге деген сұраныс тек болашақта жұмысқа орналасу мүмкіндігін арттырумен қатар әлеуметтік игілік ретінде де қарастырылады. Яғни, білім жалпы адамның тағдырына, оның құндылықтары, дүниетанымы, мақсаттары және т.б. анықталады. Осы ойға сәйкес, балаларына көптеген ата-аналардың жоғары білім алып беруге ұмтылыстары оларға болашақта жақсы ортаны қамтамасыз ету ниеттеріне негізделген. Мысалы, Қазақстанда көп жағдайда ер балалардың жоғары білім алу шешімдері көп жағдайда әскери қызметті өтеумен түсіндірілсе, ал қыз балалар үшін жоғары білім алу болашақта сәтті, ойдағыдай тұрмысқа шығу мүмкіндігі ретінде түсінік қалыптасқан.

Аймақтардың бәсекеге қабілеттілігін жергілікті университет бітірген түлектерді осы аймақта алып қалу қабілетімен емес, сонымен бірге басқа аймақтардан түлектерді тарту қабілеттілігімен де бағалауға болады. Сонымен, кез-келген аймақ жастарды тек жоғары білім берумен және мекемелерімен ғана қамтамасыз етпей, сонымен қатар жоғары оқу орнын аяқтағаннан кейін сол аймақта алып қалу үшін еңбек нарығында тиімді және қолайлы жағдайлармен қамтамасыз етуі қажет. Білім беру секторы мен жергілікті еңбек нарығы жағдайлары арасында алшақтық байқалса, онда сол аймақ жастарының көші-қоны болуы мүмкін. Егер де керісінше, еңбек нарығы мен аймақтық университеттер арасында өзара тығыз байланыс болса, онда жастардың басқа аймаққа кету процесінде динамикалық тепе-теңдік болуы мүмкін.

Жас мамандардың еңбек нарығында мобильді болып келуін бірнеше себептер арқылы түсіндіруге болады. Бірінші, *отбасылық мәртебесі*. Басы бос жастар отбасылы немесе некедегі жастарға қарағанда мобильді болып келеді. Дж.Баллуэг мен Л.Ли жоғары оқу орнын жаңа бітіріп жатқан отбасын құрмаған түлектер туған өңірінен, мемлекеттен тыс жерлерде жұмыс істеуге бейім екенін көрсетті [86 р. 94]. Яғни, некеде болған немесе ажырасқандарға қарағанда мүлдем отбасын құрмағандар мобильді болып келеді және тіпті отбасын құрғаннан кейінде көп жағдайда әдетте, қыз балалар күйеулеріне еріп қоныс аударуы мүмкін.

Екінші, *әлеуметтік-экономикалық мәртебе*. Жастардың мобильді болуы әлеуметтік-экономикалық факторларға да байланысты. Отбасы табысының жоғары болуы, әрине

жастардың басқа аймақтарда немесе мемлекетте жоғары білім алу мүмкіндігіне ықпал етеді. Отбасының материалдық, экономикалық жағдайы түлектердің көші-қон немесе мобильділігін болжайтын басты маңызды фактор. [8, р. 94]. Сонымен қатар, жалақы мөлшері де жас мамандардың мобильді болуына әсер етеді.

Үшіншіден, *жұмысбастылық*. Жалақысы жоғары болып келетін жастар жартылай немесе толығымен жұмыссыз жастарға қарағанда, мобильді болып келмейді. Керісінше, жұмыссыз жастар тұрақты және жоғары жалақылы жұмысы бар жастарға қарағанда басқа аймаққа қоныс аударуға дайын. Басқа аймаққа көші еңбек күшінің өзгеру жағдайының нәтижесі емес, тек себептілік болуы мүмкін. Сонымен қатар, шағын қалалардың жастары ірі қалалардың жастарына қарағанда, мобильді. Біздің ойымызша, жастардың қалалық жерге қоныс аударуы, әрине өздерінің материалдық жағдайын көтеру, жұмысқа орналасу себептерімен түсіндіріледі.

### **Қорытынды**

Білікті мамандардың аймақтық еңбек нарығы ерекшеліктерін қарастыру маңызды. Түлектердің жұмысқа орналасуы сонымен қатар, аймақтардың дамуымен де байланысты: аймақ дамыған сайын жұмыс орындары да көп болады, түлектердің жұмысқа орналасу деңгейі де жоғары болады. Бұдан мынадай тұжырымға келеміз түлектердің жұмысқа орналасуына тек меңгерген білім деңгейі ғана әсер етпейді, сонымен қатар аймақтардың әлеуметтік-экономикалық және демографиялық факторлары да әсер етуі мүмкін.

Сонымен, тек еңбек күші ретінде жастарға өндіріс орындардың қажеттілігі туралы емес, сонымен бірге мамандық бойынша ақпаратты жинау аймақтық жұмысбастылықтың жағдайы мен болашағын бағалау үшін қажет. Осылайша, кез-келген аймақтың экономикасын өлшеуге және бағалауға болады. Тек, жүйелі аймақтық зерттеулер негізінде өңірлердің инвестициялық рейтингілерін құру, өндірістік күштерді үйлестіру бойынша тиімді шешімдер қабылдануы мүмкін. Сонымен қатар, депрессивті және дамуы баяу аймақтарда жаңа жұмыс орындарын ашу, жергілікті инфрақұрылымды дамыту және т.б. қажет. Себебі, осылардың барлығы аймақтардағы жүйелі еңбек нарығын қалыптастыруға, экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге септігін тигізуі мүмкін.

### *Список использованной литературы:*

1. *Словарь Ожегова толковый словарь русского языка [Электрон.ресурс] // <http://www.ozhegov.org/words/30436.shtml>*
2. *Социально-экономической словарь библиотекаря [Электрон.ресурс] // [http://enc-dic.com/social\\_econom/Region-973.html](http://enc-dic.com/social_econom/Region-973.html)*
3. *Большой современный толковый словарь русского языка [Электрон.ресурс] // <https://slovar.cc/rus/tolk/100662.html>*
4. *Parsons T., Platt G. The American university. – Cambridge: Harvard Univ. Press, 1973.*
5. *Archer W., Davison J. Graduate employability: What do employers think and want? London, the Council for Industry and Higher Education (CIHE). – 2008// [Электрон.ресурс] <http://aces.shu.ac.uk/employability/resources/0802grademployability.pdf>.*
6. *Валитова З.Х., Есимова А.Б. Проблемы релевантности образовательных стратегии молодежи современному рынку труда // «Стратегия «Казахстан – 2050»: социальное развитие общества»: матер.V Конгресса социологов Казахстана. – Алматы, 2014. - С.167-172.*
7. *Садырова М.С. Трудоустройство выпускников вузов и молодых специалистов как основа инновационного развития казахстанского общества // Политическая наука: особенности и проблемы: матер. междунар. науч.-практ. конф. госв. 75-летию юбилею члена-корреспондента Национальной академии наук Республики Казахстан, д.филос.н., проф. Абсаттарова Р.Б. - Алматы, 2015. – С. 368-371.*
8. *Ballweg J., L. Li. Employment Migration among Graduates of Southern Land Grant Universities // Southern Rural Sociology.- 1992. - №9. – P. 91-102.*

References:

1. Slovar' Ozhegova tolkovyj slovar' russkogo yazyka [Elektron.resurs] // <http://www.ozhegov.org/words/30436.shtml>
2. Social'no-ekonomicheskoy slovar' bibliotekarya [Elektron.resurs] // [http://enc-dic.com/social\\_econom/Region-973.html](http://enc-dic.com/social_econom/Region-973.html)
3. Bol'shoj sovremennyy tolkovyj slovar' russkogo yazyka [Elektron.resurs] // <https://slovar.cc/rus/tolk/100662.html>.
4. Parsons T., Platt G. *The American university*. – Cambridge: Harvard Univ. Press, 1973.
5. Archer W., Davison J. *Graduate employability: What do employers think and want?* London, the Council for Industry and Higher Education (CIHE). – 2008// [Elektron.resurs] <http://aces.shu.ac.uk/employability/resources/0802grademployability.pdf>.
6. Valitova Z.H., Esimova A.B. *Problemy relevantnosti obrazovatel'nyh strategii molodezhi sovrmennomu rynku truda* // «Strategiya «Kazahstan – 2050»: social'noe razvitie obshchestva»: mater. V Kongressa sociologov Kazahstana. – Almaty, 2014. – S.167-172.
7. Sadyrova M.S. *Trudoustrojstvo vypusnikov vuzov i molodyh specialistov kak osnova innovacionnogo razvitiya kazahstanskogo obshchestva* // *Politicheskaya nauka: osobennosti i problemy: mater. mezhdunar. nauch.-prakt. konf. gosv. 75-letiyu yubileyu chlena-korrespondenta Nacional'noj akademii nauk Respubliki Kazahstan, d.filos.n., prof. Absattarova R.B.* – Almaty, 2015. – S. 368-371.
8. Ballweg J., L. Li. *Employment Migration among Graduates of Southern Land Grant Universities* // *Southern Rural Sociology*.- 1992. - №9. – R. 91-102.

**ҚАЗАҚСТАН ЖӘНЕ ШЕТЕЛ ҒАЛЫМДАРЫНЫҢ  
ОРТАҚ ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУЛЕРІ  
СОВМЕСТНЫЕ ИССЛЕДОВАНИЯ  
УЧЕНЫХ КАЗАХСТАНА И ЗАРУБЕЖЬЯ  
JOINT RESEARCHES OF SCIENTISTS OF  
KAZAKHSTAN AND ABROAD**

МРНТИ 11.25.33

<https://doi.org/10.51889/2021-1.1728-8940.36>

*Р.Б. Абсаттаров<sup>1</sup>, И.А. Рау<sup>2</sup>*

*<sup>1</sup>КазНПУ имени Абая  
Алматы, Қазақстан*

*<sup>2</sup>Академия ведущих кадров Бундесвера  
г.Гамбург, Германия*

**ПРОБЛЕМА ПАНКИССКОЙ ДОЛИНЫ В ОТНОШЕНИЯХ МЕЖДУ РОССИЕЙ И  
ГРУЗИЕЙ В ЧЕЧЕНСКИХ ВОЙН**

*Аннотация*

В статье рассматривается проблема Панкисской долины в отношениях между Россией и Грузией в чеченских войн, которая ещё не изучена в социально-политической науке. В статье более подробно рассматриваются вопросы особенности долины Панкиси и её населения, и её связи с Чечней, поддержки Грузией чеченских боевиков, широкого политического представительства, информационных возможностей и СМИ чеченцев в Грузии, сближения Чечни с Грузией и международным исламским терроризмом, эха в долине Панкиси и т.д. Вместе с тем, в статье уделено внимание и дискуссионным, спорным, конфликтным вопросам.

**Ключевые слова:** политика, население, долина, граница, конфликт, боевик, Чечня, Грузия, Россия, наемник, права, свобода, война, отношения, оружия, справедливость.

*Р.Б. Абсаттаров<sup>1</sup>, И.А. Рау<sup>2</sup>*

*<sup>1</sup>Абай ат. ҚазҰПУ  
Алматы қ., Қазақстан*

*<sup>2</sup>Бундеспердің жетекші кадрлар академиясы  
Гамбург қ., Германия*

**ШЕШЕН СОҒЫСТАРЫННА БАЙЛАНЫСТЫ РЕСЕЙ МЕН ГРУЗИЯ  
АРАҚАТЫНАСЫНДАҒЫ ПАНКИС ЖАЗЫҒЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

*Аңдатпа*

Мақалада әлеуметтік-саяси ғылымында әлі зерттелмеген шешен соғыстарына байланысты Ресей мен Грузия арақатынасындағы Панкис жазығы мәселелері қарастырылған. Мақалада Панкис жазығы мен оның тұрғындарының ерекшеліктері, оның Шешенстанмен байланысы, Грузияның шешен содырларын қолдауы, кең саяси өкілдігі, Грузиядағы шешендердің ақпараттық мүмкіндіктері мен бұқаралық ақпарат құралдары, Шешенстанның Грузиямен және халықаралық ислам терроризмімен жақындасуы, Панкис жазығындағы жаңғырық және т.б. мәселелер толығырақ қарастырылады. Сонымен бірге, мақалада талқылаулы, даулы, жанжалды мәселелерге де назар аударылған.

**Түйін сөздер:** саясат, халық, жазық, шекара, қақтығыс, жауынгер, Шешенстан, Грузия, Ресей, жалдамалы, құқықтар, бостандық, соғыс, арақатынастар, қару-жарак, әділеттілік.

R.B. Absattarov<sup>1</sup>, I.A. Rau<sup>2</sup>

<sup>1</sup>KazNPU named after Abai  
Almaty, Kazakhstan

<sup>2</sup>Academy of Leading Personnel of the Bundeswehr  
Hamburg, Germany

## THE ISSUE OF THE PANKIS VALLEY IN RELATIONS BETWEEN RUSSIA AND GEORGIA IN THE CHECHEN WARS

### *Abstract*

The article examines the problem of the Pankis Valley in relations between Russia and Georgia in the Chechen wars, which has not yet been studied in socio-political science. The article discusses in more detail the issues of the peculiarities of the Pankis Valley and its population, and its ties with Chechnya, Georgia's support for Chechen militants, wide political representation, informational opportunities and media of Chechens in Georgia, Chechnya's rapprochement with Georgia and international Islamic terrorism, echo in the Pankis valley and etc. At the same time, the article also pays attention to debatable, controversial, conflicting issues.

**Keywords:** politics, population, valley, border, conflict, militant, Chechnya, Georgia, Russia, mercenary, rights, freedom, war, relations, weapons, justice.

**Введение.** В начале декабря 2019 г. в Берлине среди бела дня был застрелен с велосипеда известный до этого боевик и террорист Зелимхан Хангошвили, многие годы находившийся в международном розыске по запросу России. Правительство Германии поспешило заявить, что «грузин» (на деле это был чеченец из долины Панкиси /Грузия/) был убит по приказу правительства России или Чечни и выслало из страны двух российских дипломатов. Россия ответила высылкой двух немецких дипломатов и отношения между двумя крупнейшими государствами Европы дополнительно охладелись. Публика и в Германии, и в России мало что знало и знает о грузинских чеченцах и о их роли в отношениях между Грузией и Россией за годы Второй чеченской войны (1999-2002). Мы решили восполнить этот пробел.

В 1996-1999 годах правительство Шеварнадзе снова и снова пыталось борьбу чеченцев за отделение от России и создания независимого государства использовать в своих и интересах. Отдаление от России и укрепление связей с Западом (вступление в НАТО и ЕС) были стратегическим направлением внешней политики Эдуарда Шеварнадзе (бывшего члена Политбюро КПСС в Москве!!! и бывшего министра иностранных дел СССР!./). Такой же стратегии неуклонно придерживались и его наследники на посту, начиная с печально знаменитого Саакашвили, не видя реальных проблем страны и надеясь на знаменитый лозунг из «Двенадцати стульев» - «Запад нам поможет!». Грузия имела многие тесные контакты с правительством Масхадова в Грозном. Чечню посещали члены парламента Грузии, высокие представители чеченского правительства посещали страну, с 1997 г. в Тбилиси действовало « Полномочное представительство Республики Ичкерия». В долине Панкиси находилось в этот год более 1000 боевиков, не считая раненных и находящихся на излечении. В этой долине находились месяцами и годами известные чеченские полевые командиры, такие как Руслан Гелаев, И. Ахмадов, М. Мусабаев, Л. Шалаев, Годжиев и др. В этой долине находящейся в Ахметском районе Кахетии, на границе с Чечней чеченские и иностранные боевики и террористы создавали склады для оружия, лагеря обучения и информационные центры. В населенных пунктах долины раненные и больные боевики лечились, здесь находились и многие пленные и заложники, которых напрасно искали в иных местах. Коротко говоря, эта долина на севере Кахетии была во время фактической

независимости Чечни (1996-1999) местом реабилитации и военного обучения чеченских и иностранных боевиков и террористов.

Так как Масхадов понимал, что Россия вовсе не смирилась с существованием независимой Чечни, то были приняты экстраординарные меры по обороне страны от ожидаемого нападения. Было создано не менее 2500 бункеров, подземных защитных устройств, тайников и тайных убежищ, имевших многие входы и выходы. В этих бункерах и подземных объектах накапливалось продовольствие, вооружение и амуниция. Были устроены пункты медицинской помощи, пункты связи и зоны отдыха. Некоторые такие устройства могли принять одновременно до 200 боевиков[1]. В долине Панкиси правительство Масхадова расположило и резервные части боевиков на случай новой войны. Они должны были быть готовы в любое время быстро преодолеть 80 километровую горную и поросшую лесами границу. Эти части стояли под командованием опытного полевого командира Руслана Гелаева. Когда в 1999 году, после нападения отрядов Басаева на Дагестан, Россия вновь стала вводить войска на территорию Ичкерии на территории долины происходила ротация воевавших чеченских отрядов на тех, какие находились в Панкиси. Масхадовские резервы были частично стационарированы и в Ингушетии. В 1999 г. бои с чеченскими отрядами шли в самой Чечне, Дагестане и Ингушетии. С 2002 г. бои усилились в некоторых частях Северной Осетии и Кабардино-Балкарии.

С конца 1999 г. спор между Россией и Грузией о роли долины Панкиси в чеченской войне стоял почти постоянно на повестке дня и обострялся после увеличения потока чеченских беженцев в долину и далее в другие части Грузии.

Многие годы Тбилиси упорно отрицал само существование проблемы «Панкиси». Президент Шеварнадзе заявлял: «Утверждения о том, что в Грузии имеются чеченские мятежники, не имеют под собой никаких оснований»[2]; «Положение в долине совершенно нормальное»[3]; «Никаких мятежников в долине не обнаружено»[4]. После террористических ударов Аль-Каиды на США 11.09.2001 г. Штаты была нужна поддержка России в антитеррористических воинских операциях в Афганистане. Россия согласилась, но потребовала устами В. Путина свободы действий против чеченских мятежников, указывая на их связи с международным терроризмом, представители которого посещают и долину Панкиси. Давление России на правительство Шеварнадзе в 2002 году настолько усилилось, что Грузия должна была, наконец, открыто признать, что в долине Панкиси находятся чеченские мятежники, числом не менее 800 боевиков.

### **Результаты и дискуссия**

#### **1. Долина Панкиси и ее население. Связи с Чечней.**

Восьмидесятикилометровая граница между Чечней и Грузией тянется по гребню, покрытому лесами, прерываемую глубокими расселинами и трудно доступную, гористую местность, населена с обеих сторон чеченцами. Границу пересекают реки Асса и Аргун, истоки которых находятся в Грузии. Долина Панкиси длиной 30 км. и шириной 3 км. обрамляет реку Алазани там, где она вытекает из Большого Кавказа. Вокруг долины, на гораздо большей площади, чем она сама, местность холмиста и гориста, имеются бесчисленные пещеры, дающие удобные тайники для людей, провианта, оружия и амуниции. На севере долины гористая местность зимой покрывается снегом, местами доходящем до двух метров высоты, что делает эту местность временами почти непроходимой. От районного центра Ахмет долина удалена на 15 км. [5].

Мақаланың негізгі мақсаты орта білім саласындағы оқушылар арасында фальсеоинтеракция арқылы ақпараттың шынайылығы мен жалғандығы арасындағы байланысты түсіндіріп, бұл мәселенің өзектілігінің деңгейін соңғы жылдарда жарық көрген арнайы зерттеулер мен ғылыми мақалалардың негізінде анықтау болып табылады.

Авторлардың алға қойған міндеттерінің бірі тақырып аясында әлеуметтанулық талдау барысында жалпылама теориялық көзқарастарды саралап, арнайы әлеуметтанулық зерттеулер мен ғылыми мақалалардың негізінде бұл құбылыстың қалай түсіндірілетіндігін анықтау болып табылады.

Соңғы жылдары әлеуметтанулық зерттеулерде тікелей сөйлеу актілерін және ақпарат алмасу барысындағы коммуникациялық мәселелермен қатар ақпараттың шынайылығы туралы зерттеулер жүргізіліп, нәтижелері ғылыми басылымдарда жарық көре бастады. Осы теорияның негізінде фальсеоинтеракция адамдардың қарым-қатынасында өзара түсінісу барысында жалған ақпаратпен бөлісіп, сол ақпараттың жалған екендігін біле отыра оны қабылдау деп түсінуге болады. Бұлай қарым-қатынас жасаушылардың фальсеоинтеракцияға баруына әсер ететін субъективті факторлардың бар екендігі анық.

**Кілт сөздер:** фальсеоинтеракция, өтірік және шындық, орта білім саласындағы оқушылардың фальсеоинтеракциясы

*E. Tolegen<sup>1</sup>, T. A. Morozova<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup> Al-Farabi Kazakh National University  
Kazakhstan*

## **FALSEOINTERACTION IN SECONDARY EDUCATION AS A SOCIAL PROBLEM**

### *Abstract*

The article is devoted to the problems of false interaction of students in the field of secondary education. The article conducts a scientific analysis of the term «falseintensity». Falseointractions are interactions of a special kind, characterized by the awareness of lies (falsehood, deception) by both Actors and the simultaneous acceptance (or imitation of acceptance) of this lie for the truth.

The main purpose of the article is to explain the relationship between truthfulness and falsity of information through falseointeraction among secondary school students and to determine the level of relevance of this problem on the basis of special studies and scientific articles published in recent years.

One of the tasks set by the authors is to analyze generalized theoretical approaches in the course of sociological analysis within the framework of the topic and, on the basis of special sociological studies and scientific articles, to find out how this phenomenon is interpreted.

In recent years, in sociological research, along with direct speech acts and communication problems in the process of information exchange, studies have been conducted on the authenticity of information, the results of which have begun to be published in scientific publications. Based on this theory, falseointeraction can be understood as sharing false information in the process of mutual understanding in people's relationships and accepting it, knowing that this information is false. It is clear that there are subjective factors that influence the attitude of such communicators to falseointeraction.

**Keywords:** false interaction, lie and truth, false interaction of secondary school students

Э. Толеген<sup>1</sup>, Т. А. Морозова<sup>1</sup>

<sup>1</sup> *Казахский национальный университет им.Аль-Фараби  
Казахстан*

## **ФАЛЬСЕОИНТЕРАКЦИЯ В ОБЛАСТИ СРЕДНЕГО ОБРАЗОВАНИЯ КАК СОЦИАЛЬНАЯ ПРОБЛЕМА**

### *Аннотация*

Статья посвящена проблемам фальсеоинтеракции учащихся в сфере среднего образования. В статье проведен научный анализ термину «фальсеоинтеракция». Фальсеоинтеракции – это взаимодействия особого рода, характеризующиеся осознанием лжи (фальши, обмана) обоими Акторами и одновременным принятием (или имитацией принятия) этой лжи за истину.

Основная цель статьи заключается в том, чтобы объяснить связь между правдивостью и ложностью информации посредством фальсеоинтеракции среди учащихся среднего образования и определить уровень актуальности данной проблемы на основе специальных исследований и научных статей, опубликованных в последние годы.

Одна из задач, поставленных авторами, заключается в том, чтобы в ходе социологического анализа в рамках темы проанализировать обобщенные теоретические подходы и на основе специальных социологических исследований и научных статей выяснить, как трактуется данное явление.

В последние годы в социологических исследованиях наряду с непосредственными речевыми актами и проблемами коммуникации при обмене информацией были проведены исследования достоверности информации, результаты которых стали публиковаться в научных изданиях. На основе этой теории фальсеоинтеракция может пониматься как восприятие, делаясь ложной информацией в процессе взаимного понимания в отношениях людей и зная, что эта информация ложна. Очевидно, что существуют субъективные факторы, которые влияют на то, как эти участники отношений идут на фальсеоинтеракцию.

Ключевые слова: фальсеоинтеракция, ложь и правда, фальсеоинтеракция учащихся среднего образования

### **Кіріспе**

Қазіргі заманның өзекті мәселелерінің бірі ақпарат және оның өңделуі мен таралуы. Кез-келген әлеуметтік өзара әрекеттесу – бұл шындық пен жалғандықты қамтитын ақпараттық байланыс екендігі анық. Ақпараттың шынайылығы оның адамға жету жолында түрлі субъективті факторлардың әсерінен өзгеріске ұшырауы бүгінде кең таралымға ие болып отыр. Бүгін орта білім алушы оқушылар арасында мұндай құбылыстың болуы және оның себеп-салдарын зерттеу өзекті әрі қажетті болуда.

Мақаланың мақсаты орта білім саласындағы оқушылар арасында фальсеоинтеракция арқылы ақпараттың шынайылығы мен жалғандығы арасындағы байланысты түсіндіріп, бұл мәселенің өзектілігінің деңгейін соңғы жылдарда жарық көрген арнайы зерттеулер мен ғылыми мақалалардың негізінде анықтау болып табылады. Авторлардың алға қойған міндеттері «фальсеоинтеракция» ұғымына анықтама беріп, оның орта білім алушы оқушылардың арасында қаншалықты таралғанын және себебін анықтаумен байланысты. Сонымен қатар, әлеуметтанулық талдау барысында жалпылама теориялық көзқарастарды саралап, арнайы әлеуметтанулық зерттеулер мен ғылыми мақалалардың негізінде бұл құбылыстың қалай түсіндірілетіндігін анықтау болып табылады.

## **Әдіснама**

Зерттеудің әдіснамалық негізі отандық және шетелдік тәжірибе мен әдебиеттерді талдау мен синтездеудің, абстракциялаудың, жалпылаудың ғылыми әдістерін қамтиды.

Зерттеу барысында ғылыми басылымдарда жарық көрген мақалаларға әдеби шолу жасалына отырып, оларға талдау жүргізіледі.

Әлеуметтану тұрғысынан әлеуметтік өзара әрекеттесудің негізі ретінде өтірік және фалсеоинтеракция мәселесі бөлек және мамандандырылған түрде зерттелмеген. Соңғы 10 жылда қорғалған диссертацияларда өтірік, әдетте, философиялық, психологиялық немесе филологиялық категория ретінде ұсынылады. Фалсеоинтеракция туралы тек өкінішке орай бір ғылыми жұмыс анықталды. Ол Каширина Мария Валерьевнаның социология ғылымының кандидаты дәрежесін алуына бағытталған «Фальсеоинтеракции в системе высшего профессионального образования: социологический анализ» атты диссертациялық жұмысы.

Фалсеоинтеракцияны зерттеу барысында М.Вебердің, Дж. Хоменс, А. Шюц сынды әлеуметтану саласындағы ірі өкілдерінің идеялары мен тұжырымдамалары қарастырылды. Бұл авторлар әлеуметтік өзара әрекеттесудің мағыналық жағын талдауды ұсынылған. Сол себепті аталған авторлардың тұжырымдамаларын «өтірік» проблемасына дискурсивті кіріспе ретінде қарастыруға болады.

Әлеуметтік өзара әрекеттесуді белгілі бір «форма» ретінде талдау, оны ойындар ретінде қарастыра отырып, өзара әрекеттесу процесінің сыртқы жақтарын зерттеу Г. Гарфинкель, И. Хоффман, Г. Симмель және тағы басқа еңбектерінде ұсынылған.

Дж. Дьюи, Дж. Г. Мид, Ч. Пирс, Ф. Скиннер, Ю. Хабермас сияқты әлеуметтанушылар да әлеуметтік интерактивтерді түсіндірумен және эмпирикалық зерттеумен айналысты. Олардың еңбектерінде утилитарлық факторлардың рөлі, тиімділік туралы ойлар, жеке адамдар мен топтардың әлеуметтік мінез-құлқындағы практикалық пайда себептері туралы мәселе ерекше атап өтіледі.

Жалпы теория деңгейінде әлеуметтік өзара әрекеттесу мәселелерін зерттейтін орыс әлеуметтанушыларының ішінде Е. Ю. Волков, Т. И. Заславская, Г. И. Козырев, В. П. Култыгин, В. Г. Осипов, Г. А. Пруденский, Р. В. Рывкин, М. В. Каширинаның еңбектерін айту маңызды.

Осы жұмыстарды талдау әлеуметтік өзара әрекеттесудің мазмұны ретінде өтірік мәселесін жоғары пікірталасқа ие екендігі мен көп өлшемді екенін көрсетеді. Өзара өтіріктің ерекше жағдайы ретінде жалған байланыстардың пайда болуы, жұмыс істеуі және таралуы, әсіресе жаңа, өзгерген жағдайларда, орта білім беру саласында жүйелі әлеуметтанулық зерттеулерді қажет етеді. Бұл орта білім беру жүйесіндегі генезиске, жұмыс істеуге және жалған сұхбаттардың шоғырлануына ықпал ететін факторлар жүйесін анықтау және талдау қажеттілігін растайды.

## **Фальсеоинтеракция және оның мәні**

Әлеуметтанулық теорияда «фальсеоинтеракция» ұғымымен бірқатар байланысты ұғымдар бар, мысалы, рәсім, симуляр, имитациялық өзара әрекеттесу. Бірақ, осы ұғымдардың айқын ұқсастығына қарамастан, «фальсеоинтеракция (жалған араласу)» термині әлеуметтік өзара әрекеттесудің ерекше, аз зерттелген формасын көрсетеді. «Фальсеоинтеракция» - бұл қоршаған шындықпен немесе стандарттармен салыстырғанда, барлық әлеуметтік коммуникацияның қатысушылары түсінетін ойын ережелерімен ерекше әлеуметтік кеңістіктің үзіндісі болып табылады.

Әлеуметтік өзара әрекеттесу немесе әлеуметтік коммуникация барысында қатынасқа түсуші екі немесе оданда көп тұлғалар арасында ақпараттың шындық пен жалғандық болып бөлінуі әлеуметтану ғылымы саласындағы зерттеуші ғалымдардың қызығушылығын арттыра түсті. Бұл уақытқа дейін өтірік құбылысын арнайы психология, педагогика, философия сынды ғылымдардың зерттеулерінде көп кездестіруге болатын еді. Қазір әлеуметтанулық

зерттеулердің назарын аудартқан мәселе элеуметтік коммуникация барысындағы фальсеоинтеракция мәселесі.

Алдымен өтірік дегеніміз – адамның жалған сенімдерді осы тұжырымның адресатының санасына сіңіру ниетімен әдейі жалған мәлімдеме жасайтын әрекеті болып табылады (Ли, 2000).

Өтірік айтушылар сәтті өтірік айту үшін реципиенттердің өзіндік және психикалық жағдайын дұрыс бағалай білуі керек (мысалы, реципиенттер өтірік айтушылардың өздері толық түсінікке ие болатын істердің шынайы жағдайы туралы біле ме). Содан кейін өтірікшілер өздерінің іс-әрекеттері туралы шынайы сенімдерінен өзгеше жалған мәлімдемелер жасап, шығаруы керек. Сонымен қатар, жалған мәлімдемелер адресатқа күдік тудырмайтындай етіп мұқият жасалуы керек. Бұл көбінесе жалған оқытушылардан жалған мәлімдемеге сәйкес келетін, бірақ олардың шынайы сенімдеріне сәйкес келмейтін және ауызша және вербальды емес мінез-құлық олардың шынайы сенімдеріне сәйкес келуін, бірақ жалған мәлімдемеге сәйкес келмеуін талап етеді. Осылайша, өтірік айтатын балалардың мінез-құлқын зерттей отырып, біз балалардың ақыл-ой теориясын күнделікті өмірде бейімделу (немесе зиянды) мақсаттар үшін қалай қолдануды үйренетіні туралы маңызды түсінік ала аламыз.

Фальсеоинтеракция мәселесіне тоқталсақ, ол туралы түсіндірме Социум журналында Каширина Мария Валерьевнаның (2013) «Фальсеоинтеракция как особая форма социального взаимодействия» мақаласында ашылып көрсетілген. Фальсеоинтеракция ол екі адамның элеуметтік қатынас жасау барысында өтірік айтуды қатынас жасаушылар бір-бірінен күтуімен байланыстырылады. Ашып айтар болсақ, «өтірік айтушы» өзінің элеуметтік коммуникацияға түскен екінші немесе одан да көп адамдардың оның өтірік айтып тұрғандығын білетіндігін түсінеді, және өтірікті қабылдап тұрған жақ яғни «адресат» «өтірік айтушының» өтірігін білетіндігі туралы айтып қоймайды деп «өтірік айтушымен» күтіледі. Коммуникацияғы түскен екі жақ та өзара осы фальсеоинтеракцияның тәртіптерін өз еркімен қабылдайды.

Осы мақалада (Каширина, 2013) көрсетілгендей социолингвистика тұрғысынан тұжырымдалған жалған араласудың мәні элеуметтік өзара әрекеттің денотативті (мәлімделген) және коннотативті (сенсациялық) қабаттарының қарама-қайшылығынан тұрады екен. «Өтірік айтушы» іс жүзінде бір нәрсені жасаған кезде, әрекетін өтірік қосу көрсету арқылы жасаса «фальсеоакция» пайда болады. Кемінде екі адам болған кезде және олардың әрекеттері коммуникация барысындағы өтірікті әшкерілеуге бағытталмаса фальсеоинтеракция пайда болады. Бұл сапада ол элеуметтік атом болып табылады.

Фальсеоинтеракцияға төзімділік сөзсіз депроблемацияға ғана емес, өтіріктерді институционализациялауға да әкеледі. Қоғам мұндай жалған, еліктеу тәжірибесіне тез «үйренеді», сонымен қатар, бұл үрдістің болуы бұрыннан қалыптасқан деуге болады. Ұзақ уақыт бойы қалыптасқан бейресми іс-қимыл үлгісі адамдардың санасында берік орныққан және тамырланған. Мысалы, қоғамда қазіргі кезде шпаргалка пайдаланушы студенттердің көлемі артуда, ол үрдіс қоғаммен жайлап патологиядан гөрі норма ретінде қабылдануда (Ивонин, 2010). Өтірікті институционализациялаудың бір факторы – бұл өтірікті билік тарапынан «жабу» және / немесе оның пайдалылығын негіздеу.

Тұрақты алмасу адамдарда өзара күтулер жүйесін тудырады; егер өзара әрекеттесудегі өтірік өзара және өзара әрекеттесетіндердің әрқайсысына өз мақсаттарына жетуге мүмкіндік берсе, онда мұндай терминация тұрақты пішінге ие болады.

Сонымен, Каширина Мария Валерьевнаның (2013) «Фальсеоинтеракция как особая форма социального взаимодействия» мақаласында «фальсеоинтеракция», «фальсеологиялық өзара іс-қимыл» деп автор өзара әрекеттесудің екі жағындағы жалғандықтың (алдау, өтірік) хабардар болуына және олардың осы «ойын ережелерін» бір уақытта қабылдауына негізделген осындай элеуметтік өзара әрекеттесуді түсінеді.

Фальсеоинтеракцияның ерекшелігі – бұл жай ғана еліктеу әрекеті емес, мұнда бір актер өтірікші, ал екіншісі өтірікті қабылдаушы болып табылады. Фальсеоинтеракцияның мәні әлеуметтік коммуникацияға түсуші адамдардың арасында өтіріктің орын алып жатқанын біле отырып, сол өтірікті жария етпей қабылдап, формалды түрде емес, өзара келісім жасауы болып табылады. Фальсеоинтеракция ол бір адамға екінші адамның өтірік айтуы емес ол сол өтірік айтылған жерде өтірік айтушы мен оны қабылдаушының арасындағы «масқа киген» әрекет деп саналынады.

Ғылымда фальсеоинтеракцияны зерттеудің теориялық негізі американдық әлеуметтанушы Дж. Хоменстың (Хоменс, 2013) теориясымен байланыстырылады. Ол өзара іс-қимыл процесінде тараптардың әрқайсысы өз әрекеттері үшін ықтимал сыйақы алуға және шығындарды азайтуға тырысады деп санайды. Дж. Хоменстің (Хоменс, 2013) теориясы негізінде ең маңызды сыйақылардың бірі – әлеуметтік мақұлдау. Тараптардың өзара сыйласуы өзара іс-қимылдың жүйесін жасауға ұмтылады және өзара күтулер негізінде өзара қарым-қатынасқа айналады. Егер үміттер расталмаса, онда өзара іс-қимыл мен алмасуға деген мотивация төмендейді.

Сыйақы мен шығындар арасында тікелей пропорционалды байланыс жоқ, өйткені экономикалық және басқа пайдадан басқа, адамдардың іс-әрекеттері көптеген басқа факторлармен анықталады, мысалы олардың қатарында мәдениет, мораль, дін сынды маңызды факторлардың болуы мүмкін. Яғни тиісті шығындарсыз мүмкін болатын ең жоғары сыйақыны алу ниеті немесе керісінше - сыйақыны ескерместен жақсылық жасау ниеті.

Дж. Хоменстің (Хоменс, 2013) теориялық тұжырымдамасы бойынша әрбір адам өз іс-әрекеттерінің сыйақысын барынша көбейтуге және шығындарды азайтуға тырысады. Шығындарды азайту құралдарының бірі өтірік болып табылады. Бұл, әдетте, мақсатқа жету жолын айтарлықтай жеңілдетеді, яғни жеңілдеу эмоционалды да, ұйымдастырушылық та тұрғыда болуы мүмкін. Егер әлеуметтік коммуникациядағы өтіріктің күтуі өзара және өзара әрекеттесетіндердің әрқайсысына өз мақсаттарына жетуді жеңілдетсе мұндай жалған байланыс тұрақты болады. Ол өтіріктің нормаға айналуына алып келу қауіпін туындатады.

Дж. Дьюи пікірінше фальсеоинтеракцияны зерттеудегі сөйлеу актілері теориясына үндеу прагматизмді тағы бір теориялық және әдіснамалық тұрғыдан қолдайды және оған сәйкес шындықтың өлшемі тиімділік болып табылады. Яғни, егер өзара әрекеттесу пайдалы болса, ол дұрыс. Бірақ мұнда пайда ұғымы нақтылауды қажет етеді. Егер біз тактикалық мақсаттарға қол жеткізу туралы айтатын болсақ, онда жалған байланыстарды пайдалы деуге байланысты сұрақ туындайды. Мысалы, емтихан барысында көшіріп отырған студент баға алатын болса, оған көзін жұмған оқытушы «контингентті сақтайды». Егер стратегиялық мақсаттар туралы айтатын болсақ, онда бұл жағдайда фальсеоинтеракцияның жалған пайдалылығы көрінеді: екеуі де сыйақы алып қана қоймай, шығындарға да шыдайды. Студент білім алмайды, ал мұғалім беделге қауіп төндіреді.

Қорыта айтқанда, фальсеоинтеракция – бұл әлеуметтік өзара әрекеттесудің ерекше формасы, оның мазмұны өтірік, ал әлеуметтік-демонстрациялық бейнесі - «шындық сияқты». Әлеуметтану ғылымының категориясы ретінде фальсеоинтеракцияны биліктің, тәуелділіктің және т. б. әлеуметтік өзара әрекеттесулер мен қатынастардың басқа түрлерімен қатар жүргізу керек.

### **Фальсеоинтеракциялардың таралуының әлеуметтік-мәдени факторлары**

Кез-келген жүйенің ішінде, ол білім саласы болсын, медицина саласы немесе мемлекеттік қызмет саласы болсын әрдайым әлеуметтік коммуникацияға ұшыраушы топтар арасындағы өзара әрекеттесулер барысында шындықтың болуымен қатар шындыққа жанаспайтын өтірік жағдайлардың болуы және оны әрекеттесудің жалғандығы мен имитациясын білетін, бірақ осы «ойын ережелерін» өз еркімен қабылдайтын өзара әрекеттер болады. Бұл әрекеттер әрине фальсеоинтеракция әрекеттері деп аталынады.



Фальсеоинтерациялардың пайда болуы білім беру жүйесінің әртүрлі деңгейлерінде – мұғалімдер мен оқушылар арасында, мектеп мұғалімдері мен мектеп әкімшілігі арасында, орта білім беру ұымдары мен білім министрлігі арасында болуы мүмкін. Мұндай өзара әрекеттесуді әкімшілік деңгейде эмпирикалық түрде бекіту өте қиын, алайда білім беру процесінің екі негізгі субъектісінің – оқушылар мен мұғалімдер арасындағы имитациялық өзара әрекеттесуін зерттеуге болды, басқаша айтқанда орта білім беру саласындағы оқушылардың фальсеоинтерациясын зерттеуге болады. Оны зерттеу үшін алдымен осы саладағы түрлі зерттеулерге контент талдау жүргізіп, зерттеу инструмент терінің қарқасын қалап, моделін жасап алу керек. Сол себепті фальсеоинтеракциялардың таралуының әлеуметтік-мәдени факторларына тоқталу маңызды.

Каширина Мария Валерьевнаның (2015) Ғалымдардың Еуразиялық Одағы журналында жарық көрген «Социокультурные факторы распространения фальсеоинтеракций в современном вузе» атты мақаласында жоғары білім беру жүйесіндегі мұндай өзара әрекеттесулердегі фальсеоинтеракцияға студенттердің емтихандарда көшіруін, интернеттен бақылау және курстық жұмыстарды жүктейтін немесе арнайы ұйымдарда тапсырыс беретін жағдайларды жатқызуға болады, ал мұғалімдер мұны байқайды, бірақ әртүрлі себептерге байланысты студенттерден осы жұмыстарды қабылдайды немесе оларды бағалауда қанағаттанарлық баға береді деп жазылады.

М.В. Каширинаның (Каширина, 2015) пікірінше фальсеоинтеракцияға әсер етуші факторлар тобына жоғары білім берудің құндылығы мен беделінің оқытушылардың кәсіби мәдениеті мен корпоративтік мәдениетінің өзгеруін және студенттік дәстүрлердің өзгерісі мен жоғары білім арудың тек сәнге айналуын жатқызады. Автордың пікірінше, зерттеу барысында алдау нәтижесінде баға алған студенттерге қатысты ашық сұраққа таңдаған студенттердің барлық топтарының өкілдері келесі пікірлерді білдірді: «егер пән болашақ мамандыққа қажет болмаса, онда бұл жаман емес»; «кейде диплом тек атақ үшін ғана керек» және т.б. Зерттеу авторының пікірінше, жоғары білімнің құндылығы мен беделінің өзгеруі кейбір жағдайларда жоғары білім туралы дипломды қарапайым формальдылық деп түсінуге әкелді, сәйкесінше жоғары білім мен диплом алу процедуралары бірдей формальдылықпен ұсынылған.

М.В. Каширинаның (Каширина, 2015) пікірінше құндылықтар жүйесіндегі өзгерістер және мақсатқа жету құралы ретінде адалдықтан өтірікке ауысуды студенттердің білім беру процесінде өтіріктерді бағалауы дәлелдейді. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, студенттердің 27,5%-ы мұндай жағдайларды «қалыпты, табиғи жағдай» деп бағалайды. Респонденттердің бұл санаты, кем дегенде, декларативті түрде, бейтарап аксиологиялық модальділікті ұстанады және осы тақырып бойынша терең этикалық ойлардан бас тартады. Емтихан барысында көшіру немесе алдау «қалыпты жағдай» немес нормамен теңестіріледі деген аксиологиялық нұсқасын көрсетеді. Студенттердің өзіндік жұмысының интернеттен көшіріп алу немесе тапсырыс беру арқылы әзірлек студенттік жұмыстарды орындау бойынша ұйымдардың болуы және сәтті жұмыс істеуін дәлелдейді. Сауалнамаға қатысқан студенттердің 87,8%-ы өздерінің ЖОО-ның қызметкерлері осындай ұйымдардың қызметтерін пайдаланатынын біледі. Бұл ретте 30,9%-ы осындай ұйымдардың қызметтерін өздері пайдаланғанын мойындады. Студенттер жұмыстың «тапсырыс беруінің» негізгі себептерін жұмыстың жоғары күрделілігі мен жалқаулық, өзін-өзі жазғысы келмеуі деп атайды.

М.В. Каширинаның (Каширина, 2015) пайымдауынша әлеуметтік-мәдени факторлардан басқа, студенттердің өзіндік жұмысының фальсеологиясына ақпараттық-техникалық факторлар да әсер ететінін атап өткен жөн. Автордың зерттеуінің нәтижелері бойынша, студенттердің көпшілігі үшін өзіндік дайындық, жұмысты орындау үшін негізгі ақпарат көзі Интернет болып табылады. Олардың 70%-дан астамы – ақпараттың жалғыз көзі. Ақпараттық-техникалық факторлардың рөлі кітапхананың семинарларға дайындықтағы және ғылыми жұмыстарды жазудағы маңыздылығының төмендеуін растайды.

Жалпы алғанда М.В. Каширинаның (Каширина, 2015) еңбектерінде фальсеоинтеракцияның генезисінде әлеуметтік-мәдени факторлар маңызды рөл атқарады. Ең маңызды факторларға: жоғары білім беру беделінің төмендеуі, маңыздылық акцентін жоғары білімнен жоғары білім туралы дипломға ауысуы, сонымен қатар, студент жастардың құндылықтар жүйесіндегі өзгеріске ұшырауы мен дұрыс түсінілмеген студенттік дәстүрлер және қазіргі заманғы бұқаралық мәдениеттің мінез-құлық үлгілерін ұстану жатады.

Осы мәселенің жоғарғы оқу орындарында кең етек алуы туралы бірнеше зерттеулердің бар екендігі мақалаға ақпарат жинау барысында анықталды. Алайда, мақаланың негізгі нысаны орта білім беру саласындағы оқушылар арасындағы фальсеоинтеракция. Сол себепті келесі бөлімде фальсеоинтеракцияның орта білім беру саласындағы мәселелері қарастырылады.

### **Орта білім саласындағы оқушылардың фальсеоинтеракциясы**

Мектеп оқушының өмірінің маңызды бөлігі болуының себебінен мектептегі оқушы мен мұғалім арасында өтірік баланың толық әрі жақсы білім алуына кедергі болады. Орта білім беру саласындағы оқушылардың фальсеоинтеракциясы әлеуметтанушылармен толық зерттелмеген. Тек, психология мен философия саласында фальсеоинтеракцияға жақын келетін өтірік айту мәселесіне байланысты біршама зерттеулер жүргізілгендігі анықталды.

Тақырып аясында зерттеулердің жоқтығы тақырыптың өзектілігін арта түседі, алайда ол сонымен бірге зерттеудің инструменттік үлгісін құруда көптеген қиындықтарға алып келеді.

Орта білім саласындағы оқушылардың фальсеоинтеракциясы тақырыбы оқушы мен мұғалімнің арасындағы әлеуметтік өзара әрекеттесуі барысындағы өтірік айту мен оны қабылдау дәрежесіне ғана талдау жасауға бағытталмайды. Ол сонымен қатар, орта білім алу субъектілері арасындағы өзара қатынасқа қатыса алатын кез-келген тұлғалардың арасындағы жалған ақпаратпен алмасу немесе өтірік айту және оны біле тұра әшкерелемей қабылдаумен байланысты болып табылады.

Орта білім саласындағы оқушылардың фальсеоинтеракциясына мұғалім мен оқушының әлеуметтік коммуникацияға түсу барысында өтірік айтуы және оны біле тұра жарияламауы жатады, сол секілді оқушы мен ата-ана арасындағы өтірік, мектеп әкімшілігі мен оқушы арасындағы және, ата-ана мен мұғалім, мұғалім мен мектеп әкімшілігі және ата-ана мен мектеп әкімшілігі арасындағы өзара әрекеттесу барысындағы айтылған өтірік пен оны біле тұра қабылданған өтірік жатады.

Орта білім саласындағы оқушылардың фальсеоинтеракциясының себептері мен салдарын анықтауға байланысты зерттеулер өте аз. Алайда мектеп жасындағы оқушылардың өтірік айтуы және оның себептерімен баланысты зерттеулер мен ғылыми тұжырымдамалар бар. Көптеген зерттеушілер өтірік түрлерін бөлуде жеткілікті айқын критерийлерге сүйенеді, мысалы: хабардарлық деңгейіне байланысты - саналы және бейсаналық өтірік; қиял және нақты; моральдық бағалауға байланысты оң және теріс өтірік; көрініс саласына байланысты жеке және әлеуметтік өтіріктің себебіне байланысты - бейсаналық, өзімшілдік, жамандық, өзін-өзі сақтау және мақтаншақтық; мәлімдеменің фактілерге сәйкестігі негізінде жалғандық, алдау ниетінің болуы немесе болмауы түсініледі. Сондай-ақ, «қасиетті өтірік», «құтқару үшін өтірік» және сол сияқты ұғымдар да әдебиеттерде кездеседі.

Шетелдік зерттеулердегі өтірік мәселесінің жай-күйіне теориялық шолу жүргізу барысында өтірікті түсінудің екі ұштыбар екендігі анықталды. Мысалы, биологиялық бағытты жақтаушылар Е. А. Душина, шыншылдық пен алдау сияқты қасиеттер туа біткен болуы мүмкін деп тұжырым жасайды.

Силантьева Е.А. (Силантьева, 2007) көп өлшемділіктің негізінде өтірік түрлерінің типологиясын құруға әрекет жасалды: өтіріктің пайда болу көзі, мәлімдеменің немесе әрекеттің жалғандығын түсіну дәрежесі, өтіріктің бағыты мен табиғаты. Ол ұсынған жіктеу басқа типологияларды толықтырады, психиканың жұмыс істеуінің әртүрлі деңгейлерінде көрінетін күрделі психологиялық құбылыс ретінде өтірік идеясын кеңейтеді.

Отандық және шетелдік зерттеулердегі балалардың өтіріктерінің ерекшеліктерін ашып, ең алдымен осы құбылысты зерттеудің семантикалық контекстін бөліп көрсетеді. Әдетте, балалардың өтірік құбылысын зерттеу үш бағытта жүзеге асырылады:

- 1) шындық пен өтіріктің арасындағы таңдау жағдайлары туралы балалардың моральдық пікірлерінің ерекшеліктерін анықтау;
- 2) нақты мінез-құлық ерекшеліктерін қарастыру
- 3) балалардың эмоционалды тәжірибелерін бұзу немесе «шыншыл болу» нормасын сақтау.

Балалар мен жасөспірімдердің өтіріктерінің өзіндік ерекшеліктері, түрлері мен мотивтері бар. Бұл адамның генезисі процесінде пайда болатын жасқа байланысты дағдарыстардың өзіндік ерекшелігімен байланысты, кейбір себептер баланың жеке басына, басқалары оның айналасында, кейбіреулері жасына байланысты.

Қорыта айтқанда осы тұжырымдамаларды тексеруге арналған эмпирикалық зерттеулердің аздығы, отандық зерттеулер арасында орта білім саласындағы оқушылардың фальсеоинтеракциясы тақырыбы аясында зерттеулердің жоқтығы тақырыптың толықтай ашылып, социологиялық контент талдаудан өткізу жұмыстарын қиындатты.

### **Қорытынды**

Мақаланы қорытындылай келе, фальсеоинтракция – бұл екі актордың де өтіріктің айтылғанын (жалғандық, алдау) білуімен және сол өтірікті шындық үшін бір уақытта қабылдаумен (немесе қабылдауға еліктеумен) сипатталатын ерекше түрдегі өзара әрекеттесу болып табылады.

Мақалада алға қойған мақсатқа қол жеткізуге кедергі ретінде тақырып аясында зерттеулердің аздығы себеп болды. Сол себепті, орта білім саласындағы оқушылар арасында фальсеоинтеракция арқылы ақпараттың шынайылығы мен жалғандығы арасындағы байланысты түсіндіру толық деңгейде көрсетіле алмады. Алайда жалпы «фальсеоинтеракция» ұғымына анықтама беріліп, оған әсер етуші әлеуметтік-мәдени факторлардың біршамасы ашылып талданды. Сонымен қатар, әлеуметтанулық талдау барысында фальсеоинтеракция және өтірік айту мәселелері бойынша жалпылама теориялық көзқарастар сараланды, арнайы әлеуметтанулық зерттеулер мен ғылыми мақалалардың негізінде бұл құбылыстың қалай түсінілетіндігі анықталды және талданды.

Жалпы алғанда фальсеоинтеракцияны зерттеу деңгейі шетелдік және отандық зерттеулерде төмен. Әсіресе орта білім саласындағы оқушылардың фальсеоинтеракциясы тақырыбы аясында зерттеулердің аздығы тақырыптың өзектілігін арттырып, мектеп оқушылары арасында фальсеоинтеракцияның болуын, оның себеп-салдары мен шешу жолдарын анықтауға арналған арнайы социологиялық зерттеудің қажеттігін дәлелдеді.

### *Список использованной литературы:*

1. Ивонин Ю. П. Трактат о шпаргалке / Ю.П. Ивонин // *Идеи и идеалы: научный журнал*. 2010. №1 (3) т. 1. С. 132–143.
2. Хоманс Дж. Социальное поведение как обмен // *Современная зарубежная социальная психология* / Дж. Хоманс [онлайн]. URL: <http://ecsocman.hse.ru/text/18352507/>
3. Каширина М.В. Современный российский вуз как сфера генезиса фальсеоинтеракций // *Социология образования*. – №10. – 2014. – С.76-86.;
4. Каширина М. В. Современный вуз: факторы генезиса фальсеоинтеракций // *Наука и образование: сборник научных трудов по материалам I Международной научно-практической конференции 25-26 июня 2014 г. Анталия – Тамбов: Kutlu&Avei Offset – Изд-во ТРОО «Бизнес-Наука-Общество», 2014. – С. 56-63.*
5. Каширина М.В. Социокультурные факторы распространения фальсеоинтеракций в современном вузе. *Евразийский Союз Ученых (ЕСУ) №4 (13), 2015 – С. 77-79*

6. Каширина М.В. Фальсеоинтеракция как особая форма социального взаимодействия. *Социум и власть* №6 (44), 2013 – С. 11-16

7. Силантьева Е.А. Факторы проявления лжи в процессе учебного взаимодействия студента и преподавателя / Е.А. Силантьева // *Дисс. канд. психол. наук: 19.00.07. Сургут, С. 2007 - 124*

8. Feldman R. S., Jenkins L., Popoola O. Detection of deception in adults and children via facial expressions. *Child Development*, 1979, pp. 350–355.

9. Hogrefe G. J., Wimmer H., Perner J. Ignorance versus false belief: A developmental lag in attribution of epistemic states. *Child Development*, 1986, pp. 567–582.

10. Lee K. Lying as doing deceptive things with words: A speech act theoretical perspective. In J. W. Astington (Ed.), *Minds in the making: Essays in honour of David. R. Olson*. Oxford, England: Blackwell. 2000, pp. 177–196.

#### References:

1. Ivonin YU. P. Traktat o shpargalke / YU.P. Ivonin // *Idei i idealy: nauchnyĭ zhurnal*. 2010. No1 (3) t. 1. S. 132–143.

2. Homans Dzh. Social'noe povedenie kak obmen // *Sovremennaya zarubezhnaya social'naya psihologiya / Dzh. Homans [onlajn]*. URL: <http://ecsocman.hse.ru/text/18352507/>

3. Kashirina M.V. Sovremennyĭ rossiĭskiiĭ vuz kak sfera genezisa fal'seointerakciiĭ // *Sociologiya obrazovaniya*. – No10. – 2014. – S.76-86.;

4. Kashirina M. V. Sovremennyĭ vuz: faktory genezisa fal'seointerakciiĭ // *Nauka i obrazovanie: sbornik nauchnykh trudov po materialam I Mezhdunarodnoĭ nauchno-prakticheskoiĭ konferencii 25-26 iyunya 2014 g. Antaliya – Tambov: Kutlu&Avei Ofset – Izd-vo TROO «Biznes-Nauka-Obshchestvo»*, 2014. – S. 56-63.

5. Kashirina M.V. Sociokul'turnye faktory rasprostraneniya fal'seointerakciiĭ v sovremennom vuze. *Evrasiĭskiiĭ Soyuz Uchenykh (ESU) №4 (13)*, 2015 – S. 77-79

6. Kashirina M.V. Fal'seointerakciya kak osobaya forma social'nogo vzaimodeĭstviya. *Socium i vlast' №6 (44)*, 2013 – S. 11-16

7. Silant'eva E.A. Faktory proyavleniya lzhi v processe uchebnogo vzaimodejstviya studenta i преподаvatelya / E.A. Silant'eva // *Diss. kand. psihol. nauk: 19.00.07. Surgut, С. 2007 – 124*

8. Feldman R. S., Jenkins L., Popoola O. Detection of deception in adults and children via facial expressions. *Child Development*, 1979, pp. 350–355.

9. Hogrefe G. J., Wimmer H., Perner J. Ignorance versus false belief: A developmental lag in attribution of epistemic states. *Child Development*, 1986, pp. 567–582.

10. Lee K. Lying as doing deceptive things with words: A speech act theoretical perspective. In J. W. Astington (Ed.), *Minds in the making: Essays in honour of David. R. Olson*. Oxford, England: Blackwell. 2000, pp. 177–196.

А.Н. Айтуар<sup>1</sup>, Ж.Б. Тоқтарова<sup>1</sup>

<sup>1</sup> *әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті*

## ОҢТҮСТІК КОРЕЯДАҒЫ ЗАМАНАУИ ОТБАСЫ ҚҰНДЫЛЫҚТАР ЖҮЙЕСІНЕ «САМПО» ИДЕОЛОГИЯСЫНЫҢ ӘСЕРІ

*Аңдатпа*

Оңтүстік Кореяның тарихына көз жүгіртіп қарасақ, ол конфуциялық өркениет негізін ұстанатын Шығыс Азиялық мемлекет екенін байқаймыз. Ол негіздер бойынша, ерлер қауымы негізгі жұмысты істеушілер болса, әйелдер қауымы тек қана үй шаруасымен айналысушы өкіл болып есептелген. Жаһандану процесі кезінде Корей қоғамында көптеген өзгерістер орын алып, сол өзгерістердің бірі қазіргі таңдағы «сампо ұрпағы» терминінің пайда болуына тікелей әсер етті. Сампо ұрпағы ұғымы «N-ro» концепциясының бір бөлігі болып саналады және қазіргі уақытта қоғамдағы жасөспірім мен орта жас өкілдері арасында қарқынды таралып кележатқан үрдіс болып табылады. Бұл мақала «сампо ұрпағы» терминін кең түрде түсіндіріп қана қоймай, оның салдарынан отбасылық құндылықтарды өзгерісіне негіз болғандығы туралы мәселені қарастырып талқылайды. Осы мақсатта арнайы сауалнама жүргізіліп, Корей қоғамының бір мүшесі болып табылатын жастар тобының көзқарастары сарапқа алынады. Сауалнаманың нәтижесі бойынша «сампо ұрпағы» отбасылық құндылықтардың қай түріне түпкілікті әсер еткендігіне көзімізді жетеді. Берілген нәтижелер корейтанушы студенттер мен оқытушылар, және Кореяның әлеуметтік жағдайына қызығушылық танытатын зерттеуші мамандар мен оқырмандар тобына арналған.

**Түйін сөздер:** «сампо ұрпағы», неке және отбасылық қарым-қатынас, отбасылық құндылықтар, конфуциизмдік.

*A.N. Aituar<sup>1</sup>, Z.B. Toktarova<sup>1</sup>*

<sup>1</sup> *Al-Farabi Kazakh National University*

## INFLUENCE OF «SAMPO» IDEOLOGY ON THE MODERN FAMILY VALUE SYSTEM IN SOUTH KOREA

*Abstract*

Looking back at the history of South Korea, we see that it is an East Asian state, the basis of the Confucian civilization. While the men's community was the main workers, the women's community was exclusively engaged in the household. During the process of globalization, many changes occurred in Korean society, and one of these changes directly influenced the emergence of the modern term «sampo generation». The concept of the Sampo generation is part of the concept of «N-ro» and is currently the most intensively widespread trend in society among representatives of the adolescent and middle age. This article not only broadly explains the term «sampo generation», but also examines and discusses the question of what caused the change in family values. For this purpose, a special survey was conducted, where the views of the youth group, which is one of the members of the Korean society, were analyzed. According to the results of the survey, we were convinced on which type of family values the "sampo generation" had the final impact. These results are intended for students of Korean studies and teachers, as well as for a wide range of research specialists and readers interested in the social situation of Korea.

**Key words:** "Sampo generation", marriage and family relations, family values, Confucianism.

А.Н. Айтуар<sup>1</sup>, Ж.Б. Токтарова<sup>1</sup>

<sup>1</sup> *Казахский национальный университет имени аль-Фараби*

## ВЛИЯНИЕ ИДЕОЛОГИИ «САМПО» НА СОВРЕМЕННУЮ СИСТЕМУ СЕМЕЙНЫХ ЦЕННОСТЕЙ В ЮЖНОЙ КОРЕЕ

### *Аннотация*

Оглядываясь назад на историю Южной Кореи, мы видим, что она является восточноазиатским государством, лежащим в основе конфуцианской цивилизации. В то время как мужская община была основным работником, женская община занималась исключительно домохозяйством. Во время процесса глобализации в корейском обществе произошло много изменений, и одно из этих изменений напрямую повлияло на появление современного термина «поколение сампо». Концепция поколения Сампо является частью концепции «N-ро» и в настоящее время является наиболее интенсивно распространенной тенденцией в обществе среди представителей подросткового и среднего возраста. Эта статья не только широко объясняет термин «поколение сампо», но и рассматривает и обсуждает вопрос о том, что стало причиной изменения семейных ценностей. С этой целью был проведен специальный опрос, где проанализированы взгляды молодежной группы, являющейся одним из членов Корейского общества. По результатам опроса мы убедились, на какой тип семейных ценностей «поколение сампо» оказало окончательное влияние. Данные результаты предназначены для студентов-корееведов и преподавателей, а также для широкого круга специалистов-исследователей и читателей, интересующихся социальным положением Кореи.

**Ключевые слова:** «сампо поколение», брак и семейные отношения, семейные ценности, конфуцианство.

### **Кіріспе.**

Өзгерістер біздің өміріміздің бір бөлігі болып табылады. Сол секілді қоғам орын алған өзгерістерге сай өмір сүріп кележатыр. Осыған байланысты орын алған өзгерістер тек жақсы жағынан ғана емес, сонымен қатар кері тұстарында атап өту керек. Осындай бір өзгеріс корей қоғамында орын алып жатыр. Ол әйелдер мен ерлер арасындағы отбасыға байланысты қарым-қатынастың өзгеруі. Отбасындағы қазіргі таңдағы актуалды өзгерістің бірі – «чайлдфри» болып табылады. Батыста пайда болып қалыптасқан «чайлдфри» ұғымы өткен ғасырдың 80-90 жж. пайда болды. Осы тақырыпта 1980 ж. Джин Виерсвестың чайлдфри жайлы кітабы жарыққа шығып, кітапта қанша түрге бөліп қарастыруға болатыны көрсетілген [1]. Кореядағы әйелдер қауымын осы кітап бойынша екінші топқа жатады және бала туу олардың негізгі міндеті емес деген ұғымды алға тартады. Бала туу мәселесі кейінге шегеру арқылы ол ақыры аяғында баланы дүниеге әкелмеуге алып келеді. Мәселе бедеу әйел азаматтарын қатыстылып айтылмаған, ол барлық репродуктивті жастағы азаматшаларға қатысты болып келеді. Ал Кореяның отбасылық құндылығының басты ұстанымы ол конфуцийшілдік жүйе бойынша еркек - отбасының басшысы, ал әйел - ошақ иесі, бала туып оны тәрбиелеуші ретінде көрсетіледі. Конфуцийшілдік ұстаным бойынша еркек әйелден жоғары тұрады, және олар тек үй шаруасымен айналысып күйеуіне бағыну керек деген мағынада көрсетіледі. Дәстүр бойынша ата-ананың қамқоршысы болу және ұрпақтар арасындағы берік байланыс орнату Кореядағы басты құндылықтар болды [2, 93 б.].

Заманауи Кореяда әйелдер еркектермен қатар жұмыс істеп, жоғарғы лауазымдардан орнығып, тіпті президенттік билікте орын алған кездеріде болды. Ал кейбіреулері еркектермен қарым-қатынас құрмау керек деген ойға келеді. Осыдан қазіргі таңда корей азаматшалары арасында «сампо ұрпағы» деген термин пайда болды [3]. «삼포» сөзі корей

тілінен аударатын болсақ «үш нәрседен бас тарту» деген мағынада сипатталады. Олар: некеге құрудан, бала туу мен ерлермен кездесуден түбегейлі бас тарту.

2018 жылғы Кореяның денсаулық сақтау және әлеуметтік мәселелер институтының жүргізілген зерттеуі бойынша, 20 мен 44 жас шамасы аралығындағы корей азаматтарының басым көпшілігі қарым-қатынаста болмағандығы мәлім болды. Олардың ішінде ерлердің 51% -ы және әйелдердің 64% -ы саналы түрде бойдақ болуды таңдады. Көбінесе, осы тақырыпты оқып-зеттеу кезінде авторлар елдегі төмен туу көрсеткіштің нәтижесі, яғни демография саласының проблемасы ретінде көбірек қарастырған. Алайда, ол өзгеріп жатқан отбасылық құндылықтардың өзгеруіне қалай әсер ететініне және жалғыздықты таңдаған адамдардың көп талқыға салынбағандығын атап өткен жөн.

Берілген мақаланың мақсаты сампо ұрпағы мен отбасы құндылықтары арасындағы туында

ған мәселерді терең түрде зерттеп қарастыру. Кореядағы «чайлдфридін» нұсқасы «сампоның» ерекшелігі және негізгі бағытталған нысаны көрсетілді. «Сампо» термині жалпы Кореядағы туу көрсеткішінің төмендеу мәселесімен жан-жақты қарастырылғанымен, олардың қоғамдағы белгілі бір өзгеріске деген әсері осы мақаладан көрініс табады. Неліктен Кореядағы жастар отбасы құрып, балалы болудан қарағанда жалғыздықты таңдағанның мәселесі анықталып, қолданылған деректердің арқасында әсер етуші негізгі факторлар жарияланып, осы терминді ұстанатын азаматшалардың үлесі жыл сайын артқандығы анықталды. Осы уақытқа дейінгі жүргізілген зерттеулердің көмегімен, оның қалыптасу тарихы мен орнығуы туралы мәліметтер жинақталды. Берілген зерттеудің нәтижелері «сампо ұрпақтарына» немесе отбасыларына қатысты болашақ жұмыстарда кеңінен қолдануға болады.

#### **Әдеби шолу.**

Отбасылар өз қызметін жалғастыра береді, бірақ әйелдер оларға бұрынғыдай қатыспады [4]. Зерттеулер бойынша, бірнеше онжылдықтар бұрын Кореядағы отбасылық өміде үлкен мен кіші арасындағы ажырамас байланыс орнағанын білеміз [5, 146 б.]. Некеге тұру және ата-ана болу көпшілікке міндет пен парыз ретінде қарастырылды, ал әлсіз отбасы мүшелеріне (жас та, кәріге де) қамқорлық жасау жауапкершілік толығымен дерлік отбасының өзіне жүктелді. Ер азаматтар көбіне ұзақ және толық жұмыс істейтін, ал әйелдер үйде, әсіресе балалар тәрбиесімен айналысып, ақысыз жұмыс жасайтын. Бүгінде жағдай басқаша болып көрінеді. Корейліктердің некеге, отбасылық және гендерлік рөлдерге қатынасы соңғы онжылдықтарда өзара жауапкершілік пен міндеттемелердің қатаң жүйесінен алшақтап, әлсіреді. Әсіресе, жас корейлер некеге және ата-аналыққа бұрынғы жылдарға қарағанда азырақ салмақ түсіруде, өйткені олардың көбісі екеуін де міндеттеме емес, таңдау деп санайды [3].

Мемлекеттің экономикасын дағдарысқа ұшыраған кейін әйелдер тарапынан еңбекке араласуы, ертеден қалыптасқан жанұя принциптерінің өзгеріске ұшырауына өз әсерін тигізді. Қазірде күншығыс елінде көбірек үйленбеуге, балалы болмауға және көбінесе ер адамдармен жақын қарым-қатынас жасамауға шешім қабылдайтын әйелдердің бар екені белгілі. Бұл құбылысты қоғам арасында ерекше атаумен белгіленіп - «сампо ұрпақтары» деген термин ретінде қалыптасты. Бұл атау 2011 жылы шыққан «Кунгхянг» газетінің санында алғаш рет жазылып өткен болатын. Терминнің туындау себебі экономикалық өсудің төмен қарқыны мен нақты экономикалық құрылымға байланысты делінеді, өйткені жалақы өте аз, бірақ инфляция мен стагфляция жиі кездеседі, сондықтан өмір сүру құны төменгі табысқа қарағанда жоғары болады. Осыдан әртүрлі бұқаралық ақпарат құралдары, саясат және ғаламтор арқылы ол жастардың өмірі мен қоғамдық мәселелерді қарастыратын символикалық терминнің біріне айналды [5, 147 б.].

Оның пайда болуын автор корей әйелдерінің дәстүрлі корей отбасындағы жағдайы оның ерлермен салыстырып қарағанда төмен болатын гендерлік теңсіздік пен әйелдердің езгісін тудырған қатаң патриархаттың әлеуметтік негіздеріне жауап беруінің бір түрі болды деп

көрсетеді. Оңтүстік корейлық ерлердің шамамен 80 %-ы әйелдерге физикалық немесе психологиялық қысым жасайтындығын көрсеткен әлеуметтік сауалнамалардың нәтижелерін ескере отырып, «сампо ұрпақтары» өкілдері әйелдерді кемсітуге және оларға деген қатыгездікке наразылық деп көрсетуде [6, 43 б.]

«Сампо ұрпағының» пайда болуының маңызды себептерінің бірі - білім беру жүйесіндегі бәсекелестіктің жоғары деңгейі. «Сампо ұрпағын» дамытудың тағы бір факторы - бұл балаларды тәрбиелеуге кететін шығындары. Осыған дейін, балалар ауылшаруашылығын жүзеге асырудағы қосымша көмек күші ретінде қарастырылған. Отбасында неғұрлым көп балалар болса, соғұрлым ата-аналарға жерді өңдеу оңай болды. Енді ата-аналардың мақсаты санына емес, балалардың сапасы басты назар аудару болып табылады [6, 44 б.].

Өздерін «сампо ұрпағына» жатқызатын жастар осындай жағдайдың орын алуын демографиялық өзгерістер, экономикалық жағдай, қаржылай бірінші өзін қамтамасыз ету және «палли-палли» жүйесімен тығыз байланыстырады. Аты аталған факторлар корей азаматтарының айтуы бойынша ең негізгі мәселелер болып табылады. Әйел азаматтар осы ұстанымды негізге алуы, отбасылы топтар мен ересектер арасында дисбаланс орнауда. Олар керісінше олардың ұстанып отырған ұстанымдары дұрыс емес екенін алға тартуда. Өз заманында кемінде 5 бала туып өмір сүре білгенін айтады. Ал бала тәрбиелеуші топтар бала тумайтын отбасыларға кері көзқараспен қарайды. Бала туудан өз еріктерімен бас тартқанымен оларды бедеу отбасылар ретінде қарастырып, бұл некеде екі тарап бақыттың шың мәнін түсінбейді және олардың ойлары дұрыс емес деп жауап береді. Тіпті оларды тым өзімшіл адамдар деп атайды.

Осыдан Кореяда әліде жұмыста әйел азаматтарын кемсіту және ерлерге қарағанда төмен көзқарасы жойылмағандығын байқауымызға болады. Қарап отырсақ «сампо ұрпағы» нәтижесінде көптеген мәселелер қозғалды. Жыл сайын олардың көзқарасын жақтаушылардың саны өспес үшін шараларды қолдану керек. Бұл мәселенің шешімі әрине мемлекет пен сол елдің азаматтарының мойнында. Өздері «сампо ұрпағына» жатқызатын өкілдер осының барлығына мемлекет кінәлі дейді.

2019 ж. ғаламтор желісінде жүргізілген сауалнамалардың нәтижесі бойынша некеде тұрмаған жастардың көбісі отбасы құруға асықпағандығы және бала тууға байланысты теріс көзқараста екендігін 70% көруімізге болады. Міндетті түрде үйленуге байланысты әйелдерге қарағанда ерлердің тарапынан қызығушылықтары бар. Бұл сауалнама бойынша жалғызбасты адамдар неке құрмаған жағдайда еш қиындық көрмейтінін байқаймыз. Сонымен қатар неке құрғанның өзінде олар бала туудан бас тартатынын ашық айтып отыр. Бұл мәлімдеме көбінесе әйел адамдар тарапынан ұсынылып отыр [7].

Жоғарыда ұсынылған әдебиеттердің зерттей келе, бұл құбылыс демографиялық тұрғыза өз зардабын тигізгендігін анықталды. Жастардың осындай көзқарастарының туындауы ол экономикалық ғажайыптың бір көрінісі деп есептеуде авторлар.

### **Әдістер.**

Бұл мақалада қолданылған әдістер «сампо ұрпағы» мен отбасы құндылықтары арасындағы мәселені анықтау үшін қолданылды. Атап айтсақ, бұл тақырыпқа байланысты жасалған зерттелулер саны аз болғандықтан жүргізілген сауалнама сандық әдістерді қолдану арқылы жүрізілді.

Мақаланың негізді әдістері ретінде теориялық және эмпирикалық әдіс түрлері қолданылды. Тақырыптың кіріспе барысында алдыңғы зерттеушілер жүргізген зерттеулерді қарастыру барысында анализдеу және синтездеу әдісі және индукция және абстрактілеу әдісі жүргізілді. Сонымен бірге эмпирикалық әдіс барысында сандық түрі қарастырылды.

Сандық әдіс Оңтүстік Корея мемлекетінің азаматтары арасында онлайн сауалнама түріде жүргізілді. Талқыланатын тақырып жастардың арасында өзекті болғандықтан незігінен 20-40 жас аралығындағы азаматтарды қарастырды. Сауалнама 2020 жылдың 30.11-5.12 арасында жабық сұрақ формасы түрінде жүрді. Сауалнама он бір сұрақтан тұрып, корей тілінде жасалынды. Сұрақтарды құрастыру барысында алдындағы жүргізілген зерттеулер



үлгіге алынды. Сұрақтар егжей-тегжей құрастылып, жеңіл түрден қиын түрге ұласып, логикалық тәртіп бойынша орналастырылып жасалынды. Сұрақтардың мазмұны бойынша бір-бірімен мағынасы жағынан тығыз байланысқандықтан рет-ретімен жүрді. Сауалнамаға жауап берушілер тарапына байланысты «Snow-ball» тәсілі арқылы жүзеге асырылды. Бұл әдіс белгіленген уақыт аралығынды жылдам жауап алып, жауап берушілер міндетті түрде оны толтыратындығымен тиімді болды. Сауалнама негізінен анонимді түрде жүргізілді, онда көбінесе жас ерекшелігі мен қоғамдық статусы ескерілді. Жас шамасы арқылы қатысушылар тағы екі топты құрап, 20-30 бен 30-40 жас аралығындағы қатысушылар арасында тақырыпқа қатысты ойлары бірдей немесе бөлек екендігі анықталды.

### Құралдар.

Әлемде орын алған пандемиялық жағдайларды ескере отырып сауалнама онлайн түрде жүргізілді. Сұрақтарды құрастырудың негізгі платформасы ретінде кең тараған Google Forms қосымшасы пайдаланылды. Ол барлығына бегілі және жауапты бірден алып, дайын статистиканы ұсынады. Сонымен қатар сұрақтардың тез таралуы мақсатында Gmail, What's App пен Какао Talk секілді месенджерлер қолданылды. Қатысушылар почта немесе жоғарыда аталған месенджер арқылы тікелей сауалнамаға қатысу мүмкіндігіне ие болды.

### Нәтижелер.

Сауалнаманың жалпы қатысушылары Оңтүстік Кореядағы 22 азаматтарынан құрастырылып құралды. Жауап берушілердің 85,7 % -ы жұмыскерлер санатынан, ал 14,3 % -ы студенттер болып табылды. Оларды жас шамасына қарай екі топқа бөліп қарастыруға болады. Бірінші топқа 20-30 жасқа дейінгі жауаптар бойынша 11 адам, ал 30-40 жас аралығындағы қатысушылардан 11 адам болды. Оларға негізінен келесідей (1-кесте) сұрақтар қойылды:

1-кесте

«Сампо ұрпағы» және оның отбасылық құндылықтарға әсері (автор құрастырды).

Жауаптар	Иә	Жоқ	Білмеймін	Жауап беру қиын
«Сампо ұрпағы» үлкен мәселе ме?	68,2 %	27,2 %	-	9,1 %
Әйелдер міндетті бала тууы керек	-	77,3%	-	22,7 %
Отбасы құрған/құрмаған жағдайда балалы болмаймын	13,6 %	36,4%	27,3 %	22,7 %
Некеде тұрмаған адам өзімшіл адам ба?	-	95,5%	-	4,5 %
Мансап құру үшін баладан бас тартамын	27,3 %	40,9%	4,5 %	27,3 %
Достарыңыздың арасында сампо ұрпағы бар ма?	63,6 %	13,6%	22,7 %	-
Өзіңізді «сампо» қатарына жатқызасыз ба?	22,7 %	59,1%	4,5 %	13,6 %

Сұрақтардың барлығы жабық түрде құрастырылғандықтан оларға келесі формадағыдай жауаптары ұсынылды: иә, жоқ, білмеймін, жауап беру қиын. Осы екі топ арасындағы сампо ұрпағы не? деген сұраққа жауаптарды салыстырып қарастыратын болсақ, бірінші топтағы жауап берушілердің бұл сұрақ туралы толық мәлімет білмейтіні анықталды, ал екінші топтағылар бұл сұраққа барлығы дерлік дұрыс жауап берді. Яғни бұл жастардың арасында «сампо» термині дұрыс түсінбейтіндері бар екендігін көрсетеді. Ал өзіңізді сампо ұрпағына жатқызасыз ба? деген сұраққа екінші топтағы қатысушылар «иә» деп жауап берушілер бірінші топпен салыстырғанда көп. Отбасы құрған/құрмаған жағдайда балалы болмаймын сұрағына бірінші топтағы жауап берушілер жауап беру қиын екендігін ашып айтты. Ол дегеніміз бұл құбылыс отыз жастағы адамдар арасында кеңірек таралып талқыланса, жиырма жастағы жауап берушілердің отбасы құру туралы жоспарламағандықтан, оған деген көзқарас толық қалыптаспағандығын көруімізге болады.

Сампо ұрпағы отбасы құндылықтарында ненің өзгерісіне алып келді?



Сауалнамадағы атап өтетін ең негізгі сұрақтардың бірі «сампо ұрпағы» отбасы құндылығының қалай өзгерті деген сұраққа 68,2% дәстүрлі көзқарастардың, 22,7% әйелдердің рөлін, 4,5% балаларға деген махаббатты, 4,5% жұп арасындағы қатынас өзгерді деп көрсетті (1-суретте) [10]. Жоғарыда кестеде көрсетілгендей «сампо ұрпағын» жартысынан көбісі үлкен мәселе екенін атап өтті. Әйел азаматтары бала туу міндетті емес екенін байқауымызға болады. Келесі сұраққа жауап берушілердің арасында бірнеше топқа бөлінгенін көруімізге болады. Және неке құрмаған адамдарға жастар өзімшіл деп санамайтындығын айта аламыз. Мансап құру немесе жалғастыру үшін баладан бас тартатын адамдарға қарағанда бас тартпайтын адамдар көп екенін байқауымызға болады. Осыдан біз жауап берген қатысушылардың арасынан «сампо ұрпағына» жататындардың саны көп болмағанымен, олардың достарының арасында немесе қоғамда олардың саны жоқ емес бар екенін байқауымызға болды.

#### Талқылау.

Бұл зерттеу нәтижесі «сампо ұрпағын» теренірек түснуге бағытталған. Алынған жауаптарды сараптай келе «сампо ұрпағы» деген термин корей жастарына арасында соңғы кездегі кеңінен қолданылатын ұғым екенін аңғардық және үлкен мәселе екені анықталды. Көбінесе әйелдер қауымы ерлерге қарағанда өздерін осы топқа көбірек жатқызады. Мақаланың негізгі сұрағы идеологияның отбасылық құндылықтарға өз өзгерісін тигізді ме деген сұраққа жауап берушілер оң көзқарасын білдірді және ең негізгі көрінісі конфуциялық ойдың өзгерісіне алып келді деп көрсетті. Жастар бұрындағыдай бірінші некеге тұруды емес, білім алу мен өз-өзін дамытуға бағыттайтын алдыңғы орынғы қояды. Олардың үш құндылықтардан бас тартуы бұрыннан бері қалыптасып кележатқан заңдылықтардың өзгерісіне алып келді [8].

Сауалнама нәтижесіне сәйкес жиырма екі адамның тек бесеуі өздерін «сампо ұрпағы» деп атаған болатын. Әрине бұл «сампо ұрпағын» анықтаудағы жақсы көрсеткіш деп айта алмаймыз. Алайда олардың достарының арасында «сампо ұрпағы» бар деп жауап бергендер көп болған. Бұл осыған дейін зерттеулер нәтижесімен ұқсас келетінін байқауымызға болады [9]. Ал некеге байланысты қойылған жауаптар Корей денсаулық сақтау ассоциациясы нәтижесімен салыстыратын болсақ некеге байланысты қатыстырылып қойылған сұрақтардың нәтижелері сәйкес келмейтінін байқауымызға болады. Ондағы жалпы көрсеткіштер бойынша алынған нәтижелер көбіне бала туу, некеге тұруға қатысты теріс ойда екенін байқалды [7].

Сауалнама «сампо ұрпағы» туралы нақты зерттеу сипаттамасын көрсетеді. Өйткені «сампо ұрпағына» байланысты Кореяда жүргізілген зерттеулер саны көп емес және оны көбінесе елдегі демографиялық дағдарыспен байланыстырылып жасайды. Әрине олардың

бөліп қарастырмағаны қалыпты жағдай болып табылады. Өйткені Кореяда қазіргі таңда демографиялық дағдарыс мәселесі өршіп тұр. Ал бұл зерттеудің нәтижелері демографиялық мәселелерді қарастырмай отбасылық құндылықтар мен жастардың оған қатысты ойларын жинақтап оны жеткізе білуге кездеседі. Дәстүрлі көзқарас деген үлкен ұғым болып табылады. Соның ішінде біреулері үшін конфуцийшілдік ұстанымдар, немесе отбасында қалыптақан дәстүрлер немесе үйленуге байланысты салт-жоралғылар болуы мүмкін. Сондықтанда жауап берушілердің әйелдің ролін емес, осы нұсқаны тандаудағы себептердің бір болып табылады.

### **Қорытынды.**

Адамзаттың өмір сүру барысы отбасымен тығыз байланысты болып келеді. Әркімнің өзіне атқаруға тиісті ролі болып, әрқайсысы осы рөлді толықтай атқарып отырды. Осы тұста әйелдердің ұрпақ жалғастыруы оның биологиялық тұрғыдағы ерекшелігі болып есептелді. Уақыт өте келе баланы дүниеге әкелу мәселесі кейінге шегеріліп отырғанын байқауымызға болады. Мақала Кореялық азаматшалалардың баладан бас тартуына не кедергі болғанымен қатар, олардың қабылдаған шешімдері қандай қиынлықтарға алып келгендігі анықталды.

Елде орын алған экономикалық ғажайыптың зардабын қазіргі ұрпақ өкілдеріне өз зардабын алып келуде. Кореяның жаһандану процесіне енуі оның алдыға жылжуына көптеген көмегін тигізумен қатар кері әсерлеріде байқалуды. Сондай бір көрініс әйел азаматтарының жаппай білім алуы мен отбасыға деген көзқарасының бұрығыдан салыстырғанда өзгешеленуі.

Конфуцишілдік негізді ұстанатын мемлекет үшін еркектер мен әйелдердің ролі екітүрлі және әйел азаматтарына қатысты дискриминацияның орын алуын байқаған корей азаматшалары наразылықтарын ашық білдіре бастады. Осылайша сайлауда, білім алуда, жұмысқа орналасу және т.б. салалада оларға басымдылықтар көрсетілді. Түрлі наразылықтар тіпті идеологияға осы мақалада қозғалып отырған тақырыптан көріп отырмыз. «Сампо ұрпағы» бұл өздерін үш құндықтан бас тартатын адамдардың тобына қатыстырылып қолданылатын термин. Бұл мәселенің тәңірегін зерттей келе оның тек Оңтүстік Кореяда ғана таралған ұғым екені анықталды, және бұл термин түрлі салалармен тығыз байланыста екендігіне көзіміз жетті. Аталмыш терминнің пайда болуына көп уақыт болмағанымен, бірақ оның қоғам арасында кең таралуы қазіргі таңдағы өзекті мәселе болып табылады.

Сонымен «сампо ұрпағы» бұл отбасындағы құндылықтардың өзгеруіне алып келген бірден бір фактор. Жүргізілген сауалнама арқылы тек оның маңыздылығын ғана емес оның болашаққа тигізетін әсері туралы қарастырылды. Сауалнаманың нәтижелері көрсеткендей «сампо» дәстүрлі ертеден бері сақталып кележатқан көзқарастың түбегейлі өзгерісіне алып келді. Жалпылама айтатын болсақ олар бірдеуден тәселді болғысы келмейді және өмірінің өзіне арнағаны өзімшілдікке деп есептелмейді. Әрине бала туу немесе кездесу міндетті деп айта алмаймыз, алайда барлығы осы жолды тандауы дұрыс шешім деп пайымдауға алып келмейді. Сауалнаманы некеге тұрған және тұрмаған деп бөліп қарастырғанда тақырыптың ашылуы тереңдей түсер еді. Мақала толық түрде өзгерген құндылықтардың әрқайсысын жеке қарастырмағандықтан тек жалпылама сипаттап өтеді. Жүргізілген зерттеу «сампо» тақырыбын отбасылық құндылықтармен байланыстырып, осыдан туындаған мәселені анықтайды.

### *References:*

1. Agrillo, C., & Nelini, C. (2008). *Childfree by choice: a review. Journal of Cultural Geography*, 25(3), 347–363.
2. Yang, H. (2008). *A journey of family law reform in Korea: tradition, equality, and social change. Journal of Korean Law*. 8, 77-94.
3. Seo, S.H. (2017). *Low fertility trend in the Republic of Korea and the problems of its family and demographic policy implementation. Population and Economics*, 3(2): 29–35

4. Janet, A. (1991). *Housewives, breadwinners, mothers, and family heads: the changing family roles of women. Advances in Consumer Research*. 8, 576-579.
5. Kim, K. (2017). *The changing role of employment status in marriage formation among young Korean adults. Demographic research*, 36(5), 145–172.
6. Эм, П.П. (2019). *Республика Корея. Второй демографический переход: особенности и результаты. Азия и Африка сегодня*, 1, 38-45.
7. Park, S.M. (2019, April 12). *60% of unmarried men and women in their twenties "I will not give birth to children, whether married or not". The Donga Ilbo. Retrieved from <http://www.donga.com/news/article/all/20191204/98663652/1>*
8. Kang, S.M. (2019, April 23). *The 'sampo generation' that defines youth discourse rather prevents the possibility of youth. The Hankyoreh. Retrieved from [http://m.hani.co.kr/arti/society/society\\_general/891210.html#cb](http://m.hani.co.kr/arti/society/society_general/891210.html#cb)*
9. Park, H.J. (2012, February 1). *4 out of 10 people in their 20s and 30s "I'm Sampo Generation". The Asia Business Daily. Retrieved from <https://cm.asiae.co.kr/article/2012020107411318635>*
10. Google forms. [https://docs.google.com/forms/d/1rjoFvk1KZIDPWia8\\_Hgmn1ZG0REUYKmuVzdmfDITZwE/edit](https://docs.google.com/forms/d/1rjoFvk1KZIDPWia8_Hgmn1ZG0REUYKmuVzdmfDITZwE/edit)

XFTAP 04.51.67

<https://doi.org/10.51889/2021-1.1728-8940.31>

А.С. Еламанова<sup>1</sup>, К.А. Авсыдыкова<sup>1</sup>

<sup>1</sup> *әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті  
Қазақстан*

## ЖАС ЖАЛҒЫЗБАСТЫ АНАЛАРДЫ СОЦИОРЕАДАПТАЦИЯЛАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ӘЛЕУМЕТТІК АСПЕКТ РЕТІНДЕ

*Аңдатпа*

Жалғызбасты жас аналарды социореадаптациялау - өзекті мәселе. Себебі заманауи қоғамда олардың санының көбейе түсуі қоғамды алаңдатып отыр. Оның негізгі факторларын анықтау барысында «ерте жүктілік», «жасөспірім жаста ана болу» түсінігін айқындау арқылы әлеуметтік жетімдіктің алдын алу шаралары қозғалады. Жасөспірім жастағы жүктілік пен ана болу әлеуметтік-мәдени проблемалар аясында қарастырылып, осыдан туатын зардаптар жүйеленіп сараланады.

Мақалада ананың баладан бас тартуының алдын алып, балалар үйлеріндегі әлеуметтік жетімдікке жол бермеу мақсатында шетелдерде қалыптасқан оң тәжірибелерге шолу жасалынады. Қазақстандағы «Ана үйі» жобасы – осы бағыттағы тиімді жобалардың бірегейі болып табылады. Жоба қиын жағдайға тап болған жас аналарды әлеуметтік және психологиялық сүйемелдеуді жүзеге асырады, олардың өздеріне жақын адамдарымен, туыстарымен байланысын қалпына келтіру, психоэмоционалды жағдайын тұрақтандыру, бала алдындағы жауапкершілігін, аналық махаббатын ояту, қалыптастыру, қоршаған ортаға қайта бейімдеу және тағы басқа әлеуметтік бағыттардағы мәселелерді шешуде ауқымды жұмыстар атқаруда.

**Түйін сөздер:** отбасы құндылықтары, жас ана, ерте жүктілік, әлеуметтік жетімдік, жалғызбасты ана, әлеуметтік бейімдеу, «Ана үйі»

A.S. Yelamanova <sup>1</sup>, K.A. Avsydykova<sup>1</sup>

<sup>1</sup>al-Farabi Kazakh National University  
Kazakhstan

## PROBLEMS OF SOCIOREADAPTATION OF YOUNG SINGLE MOTHERS AS A SOCIAL ASPECT

### *Abstract*

Socioreadaptation of young single mothers - the actual problem is. This is due to the fact that in modern society, an increasing number of them are worrying society. In the process of identifying its main factors, measures for the prevention of social orphanhood are affected by defining the concept of «early pregnancy», «motherhood in adolescence». In adolescence, pregnancy and motherhood are considered within the framework of socio-cultural problems, and the consequences of this are differentiated systematically.

The article provides an overview of the positive experience that has developed abroad, in order to prevent the abandonment of the mother of the child and prevent social orphanhood in orphanages. The project «Mother house» in Kazakhstan is one of the most effective projects in this direction. The project provides social and psychological support to young mothers who find themselves in a difficult life situation, conducts large-scale work to solve social problems: restoring contacts with relatives, stabilizing the psycho-emotional state, awakening responsibility to the child, maternal love, formation, adaptation to the environment, etc.

**Keywords:** family values, young mother, early pregnancy, social orphanhood, single mother, social adaptation «Mother house»

Еламанова А.С.<sup>1</sup>, Авсыдыкова К.А.<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Казахский национальный университет имени аль-Фараби  
Казахстан

## ПРОБЛЕМЫ СОЦИОРЕАДАПТАЦИИ МОЛОДЫХ ОДИНОКИХ МАТЕРЕЙ КАК СОЦИАЛЬНЫЙ АСПЕКТ

### *Аннотация*

Социореадаптация молодых одиноких матерей - актуальная проблема. Это связано с тем, что в современном обществе все большее их число беспокоит общество. В процессе выявления ее основных факторов затрагиваются меры профилактики социального сиротства путем определения понятия «ранняя беременность», «материнство в подростковом возрасте». В подростковом возрасте беременность и материнство рассматриваются в рамках социокультурных проблем, а последствия от этого дифференцируются системно.

В статье дается обзор позитивного опыта, сложившегося за рубежом, с целью предотвращения отказа матери от ребенка и недопущения социального сиротства в детских домах. Проект «Дом мамы» в Казахстане – один из эффективных проектов в этом направлении. Проект осуществляет социальное и психологическое сопровождение молодых матерей, оказавшихся в трудной жизненной ситуации, проводит масштабную работу по решению проблем социальной направленности: восстановление контактов с близкими, родственниками, стабилизация психоэмоционального состояния, пробуждение ответственности перед ребенком, материнской любви, формирование, адаптация к окружающей среде и др.

**Ключевые слова:** семейные ценности, молодая мать, ранняя беременность, социальное сиротство, одинокая мать, социальная адаптация «Дом мамы»

**Кіріспе.** Жас жалғызбасты аналарды социореадаптациялау және қорғау мәселесі өте өзекті екені баршаға аян. Жасөспірім қыздардың ерте ана атануы салдарынан елімізде тірі жетімдердің саны көбейе түсуде. Өз отбасынан, туған-туыстарынан, баланың әкесінен қолдау көрмеген, барып тұратын жері жоқ, материалдық тұрғыдан өзін және баласын қамтамасыз ете алмайтын, аналық махаббаты жетілмеген жас ананың әлеуметтік қолдау көрмеуі оның көп жағдайда баласынан бас тартып, жетімдер үйіне өткізуіне әкеп соғады.

Көп жылдарға дейін жас жалғызбасты аналардың мәселесі біздің елімізде әлеуметтік қорғалмағандардың санатында қарастырылмады. Ол мемлекет және қоғамдық ұйымдар тарапынан назар аударуды, социореадаптацияны қажет ететін нысан ретінде арнайы сөз болған жоқ. Бұның себептерінің бірі, отбасы құндылықтары, ата-ана тәрбиесі, ұрпақ жалғастығының маңызы зор болған дәстүрлі қазақ қоғамында некесіз бала тапқандар, оның ішінде кәмелетке толмаған аналар туралы айтудың өзі ұят болды. Сондықтан бұл мәселені қоғамда ашық жариялау соңғы жылдарда ғана мүмкін бола бастады. «Ерте жүктілік», «жасөспірім жаста ана болу» мәселесін зерттеп зерделеу мына бағыттарға басты назар аударудың өзектілігін айқындап отыр:

Балалар мен жастар, олардың ата-аналары арасында салауатты өмір салтын насихаттау, денсаулықты сақтаудың формалары, жоспарланбаған жүктіліктің алдын алу мен тәсілдері туралы ақпараттарды нәтижелі түрде, дер уақытында жеткізіп отыру;

Қоғамдағы отбасы құндылықтары мен отбасының беделін арттыру, неке, ата-аналар дәстүрін насихаттау, нарықтық қатынастар жағдайында отбасы құруға дайындау;

Отбасыға көрсетілетін әлеуметтік көмек тетіктерін жетілдіру;

Көп балалы болуға талпынатын отбасыларды қолдау;

Жас аналарды әлеуметтік кепілдіктермен қамтамасыз ету, еңбек нарқында олардың құқық шектеуге жол бермеу;

Жастар үшін сапалы денсаулық қорғау жүйесін қол жетімді ету.

Бұл көрсетілген шараларды жүйелі түрде жүзеге асыру жас қазақстандықтардың өз денсаулығына жауапкершілікпен қарауына, түрлі аурулардың алдын-алуға ықпал етеді.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті - Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан – 2050» Стратегиясының «Әлеуметтік саясаттың жаңа принциптері – әлеуметтік кепілдіктер мен жеке жауапкершілік» деп аталатын бағытында: «Біздің елімізде толық емес отбасылар көп. Бейбіт өмірдің өзінде бізде мыңдаған жетімдер бар – балалар үйлері толы. Бұл, өкінішке қарай, жалпыәлемдік үрдіс және жаһанданудың сынағы. Бірақ біз бұл үрдіспен күресуіміз керек. Мен ажырасуға қарсымын, жастарды отбасы құндылығы, ажырасудың қасірет екендігі рухында тәрбиелеу керек, өйткені оның салдарынан, ең алдымен, балалар зардап шегеді. Бала тәрбиесі – тек ананың емес, ата-ананың екеуінің де міндеті» деп ана мен баланы қорғау, әйелдерге қамқорлық мәселесіне ерекше мән берді [1].

Қазіргі күн тәртібіндегі тағы бір мәселе – осындай кәмелетке толмаған жас аналар санының көбеюі. Жасөспірім кезде жүкті болғандардың 80% жасанды түсік жасатады. Дүниежүзілік Денсаулық сақтау ұйымының ресми сайтында жарияланған мәліметке сүйенсек, жыл сайын 15-19 жас аралығындағы 21 миллионға жуық қыз бала жүкті болып, оның 12 миллионы бала табады екен. Дамушы елдерде жыл сайын 15 жасқа дейінгі 777 мыңнан астам жасөспірім қыз босанады. Зерттеушілердің пікірінше, соңғы 20 жылда жасөспірімдер арасында туу фактісі 11,6% азайған. Бірақ бұл көрсеткіштерді аймақтар бойынша саралағанда ала-құлалық байқалады. Мысалы, Шығыс Азия елдерінде жасөспірім қыз баланың туу көрсеткіші 7,1 болса, бұл Орталық Африка елдерінде 129,5 көрсеткішті құрайды [2]. Латын Америкасы елдерінде ерте ана болу мәселесі мәдени дәстүрлер мен этникалық ерекшеліктерден көрі заманауи әлеуметтік-мәдени өмірге байланысты.

**Нәтижелерді талдау.** Еуропа мен Солтүстік Америкада ерте ана болу күрделі әлеуметтік проблемаға жатады. Бұл елдерде денсаулық сақтау, білім, әлеуметтік қорғау жүйелері өте жақсы дамыған, олар отбасының мүшелері, педагогтар, әлеуметтік қызметкерлер,

психологтар, дәрігерлердің және тағы басқалардың өзара іс-әрекеттесуі арқылы жас аналарды қоғамға қайта бейімдеуге ықпал етуде.

Бұдан байқағанымыз, кәмелетке толмағандар арасында ерте ана атану мәселесі табыс көлемі төмен елдерде өте өзекті. Осы елдердегі білім алу, мамандық игеру, жұмысқа орналасудың қиындығы, тұрмыс жағдайының төмендігі де ерте жүктілік мәселесін тереңдетіп жіберуде.

Ерте жүкті болғысы келмеген жас қыздардың көбісі сақтану құралдары туралы мүлде білмейді, білген жағдайда да көп ретте олар қол жетімді емес. Тағы бір жоспарланбаған жүктіліктің себебі – жастайынан өзгелердің тарапынан сексуалды зорлыққа ұшырау, ерте жүкті болғандардың үштен бірі осындай зорлық-зомбылықтың құрбандары екендігі өте өкінішті. Бұл туралы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2020 жылғы 1 қыркүйектегі «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты халыққа Жолдауында атап көрсетті: «Біз кәмелет жасқа толмаған балаларға қатысты жыныстық сипаттағы әрекеттері үшін қылмыстық жазаны едәуір қатаңдаттық. Алайда бұл проблема әлі де ұшығып тұр. Мұндай әрбір істі прокуратура органдары ерекше бақылауға алуы тиіс. Әлеуметтік және құқық қорғау органдарының әрекетсіздігі немесе салғырттығына байланысты қатаң жаза орнатылатын болады. Жалпы бізге әлеуметтік саясаттың жаңа парадигмасы керек» [3].

Жасөспірім қыздардың ана болуы («өзі баланың балалы болуы») - үлкен проблема, оған әртүрлі сипаттағы: экономикалық, әлеуметтік, психологиялық, мәдени, адамгершілік сипаттағы факторлар ықпал етеді. Бұл жерде қоғамда жылдар бойы қалыптасқан дәстүрлі құндылықтардың рухани құлдырауы да әсер ететініне, сонымен бірге биологиялық тұрғыдан жетілуі аяқталмаған қыз баланың денсаулығы ерте жүктілік салдарынан төмендейтініне де назар аударуымыз керек.

Әкесіз бала тапқан жас аналарды әлеуметтік-қоғамдық тұрғыдан қабылдамау, оларды замандастары, ата-аналары, туыстары тарапынан тәлкек ету жағдаяттары жиі кездеседі. Өз жасынан тым ерте жүкті болған қыздарға мектепті немесе басқа да оқу орындарын тастауларына тура келеді. Көптеген елдерде олардың білімін жалғастыруына, мамандық игеруіне, содан кейін жұмысқа орналасуына ықпал ету жұмыстары жүргізіліп келеді [4].

Әлем бойынша 15-19 жас аралығындағы қыздар өлімінің басым көпшілігі ерте жүктілік кесірінен немесе бала үстінен болып жатады. Дүние жүзі бойынша жас қыздар арасында 5,5 миллионға жуық жасанды түсік жасалады, оның 3,9 миллионы ауыр зардаптармен өтеді.

Енді біздің еліміздегі жағдайға оралайық. Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы елдері арасында Қазақстанда 15-19 жас аралығындағы қыздар алты есе жиі босанады. Дәрігер мамандар соңғы үш жылда ерте жүктілік саны көбейіп жатқанын айтып дабыл қағуда. 2019 жылы 15-17 жас аралығындағы 1651 қыздың жүктілігі тіркелген. 2019 жылы Қазақстанда 59 қыз бала жүктілік кесірінен өзіне өзі қол жұмсап, өмірмен қош айтысса, 270 жасөспірім өзіне өзі қол жұмсауға тырысқан. Жыл сайын елімізде ерте жүктіліктің, баланы далаға тастаудың, сексуалды зорлық-зомбылықтың мыңдаған фактілер тіркеледі [5]. Сондықтан жас ананы қолдау, әлеуметтік мәдени ортаға бейімдеу, оны өмірге әкелген баласын тәрбиелеуге үйрету, жауапкершілік сезімін арттыру, білімін жалғастыруға көмектесу, қоғамнан өз орнын табуына ықпал ету, материалдық қолдау факторлары аса маңызды.

Ерте ана болу проблемасы әртүрлі ғылымдар тарапынан қарастырылып келді. Бірақ «ерте ана болу» терминінің өзі нақтылауды қажет етеді. Ресей ғалымдары 18-ге толмаған қыздардың жүкті болып, бала тууын осылай атайды. Ғалым Г.Г.Филиппова «ерте жүктілік», «жасөспірім кездегі ана болу» деп атаса [6], Т.В.Бердникова «жас ана болу» [7], А.В.Стукалова «бала кезде ана болу» [8] деп атап жүр.

Батыстың ғылыми мерзімдік баспасөз беттерінде ХХ ғасырдың 60 жылдарынан бастап осы мәселе белсенді түрде талқылана бастады. Бұл құбылысты зерттеген американдық зерттеуші Анджела Роджерс жасөспірім аналардың өздерінің тәжірибелерін сипаттау үшін қолданатын сөздері мен сөз тіркестеріне ерекше назар аударды [9]. Осы ретте Кеннет Берктің

риторикалық теориясын да атап өткеніміз жөн. Бұл кәмелетке толмаған аналардың тәжірибесін феноменологиялық зерттеудің теориялық негіздемесі болды. Кейін бұл теория «Берктің феминистік сыни теориясы» деген атауға ие болды.

XX ғасырдың 90-жылдарында американдықтар арасында туу және жүктілік жасөспірімдер айтарлықтай төмендеді, бұл үрдіс 2005 жылға дейін созылды, одан кейін бала туу деңгейі қайтадан өсе бастады. Бала туу коэффициентінің төмендеуі кәмелетке толмағандар арасындағы арнайы мектеп бағдарламаларын әзірлеу, оларды талдау нәтижесінде оларды қайта оқытып, экономикалық жағынан тәуелсіз болуға бағытталып жүргізілген жұмыстар негізінде мүмкін болды. Ресей ғалымдары арасында А.Г.Харчев, М.С.Мацковский, С.И.Голод, А.И.Антонов және т. б. ерте ана болу феноменін мәдениеттану тұрғысынан саралады.

Қалай болғанда да бұл зерттеулердің барлығының мақсаты бір - ерте жүктіліктің алдын алу және жас аналарды қолдау жүйесінің теориялық негізін жүйелеу үшін «ерте ана болу» түсінігін айқындау. Шетелдік ғалымдардың зерттеулері «ерте жүктіліктің» алдын-алу және жас аналарды қолдаудың маңыздылығын көрсетті. Біздің елімізде ерте ана болу түсінігі әлеуметтік-мәдени, философиялық тұрғыдан нақты зерттеу нысаны болмаған, бұл мәселені көбірек дәрігер-мамандар көтеріп жүр. Ғалымдар тарапынан көбінесе кәмелетке толмағандардың жалпы мәдениетін арттыру, жыныстық тәрбие, салауатты өмір салтын насихаттау, отбасы құндылықтарын дәріптеу мәселелері ғана айтылып келеді.

Ерте ана болуға мәдени құбылыс ретінде қарау тарихы өмірдің әлеуметтік-экономикалық жағдайымен тікелей байланысты. Ерте заманда өмір сүру ұзақтығы қысқа болды, сондықтан тұқым қалдырудың, оны көбейтудің биологиялық қажеттілігін ерте қанағаттандыра бастады. Қазіргі дамыған елдерде неке жасын мемлекет реттейді, ерте ана болу, негізінен, некеге дейінгі жыныстық қатынастардың салдары болып табылады. Кеннет Берктің риторикалық сыни теориясын талдау кәмелетке толмаған жас аналарға тән сипатты белгілерді айқындайды. Ол жас аналардың сөздік қорын зерттей келе, олардың көбісінің білімі төмен, толық емес немесе қолайсыз отбасынан шыққанын атап көрсетті. Ерте ана болу отбасы құндылығы мен бала туу құндылығы арасындағы қарама-қайшылықтың тереңдеуінен туындайды.

Социумда кәмелетке толмаған аналар туралы жағымсыз стереотип қалыптасқандықтан жас аналар өздерінің проблемасы туралы айтпайды, мемлекеттік ұйымдардан көмек сұраудан қашады. Көмек сұраған жағдайдың өзінде кінәлау, сөгу сияқты жағдаяттарға тап болады. Сондықтан да олардың проблемасы көбінесе дәрігерлік кеңес алу аясында қалып, қоғамдық-әлеуметтік нысан тарапынан назардан тыс қалып келеді.

Енді қазіргі Қазақстанда жас ана атану мәселесіне көзқарасты талдасақ. Біздің елімізде «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексында кәмелетке толғаннан кейін, яғни 18 жастан (ерекше жағдайларда 16 жастан) некеге тұруға рұқсат берілген [10]. Бұл Заңға қарамастан ерте ана атанғандар саны жылдан жылға дейін көбеюде. Жас ананың әлеуметтік-мәдени портреті қазіргі қазақстандық қоғамда жағымсыз сипатқа ие. Бұл жас аналарға көрсетілетін бірыңғай әлеуметтік қолдаудың, жасөспірімдер жүктілігінің алдын алу шараларының барынша жария болмауы және бұл тақырыптың әлі де бола ашық түрде көтерілмеуінде. Ерте жүкті болуға этникалық факторлардың қарым-қатынасын анықтау да аса маңызды. Сексуалды мінез-құлықтың этникалық паттерндері бала туудың жас коэффициентіне этносты сақтаудың экономикалық, әлеуметтік, мәдени факторлары арқылы әсер ететінін көрсетеді. Сондықтан әр елдегі ерте ана болу фактісіне көзқарастың түрлілігі тарихи дәстүрлермен, этносты сақтау қажеттілігімен, үстем діннің нормаларымен айқындалады.

Жасөспірім жастағы жүктілік пен ана болу әлеуметтік-мәдени проблемалар аясында қарастырып, осы саладағы мәліметтерді зерттеу барысында осы проблемадан туатын зардаптарды үш бағытта қарастырудың қажеттілігін көрсетеді: кәмелетке толмаған



аналардың өздері үшін зардаптары; олардың балалары үшін зардаптары, қоғам үшін зардаптары.

Жасөспірім жаста босанудың ана үшін залалды тұстары, біріншіден, кенеттен өзінің элеуметтік ортасынан алшақтауымен түсіндіріледі. Өмірге енді толыққанды араласып келе жатқан, алдында асқақ армандары мен мақсаттары бар жас қыз бірден социумнен ажырап қалады. Оқуынан (мектеп, колледж және т.б.) қол үзіп, оны бітірмей тастап кетуі кейіннен басқа да проблемалардың туындауына себеп болады. Яғни білімі жоқ адам белгілі бір кәсіпті, мамандықты игере алмай қалады, бұл өз кезегінде жұмысқа орналасуын шектейді немесе жұмысқа тұрғанның өзінде жалақысы аз, қызмет көрсететін салаларда (даяшы, ыдыс жуушы, тазалаушы және т.б.) істеуі мүмкін. Мұның өзі материалдық жағынан құлдырауға алып келеді. Өмірге құштарлықпен араласып келе жатқан шақта өз ортасынан айырылып, тұйықталудың өзінің моральдық-психологиялық ауытқуларға, депрессияға әкеп соғатыны тағы бар.

Ал дүниеге келген нәресте үшін зардаптары қандай? Өзі толыққанды жетілмеген, физиологиялық, моральдық, психологиялық, материалдық тұрғыдан ана болуға дайын емес жас аналардың балалары кішкентай кезінен көбіне аурушаң болып келеді, жүктілік кезінде қажетті дәрумендерді уақытылы қабылдамауы, күтінбеуі себепті іштегі баланың дамуында да кемшіліктер орын алады, баладан бас тарту кесірінен көбісі жетімдер үйінде тәрбиеленеді. Ата-ананың жылуын көрмегендіктен, элеуметтік қолдауды нақты сезінбеген балалар жағымсыз әдеттерге үйір болып, бұның аяғы кедейшілікке апарып соқтыруы мүмкін.

Ал қоғам үшін зардаптарының ең бастысы - жас ананы қолдау элеуметтік шығындарды көбейтуге алып келеді. Бұл дегеніміз заңға бағынатын, тұрақты салық төлеп тұрушы азаматтардың наразылығын туғызады. Себебі жас ананың моральдық келбеті қоғамның ортақ қалыптасқан қағидаттарына қайшы келетіні рас.

Міне зардаптардың осындай шоғырын туғызатын жас аналардың мәселесі күннен күнге өте өзекті бола түсуде. Нәрестелік жастың психологиясын зерттеуге арналған еңбектерде (Р.Спиц, М.Эйнсворт, Р.Ж. Мухамедрахимов, С.Ю.Мещерякова және т.б.) баланың толыққанды дамуы мен қалыптасуы үшін баланың анамен бірге өмір сүруі аса маңызды екені нақты атап көрсетіледі. Сондықтан дүниеге енді келген баланы аналық мейіріммен қамтамасыз ету әлем бойынша элеуметтік басымдық берілген шара болып табылады. Баласын жетімдер үйіне өткізген аналарды «өзі де бала ғой, енді қалай бағады» деп ақтап алуға тырысып, одан туатын проблемалардың түп-тамырына үңілмей жататынымыз өтірік емес. Осындай аналарды қамқорлыққа алып, ана болуға дайындау бағытында педагогикалық-психологиялық көмек көрсетіп, ана мен баланың бірге болуын, олардың байланысты үзбеуін қамтамасыз етуге бағытталған социореадаптация жұмыстары тек соңғы кезде ғана қолға алына бастады.

Әрине, Қазақстанда қиын өмір жағдайында қалған аналарды қолдау, оның ішінде жас кезде ана атанып, тағдыр тауқыметін бастан кешіп жатқан қыз балаларды баласынан айырмау, олардың бірге болуын қамтамасыз ету бағытындағы іс-шаралар жүзеге асырылып келеді. Сондай үлкен қадамдардың бірі - жас анаға уақытша тұратын орын ұсыну. Бірақ ондай орталықтардың саны әлі де болса жеткіліксіз, көбісі ірі қалаларда, облыс орталықтарында орналасқан. Шалғай жергілікті жерлерде, аудан орталықтарында осындай проблемаға ұшыраған жас ананы қолдау орталықтары жоқтың қасы. Жалпы алғанда баладан бас тартудың алдын алу бағытында мемлекет тарапынан жасалып жатқан жұмыстардың жеткіліксіздігін де мынадан аңғаруға болады:

- мемлекет тарапынан қаржыландырылатын жас аналарға арналған орталықтар жоқтың қасы;
- осы орталықтарда жұмыс істейтін кадрларды дайындаудың ғылыми негіздемесі жасалмаған;
- жүкті қыз балалар мен жас аналарды қолдауға бағытталған орталықтар мен қоғамдық ұйымдардың өзара әрекеттесу тетіктері ойластырылмаған.

Осы ретте Францияның оң тәжірибесіне тоқталуға болады. 1939 жылдың 29 шілдесіндегі Франция үкіметінің Декреті бойынша әрбір өңірлерде «баладан бас тарту мен баланың өлімінің алдын алу» мақсатын көздейтін Аналар үйі ашылған екен. 1945 жылы ана мен баланы қорғау туралы Қаулыға сәйкес аналарға арналған қонақүйлер ашылды. Бұл қонақүйлер ақылы, жұмыс істейтін аналарға арналған. Франциядағы ана орталықтарының қызметін, оның ішінде «Шармиран» орталығын зерттеген Мәскеу қалалық психологиялық-педагогикалық университетінің доценті М.Е.Ланцбург осы орталықтың миссиясын былай деп ашып көрсетеді:

– «қиын өмірлік жағдайға тап болған жас аналар мен жүкті әйелдердің изоляциясының алдын алу;

– жүктілігін сақтау мен үзуге қатысты таңдау құқығын өзіне қалдырып отырып, аналардың оң жауабынан кейін оларды ана болуға баулу, босануға дайындау немесе баланы асырауға басқа адамға беру. Кез келген жағдайда да ананы күштемеу, өз пікірін тәуелсіз түрде жеткізуіне ықпал ету;

– мейлінше қажетті материалдық көмек көрсету, себебі аналардың көбісінің басындағы басты проблема - тұратын жердің жоқтығы және баланы сақтап қалу мәселесі;

– оларға социореадаптация барысында психологиялық және педагогикалық көмек көрсету (ана болу, ерлі-зайыптылық, жыныстық қарым-қатынас және т.б. туралы ақпарат алуға мүмкіндік беру, баланың болашақтағы тағдырына қатысты жоспарын айқындау, әлеуметтік және кәсіби бейімдеу жоспарын қалыптастыру және жүзеге асыру және т.б.)».

Франциядағы бұндай Аналар үйі мемлекеттік немесе коммерциялық мекеме базасында орналасуы мүмкін. Қаржыландыру көзі: осы бағытқа бөлінген бюджеттік қаржы, қайырымдылық қорлары [11, б.132-133]. Бұл зерттеуден байқағанымыз, Францияда бұл мәселе ХХ ғасырдың 40 жылдарынан бастап мемлекет тарапынан үйлестіріліп келеді.

Жас аналар әртүрлі әлеуметтік проблемаларға тап болады, өмірдің қарапайым әдеттегі жағдаяттары жалғызбасты аналардан үлкен психологиялық, моралдық, қаржылық ресурстарды талап етуі мүмкін. Сондықтан жас жалғызбасты аналар ең қорғалмаған санатқа жатады. Бұндай аналарды әлеуметтік қолдау тек оларды қаржылық немесе уақытша тұрғын үймен қамтамасыз ету ғана емес, сонымен бірге оның ішкі дүниесіндегі өзгерістер, психологиялық, педагогикалық проблемаларын шешуді талап етеді.

Шетелде жалғызбасты аналарға әлеуметтік көмек саясатында төрт негізгі стратегия басымдыққа ие. Оның алғашқысын «аз қамтылған аналарға көмек» деп атауға болады. Бұл Ұлыбританияда кеңінен таралған. Жалғызбасты аналар «табысты қолдау» бағдарламасы аясында материалдық көмек ала алады. Бұл ретте жалғызбасты ана баласы 16 жасқа толғанша мемлекеттен қажетті көмек ала отырып, үйде отыра алады. Олар сонымен бірге балаларға жәрдемақы алады, мемлекеттік денсаулық сақтау қызметін тегін пайдалана алады [12, б.121].

Екінші стратегия жалғызбасты аналарға берілетін әлеуметтік көмекпен анықталады. Норвегияда жалғызбасты аналарға арнайы материалдық көмек көрсетіледі, бұл көмек анаға баласы 10 жасқа толғанша үйде отыруына мүмкіндік береді. Осы уақытта олар жалғызбасты аналарға арналған арнайы жәрдемақы алады (өтпелі кезең жәрдемақысы деп аталады). Толық емес отбасылар жалпыға арналған бала жәрдемақысын (жалпыға ортақ жәрдемақы), егер әкесі алимент төлемесе, балаға арналған арнайы жәрдемақы, тұрғын үй жәрдемақысын, тегін медициналық көмек те алады.

Үшінші стратегия - баласы бар барлық отбасыларға, оның ішінде толық емес отбасыларға арналған қолдау шаралары. Бұл стратегия ауқымында толық емес отбасыға қосымша мемлекеттік қолдау көрсетіледі, бірақ негізгі көмекті олар жалпы отбасын белсенді әлеуметтік қолдау есебінен алады. Франция - осы стратегияны ұстанушылардың бірі. Францияда барлық отбасы отбасылық жәрдемақы (жалпы және табысқа байланысты, оның ішінде негізгі жәрдемақы, тұрын үйге арналған қосымша жәрдемақы, бір жасқа дейін баласы

бар аналарға арналған арнайы жәрдемақы, бала күту демалысына шыққан аналарға төленетін жәрдемақы) алады.

Келесі стратегия жалғызбасты аналардың ата-аналық және кәсіби рөлдерін үйлестіруге бағытталған. Швецияда отбасына арналған арнайы саясатпен бірге, оларға арналған жұмыс орындарын құру, білім алуға ынталандыру, қайта оқыту мәселелері де қамтылған [12, б.122].

АҚШ-та толық емес отбасыларына мемлекеттік көмек «Балалы отбасына көмек» федералды бағдарламасы аясында іске асырылады. 6 жасқа дейін баланы үйде тәрбиелеп отырған аналарға ғана жәрдемақы төленеді. Балалары ересек аналар бұндай көмек алу үшін өздерін «жұмыс іздеуші» ретінде тіркелгенін немесе мамандық алу үшін курстарда оқып жүргенін дәлелдеуі керек. Жекелеген штаттарда жалғызбасты аналарға пәтер ақысын төлеу, азық-түлік талонын алу, балалар бақшасы мен мектеп ақысын төлеу, коммуналды қызметтер ақысын төлеу немесе жеңілдікпен медициналық қызмет алу кіреді [12, б.123].

Ресейде федералды Заңға сәйкес үш жасқа дейінгі бала үшін ай сайынғы жәрдемақы төленеді. Әлеуметтік қолдау аясына бала бақшаға балаларын кезексіз алу, мектепте екі мезгіл тегін тамақ беру, кеңсе заттарымен қамтамасыз ету кіреді.

Ал біздің елде жағдай қалай, жас аналарға арналған дағдарыс орталықтары қалай жұмыс істейді деген сауалдарға жауап алу мақсатында зерттеу жұмысын жүргіздік. Қазақстанда қиын өмірлік жағдайда қалған аналарды қолдау шараларына қоғамдық ұйымдар, жеке қорлар үлес қосуда. Бірақ бұлар жеткіліксіз, себебі олардағы орындар шектеулі, үлкен қалалардан шалғай жерлерде бұндай орталықтар жоқтың қасы.

Біздегі осындай орталықтардың алғашы қарлығышы атанған «Ана үйі» 2013 жылы ашылды. «Ана үйі» Қоғамдық Қоры қайырымдылық жобасының ең басты мақсаты жас аналардың социореадаптациялауды жүзеге асыру, ананың баладан бас тартуының алдын алып, балалар үйлеріндегі әлеуметтік жетімдікке жол бермеу болып табылады. Басында танымал кәсіпкер Айдын Рахымбаев пен оның зайыбының идеясы болып бастау алған бұл жобаға кейіннен азаматтық ұстанымы жоғары басқа да кәсіпкерлер де тартыла бастады. Соның нәтижесінде «Ана үйі» орталықтары қанатын кеңге жайып, еліміздің 17 қаласында 26 осындай «Ана үйі» ашылып, дағдарысқа ұшыраған аналарға көмек қолын созуда. Олардың 5-уі Алматы қаласында орналасқан.

Басына түскен қиындыққа шыдамай, баладан бас тартуды ойлаған жас аналардың өз баласымен бірге қолайлы жағдайда өмір сүруі осы дағдарыс орталығында қол жетімді болуда. Орталықта қажетті барлық керек-жарақпен қамтамасыз етілген аналардың баласына аналық мейірім төгуіне, депрессиядан шығуына мамандандырылған көмек көрсетіледі.

«Ана үйі» Қоғамдық Қоры қайырымдылық жобасы тек уақытша баспанамен ғана қамтамасыз етіп қоймай, сонымен бірге осында тұрған уақыт ішінде мамандық игеруіне, жұмысқа тұруына, тұрғын үй алу үшін кезекке тұруға, баланың әкесін тану процестерін іске асыруға, ана болуды үйренуге қадам жасауына, осылайша жас аналарды қоршаған ортаға социореадаптациялау жұмысын жүйелі жүргізіп келеді.

«Ана үйінің» ресми сайтындағы есепте «Ана үйі» жобасы құрылғаннан бергі 7 жыл ішінде баланың анасымен бірге болуға мүмкіндік беріп келеді. «Ана үйі» жобасы өзінің өзектілігі мен тиімділігін көрсетті. Бүгінгі таңда «Ана Үйі» аналардың 68%-ның жаңа туған балаларынан бас тартуына жол бермеуде» деп көрсетілген [13].

Жас жалғызбасты аналарды социореадаптациялау үдерісін осылайша оңтайлы жүргізіп отырған «Аналар үйі» қоры бала асырап алғысы келетін отбасыларын қолдау мақсатында 2016 жылы бала асырап алу жөніндегі Ұлттық агенттіктің құрылуына себепкер болды. Ал Агенттікпен қатар құрылған Түлектер орталығы да үлкен міндетті атқаруда. Орталық балалар үйінде тәрбиеленген 15-23 жас аралығындағы қыз балалар арасында кәсіп игеруіне және олардың әлеуметтік азаматтық ұстанымын қалыптастыруына арналған жұмыстар жүргізу. Себебі «Аналар үйінің» қызметіне жүгініп, баспана сұрайтындардың 17% - ы балалар үйлерінің түлектері болып табылады екен.

2019 жылдың ақпан айынан бастап «Ана үйі» баладан бас тарту алдында тұрған қиын өмірлік жағдайдағы отбасыларға қосымша көмек көрсете бастады. «Балалар үйлері мен жергілікті атқарушы органдардың денсаулық сақтау басқармаларының деректері бойынша жоба жұмыс істеген бес жыл ішінде денсаулық сақтау мекемелеріне (балалар үйіне) жыл сайын түсетін 1,5 жасқа дейінгі балалар саны 46,3%-ға (710-нан 381-ге дейін) қысқарды. Осы уақыт ішінде 4280 бала отбасында қалды» [14].

Жоба аймақтарды барынша қамту және көмек көрсетілетін жас әйелдердің санын көбейту, сондай-ақ көмек көрсету тәсілдері мен құралдарын ұдайы жетілдіру үстінде. Қазақстандық кәсіпкерлер белсенді қолдаған бұл жоба әлеуметтік жетімдік мәселесі кең мағынада өте өзекті екенін ұғынатын кәсіби қоғамдастықтың қалыптасуына қол жеткізді. Сондай-ақ, жобада жас аналармен жұмыс барысында әріптестікті, мультидисциплинарлық өзара іс-қимылға бағдарланған кейс-менеджмент форматында баладан бас тартудың алдын алу технологиясы пайдаланылуда.

**Қорытынды.** «Ана үйі» жобасының тиімділігі - қоғамдағы жас аналардың реадaptациясы мәселесін шешуге ықпал етуі және сонымен бірге әлеуметтік жетімдікпен қатар туындайтын әлеуметтік-экономикалық, психологиялық және басқа факторлар туралы ақпараттардың қоғамда ашық түрде көтерілуіне негіз болуы. Ал бұл ақпараттар өз кезегінде әлеуметтік жетімдікті жоюға бағытталған оңтайлы шешімдер қабылдауға және басымдықтар мен нысандарды анықтауға мүмкіндік береді.

Әрине, шағын мақала ауқымында Қазақстандағы әлеуметтік жұмыс жүйесінде үкіметтік емес ұйым ретінде ауқымды жұмыс атқарып отырған «Ана үйі» қоғамдық қоры жобасының барлық іс-шараларын зерделеу мүмкін емес. Алдағы уақытта біз Алматы қаласында орналасқан «Ана үйі» орталықтарының жұмысына терең талдау жасайтын боламыз.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Назарбаев Н.Ә. *Қазақстан жолы - 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы.* – Егемен Қазақстан. – 18. 01. 2014.
2. *Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының ресми сайты. Подростковая беременность. 31 января 2020г.* <https://www.who.int/ru/news-room/fact-sheets/detail/adolescent-pregnancy>
3. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2020 жылғы 1 қыркүйектегі «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Қазақстан халқына Жолдауы [https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses\\_of\\_president/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-2020-zhylgy-1-kyrkuiek](https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-2020-zhylgy-1-kyrkuiek)
4. *Глобальная стратегия охраны здоровья женщин, детей и подростков (2016–2030 гг.). Выжить Процветать Менять.* - Всемирная организация здравоохранения. Женева. 2015 г. – 108 стр. [http://www.who.int/maternal\\_child\\_adolescent/documents/global-strategy-women-children-health-ru.pdf](http://www.who.int/maternal_child_adolescent/documents/global-strategy-women-children-health-ru.pdf)
5. *Девушки-подростки в Казахстане рожают шесть раз чаще, чем в развитых странах. 11 марта 2020г.* [https://tengrinews.kz/kazakhstan\\_news/devushki-podrostki-kazahstane-rojayut-chasche-v-razvityih-394235/](https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/devushki-podrostki-kazahstane-rojayut-chasche-v-razvityih-394235/)
6. Филиппова Г.Г. *Материнство и основные аспекты его исследования в психологии// Вопросы психологии.* 2001. №2 С. 22-37.
7. Бердникова Т.В. *Юное материнство: личностный и социальный аспекты: дисс... канд.социолог.наук.* Курск, 1999. 176 с.
8. Стукалова А.В. *Политика государственной поддержки малолетних матерей в современной России: автореф.дисс... канд.полит.наук.* Москва, 2012. 23 с.
9. Rogers A. *Silence no more: a transformative transcendental phenomenological study investigating the experiences of teen mothers who go to college in the rural Southeast.* Clemson: Clemson University, 2010. 316 p.

10. Неке (ерлі зайыптылық) және отбасы туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы 518-IV Кодексі. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1100000518>
11. Ланцбург М.Е. Деятельность материнских центров по профилактике отказов от ребенка (на примере центра «Шармиран», Гренобль, Франция). Электронный журнал «Психологическая наука и образование». 2010 №5. [http://psyedu.ru/files/articles/psyedu\\_ru\\_2010\\_5\\_1961.pdf](http://psyedu.ru/files/articles/psyedu_ru_2010_5_1961.pdf)
12. Каменева Т.Н. Материнство в неполной семье: личностные и социальные проблемы. Дисс. ... кандидат. социолог. наук. Курск, 2003.-159 с.
13. Официальный сайт «Дом мамы» <http://dom-mamy.kz/o-fonde/>
14. Жаппар А.Т., Якимова И.И. Социально-психологическое сопровождение молодых женщин в рамках проекта «Дом мамы». Аналитический обзор. 2020. - 48 с. <http://dom-mamy.kz/img/docs/analytics.pdf>

References:

1. Nazarbaev N.Ә. Qazaqstan zholy - 2050: Bir maqsat, bir mudde, bir bolashaq. Qazaqstan Respublikasynyn Prezidenti N.A. Nazarbaevtyн Qazaqstan halqyna zholdauy. – Egemen Qazaqstan. – 18. 01. 2014.
2. Dыniezhuzilik densaulыq saqtau ujмынын resmi sajty. Podrostkovaya beremennost'. 31 yanvarya 2020g. <https://www.who.int/ru/news-room/fact-sheets/detail/adolescent-pregnancy>
3. Memleket basshysy Qasym-Zhomart Toqaevtyн 2020 zhylgy 1 qyrkujektegi «Zhana zhagdajdagy Qazaqstan: is-qimyl kezeni» atty Qazaqstan halqyna Zholdauy [https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses\\_of\\_president/memleket-basshysy-kasym-zhomart-toqaevtyн-kazakstan-halkyna-zholdauy-2020-zhylgy-1-kyrkuiek](https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-kasym-zhomart-toqaevtyн-kazakstan-halkyna-zholdauy-2020-zhylgy-1-kyrkuiek)
4. Global'naya strategiya ohrany zdorov'ya zhenshchin, detej i podrostkov (2016–2030 gg.). Vyzhivat' Procvetat' Menyat'. - Vsemirnaya organizaciya zdavoohraneniya. Zheneva. 2015 g. – 108 str. [http://www.who.int/maternal\\_child\\_adolescent/documents/global-strategy-women-children-health-ru.pdf](http://www.who.int/maternal_child_adolescent/documents/global-strategy-women-children-health-ru.pdf)
5. Devushki-podrostki v Kazahstane rozhayut shest' raz chashche, chem v razvityh stranah. 11 marta 2020g. [https://tengrinews.kz/kazakhstan\\_news/devushki-podrostki-kazahstane-rojayut-chasche-v-razvityih-394235/](https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/devushki-podrostki-kazahstane-rojayut-chasche-v-razvityih-394235/)
6. Filippova G.G. Materinstvo i osnovnye aspekty ego issledovaniya v psihologii// Voprosy psihologii. 2001. №2 S. 22-37.
7. Berdnikova T.V. Yunoe materinstvo: lichnostnyj i social'nyj aspekty: diss... kand.sociolog.nauk. Kursk,1999. 176 s.
8. Stukalova A.V. Politika gosudarstvennoj podderzhki maloletnih materej v sovremennoj Rossii: avtoref.dis... kand.polit.nauk. Moskva, 2012. 23 s.
9. Rogers A. Silence no more: a transformative transcendental phenomenological study investigating the experiences of teen mothers who go to college in the rural Southeast. Clemson: Clemson University, 2010. 316 p.
10. Неке (ерлі зайыптылық) және отбасы туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы 518-IV Кодексі. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1100000518>
11. Ланцбург М.Е. Деятельность материнских центров по профилактике отказов от ребенка (на примере центра «Шармиран», Гренобль, Франция). Электронный журнал «Психологическая наука и образование». 2010 №5. [http://psyedu.ru/files/articles/psyedu\\_ru\\_2010\\_5\\_1961.pdf](http://psyedu.ru/files/articles/psyedu_ru_2010_5_1961.pdf)
12. Каменева Т.Н. Материнство в неполной семье: личностные и социальные проблемы. Дисс. ... кандидат. социолог. наук. Курск, 2003.-159 с.
13. Официальный сайт «Дом мамы» <http://dom-mamy.kz/o-fonde/>
14. Жаппар А.Т., Якимова И.И. Социально-психологическое сопровождение молодых женщин в рамках проекта «Дом мамы». Аналитический обзор. 2020. - 48 с. <http://dom-mamy.kz/img/docs/analytics.pdf>

*О.Г. Пичкурова*

*Казахский Национальный Педагогический Университет им. Абая  
Казахстан*

## **ПРОБЛЕМА ВЫНУЖДЕННОГО ПЕРЕСЕЛЕНИЯ ПРИ РЕАЛИЗАЦИИ ПРОЕКТОВ ПО ДОБЫЧЕ И ПЕРЕРАБОТКЕ ТВЕРДЫХ ПОЛЕЗНЫХ ИСКОПАЕМЫХ**

### *Аннотация*

Настоящая статья посвящена проблеме вынужденного переселения при реализации горнодобывающих и перерабатывающих проектов. Целью исследования является обоснование необходимости четкого и своевременного планирования, проведение картирования заинтересованных сторон и комплексного подхода при возникновении вопроса, связанного с вынужденным переселением, в случае невозможности нахождения иного варианта реализации горнодобывающего проекта, исключающего вынужденное переселение, так как вынужденное переселение является значительным социальным риском, приводящим порой к необратимым негативным последствиям как со стороны затрагиваемого местного населения, так и со стороны предприятий его осуществляющих. В материале рассматриваются проблемы социально-ответственного поведения горнодобывающих и перерабатывающих предприятий при реализации проектов, которые приводят к переселению местных и коренных жителей, исторические данные по теме настоящего исследования, а также приводятся возможные решения для становления на путь социально-ответственного поведения при реализации проектов переселения. Автором статьи был проведен анализ имеющейся литературы по данной тематике, изучен ряд работ по аналогичной и смежным темам, выполнен сопоставительный анализ местных законодательных требований и международных стандартов в области переселения, а также изучены новейшие статистические данные для демонстрации важности данного вопроса.

**Ключевые слова:** переселение, перемещение, горнодобывающий, социальная ответственность, вынужденное переселение, твердые полезные ископаемые, социально-ответственное поведение, обнищание

*О.Г. Пичкурова*

*Абай Атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университеті  
Қазақстан*

## **ҚАТТЫ МИНЕРАЛДЫҚ РЕСУРСТАРДЫ ӨНДІРУ ЖӘНЕ ӨНДЕУ ЖӨНІНДЕГІ ЖОБАЛАРДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ҮШІН МӘЖБІРЛІ ҚОНЫС АУДАРУ МӘСЕЛЕСІ**

### *Аңдатпа*

Бұл мақала тау-кен және қайта өңдеу жобаларын іске асырудағы еріксіз қоныс аудару мәселесіне арналған. Зерттеудің мақсаты - еріксіз қоныс аударуға байланысты сұрақ туындаған кезде мүдделі тараптарды нақты және уақтылы жоспарлау, картаға түсіру және кешенді көзқарас қажеттілігін негіздеу, егер тау-кен жобасын іске асырудың мәжбүрлі қоныс аударуды болдырмайтын басқа нұсқасын табу мүмкін болмаса, өйткені еріксіз қоныс аудару - бұл зардап шеккен жергілікті тұрғындар тарапынан да, оны жүзеге асырушы кәсіпорындар тарапынан да кейде қайтымсыз теріс салдарға алып келетін елеулі әлеуметтік қауіп.

Материалда жергілікті және байырғы тұрғындардың қоныстануына әкелетін жобаларды іске асырудағы тау-кен және қайта өңдеу кәсіпорындарының әлеуметтік-құқықтық мінез-құлқының проблемалары, осы зерттеу тақырыбы бойынша тарихи деректер зерттелген, сонымен қатар, жолға түсу үшін мүмкін шешімдер қарастырылған қоныс аудару жобаларын жүзеге асырудағы әлеуметтік жауапкершілікті мінез-құлық. Мақала авторы осы тақырыптағы қолда бар әдебиеттерді талдап, ұқсас және сабақтас тақырыптардағы бірқатар жұмыстарды зерттеді, қоныс аудару саласындағы жергілікті заң талаптары мен халықаралық стандарттарға салыстырмалы талдау жүргізді және соңғы статистиканы зерттеп, осы мәселенің маңыздылығы.

**Түйін сөздер:** қоныс аудару, тау-кен өндірісі, әлеуметтік жауапкершілік, еріксіз қоныс аудару, қатты пайдалы қазбалар, әлеуметтік жауапкершілікті мінез-құлық, кедейлендіру

*O.G. Pichkurova*

*Kazakh National Pedagogical University named after Abay  
Kazakhstan*

## **THE ISSUE OF THE INVOLUNTARY RESETTLEMENT UPON IMPLEMENTATION OF MINERAL MINING AND PROCESSING PROJECTS**

### *Abstract*

This article concentrates on the issue of the involuntary resettlement upon implementation of mining and processing projects. This study is aimed to substantiate the requirement of careful and timely planning, undertaking mapping of stakeholders and an integrated approach in case of involuntary resettlement issue is arisen, if there is no other option of a mining project development that excludes the involuntary resettlement as the involuntary resettlement is a significant social risk leading to irreversible negative consequences both for communities and enterprises implementing it. The study considers the problems of socially responsible behavior of mining and processing enterprises during the implementation of projects that result the resettlement of local and indigenous people, historic data on the topic of this study, as well as provides possible solutions for developing the socially responsible conduct of activities in the implementation of resettlement projects. The author of the article has studied the available literature on this topic, reviewed a number of studies on similar and related topics, carried out a comparative analysis of local legal requirements and international standards in the field of resettlement and displacement and reviewed the latest statistical data to demonstrate the importance of this issue.

**Key words:** resettlement, displacement, mining, social responsibility, corporate social responsibility, involuntary resettlement, solid minerals, socially responsible behavior, impoverishment

**Введение.** Социальная ответственность предприятий по добыче и переработке твердых полезных ископаемых (ТПИ) является предметом изучения и обсуждения многих ученых, специалистов в области социальной ответственности, правам человека, корпоративной социальной ответственности, экологического управления и др., а также таких финансовых институтов и международных организаций, как Организация Объединенных Наций (ООН), Международная организация труда (МОТ), Международный совет по горному делу и металлам (ICMM), Международная финансовая корпорация (МФК), Европейский банк реконструкции и развития (ЕБРР), Международная организация по стандартизации (ISO) и др., так как имеет свою специфику, связанную со сложными условиями труда, изъятием земель для целей разработки проекта, вмешательством в привычный уклад жизни местного населения, шумовым загрязнением, пылением, нарушением земель, ландшафта, водных ресурсов, нарушением либо уничтожением флоры и фауны, непродолжительностью

некоторых отдельных проектов, приостановлением проектов на неопределенный срок, волатильностью рынка металлов и множеством других факторов.

### **Результаты и дискуссия**

Горнодобывающая и перерабатывающая промышленность приносит огромную прибыль компаниям-оператором, подрядным и субподрядным компаниям, инвесторам, экономике стран присутствия, но также и наносит большой урон экологическому состоянию и социальной сфере. По данным ЮНЕСКО, среди объектов всемирного наследия, пострадавших от деятельности горнодобывающей отрасли, представлены 27 объектов, находящихся в разных странах мира, в том числе, в Австралии, Мексике, Венесуэле, ДРК, России и других, на территории которых велась либо ведется добыча ТПИ. А также горнодобывающие работы велись на объектах, находящихся под угрозой уничтожения, а именно, в природоохранной зоне Мон Нимба, расположенной на территории Гвинеи и Кот-д'Ивуара, где осуществлялась добыча железной руды, и национальном парке Окапи в Демократической Республике Конго, где велась добыча золотых руд [1].

decisions, independently obtain knowledge, is able to communicate, think logically and argue his/her actions. These social qualities are developed by methods, approaches and techniques such as brain attack, foresight reading, essay, double mark strategy, etc. Application of these methods causes interest in reading, creativity, free thinking, gives an opportunity to show itself in the collective. There is a liberation of personality: the pupil feels free, calm, confident. The lesson, which is carried out by this technology, is quite effective, although it requires a lot of time, concentration of attention, a clearly fixed goal. The formation of social skills of critical thinking is the ability to formulate your own opinion and conclusion; make deliberate choices; reasonably defend your point of view; appreciate teamwork; value and respect others point of view.

*References:*

1. Butenko A.V., KHodos E.A. *Kriticheskoe myshlenie: metod, teoriya, praktika*. - M.: AcT, 2008. – 367 c.
2. Bozhovich L.I. *Problemy razvitiya motivatsionnoi sfery rebenka //Izuchenie motivatsii povedeniya detei i podrostkov* — M., 1972. — C. 7
3. Khalpern D. *Psikhologiya kriticheskogo myshlenia*. . — SPb.: Piter, 2000. —C.54
4. Kluster D. *CHto takoe kriticheskoe myshlenie. Kriticheskoe myshlenie i novye vidy gramotnosti* - M.: Novoe Prosveshchenie, 2008. C. 5-13.
5. Mirseitova S.O. *Oqytý izdenis retinde jáne izdenis oqytý retinde: oqýshylardyń syn turǵysynan oilaýyn damytý nysandary men ádisteri: Qaraǵandy 2011*. —B.78
6. Velikanova A.V. *ı dr. Tehnologiya razvitiya kriticheskogo myshlenia cherez chtenie ı pismo*. – Samara: Peremena, 2008. — C. 87.
7. C.Meredith, C.Temple, and J.Steele, (1998) *Creating Thoughtful Reader*. Newark, De: International Reading Association. 2015—C.98
8. Ellis A., Drauden Ý. *Praktika rasionalno-emosionalnoi povedencheskoi terapii*. 2-e izd. / *Per. s angl.* — Spb.: Rech, 2002. —C.63
9. Býstrom R. *Razvitie tvorcheskogo ı kriticheskogo myshlenia*. - M.: Prosveshchenie. - 2007. – 345 c.
10. Brumfit Ch. *The Communicative Methodology in Language Teaching* / Ch., Brumfit. - Cambridge University Press, 2008. – 457 p.
11. Sherbo I.N. *Razvitie kriticheskogo myshlenia ı formirovanie otvetstvennosti ýchashihsá za svoi ýroven obrazovaniya na ýrokah istorii // Obrazovanie v sovremennoi shkole*. 2000. N 11-12. C. 36-39.
12. Korjýev A.V., Popkov V.A., Rázanova E.L. *Kak formirovat kriticheskoe myshlenie? // Vysshee obrazovanie v Rossii*. - 2012. - № 5. C. 55-58.

*Нұрадин Г.Б.<sup>1</sup>, Алимбаева С.К.<sup>1</sup>*

<sup>1</sup> *М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті*

## **ОРТА БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ХАБ ОҚУШЫЛАРДЫ ҚОҒАМҒА БЕЙІМДЕУДІҢ БІРЕГЕЙ ЖҮЙЕСІ РЕТІНДЕ**

*Аңдатпа*

Зиялы қауым назарына ұсынылып отырған мақалада еліміздегі орта білім беру процесіндегі оқушылардың әлеуметтік-психологиялық ахуалдарын анықтау, түзету, қайта қалпына келтіру және психологиялық-педагогикалық диагностикалау мен қолдау мақсатындағы мектеп психологтары мен әлеуметтік педагогтар жұмысының тиімділігін арттырудың аналогы жоқ бірегей жүйесі «Әлеуметтік-психологиялық ХАБ» туралы идея тарқатылады. Бұл идея әкес Тараз мемлекеттік педагогикалық университетінің Жамбыл облысындағы барлық типтегі орта білім беру мекемелерімен ынтымақтастық аясындағы үздіксіз педагогикалық практиканы ұйымдастыру мен жүргізу, сонымен қатар, мектептердегі жас мамандарды адаптациялық кезеңде қолдау және педагогикалық-психологиялық көмек көрсету нәтижесінде орын алды.

**Кілт сөздер:** психодиагностика, психологиялық-педагогикалық қолдау, сандық платформа, психологиялық хаб, кәсіби даму.

*Nuradin G.B.<sup>1</sup>, Alimbayeva S.K.<sup>1</sup>*

<sup>1</sup> *Taraz Regional University named after M.H.Dulati*

## **SOCIAL-PSYCHOLOGICAL HUB IN THE FIELD OF SECONDARY EDUCATION AS A UNIQUE SYSTEM OF ADAPTATION OF STUDENTS TO SOCIETY**

*Abstract*

The proposed article reveals the idea of a "socio-psychological hub" - a unique system for improving the effectiveness of school psychologists and social educators in order to identify, correct, restore and psychologo-pedagogical diagnostics and support the socio-psychological climate of students in the secondary educational process of the country. The idea is based on the results of organizing and conducting continuous pedagogical practice in the framework of cooperation between Taraz State Pedagogical University and secondary educational institutions of Zhambyl region, as well as providing psychological and pedagogical assistance and support to young specialists of schools during the adaptation period.

**Keywords:** psychodiagnostics, psychological and pedagogical support, digital platform, psychological hub, professional development.

*Нұрадин Г.Б.<sup>1</sup>, Алимбаева С.К.<sup>1</sup>*

<sup>1</sup> *Таразский региональный университет им. М.Х.Дулати*

## **СОЦИАЛЬНО-ПСИХОЛОГИЧЕСКИЙ ХАБ В СФЕРЕ СРЕДНЕГО ОБРАЗОВАНИЯ КАК УНИКАЛЬНАЯ СИСТЕМА АДАПТАЦИИ УЧАЩИХСЯ К ОБЩЕСТВУ**

*Аннотация*

В предлагаемой статье раскрывается идея «социально-психологического Хаба» - уникальной системы повышения эффективности работы школьных психологов и социальных

педагогов с целью выявления, коррекции, восстановления и психолого-педагогической диагностики и поддержки социально-психологического климата учащихся в среднем образовательном процессе страны. Идея основана на результатах организации и проведения непрерывной педагогической практики в рамках сотрудничества Таразского государственного педагогического университета со средними образовательными учреждениями Жамбылской области, а также оказания психолого-педагогической помощи и поддержки молодых специалистов школ в адаптационный период.

**Ключевые слова:** психодиагностика, психолого-педагогическое сопровождение, цифровая платформа, психологический хаб, профессиональное развитие.

**Кіріспе:** ХХІ ғасыр тәрбие мен білім беру процесіне жаңа талаптар ғана қоймай, оның жаңа мүмкіндіктерін кеңейтуге де ықпал етуде. Білім беру жүйесін дамыту бұқаралық ақпарат құралдарының ықпалына және цифрландыру деңгейіне байланысты психологиялық-педагогикалық зерттеулер жүргізу қажеттілігімен қатар балаларды оқыту мен тәрбиелеу процесіне көбірек интеграциялануда. Мектепте де, мектепке дейінгі мекемелерде де балалардағы әртекті психологиялық проблемалардың өсуі байқалады. Оның үстіне қашықтықтан оқыту форматына көшу өзімен бірге мазасыздық, оқу қиындықтарына, тұлғааралық қарым-қатынасқа байланысты бірқатар проблемаларды тудырады. Орта және жоғары білім беру жүйесінің қашықтықтан оқыту технологияларын пайдалана отырып оқытуға көшуі, цифрландыруды дамыту және технологияландыру жағдайында оқу-тәрбие процесінің тиімділігін арттыруға байланысты өз алдына біршама мәселелерді алға қойды. Осы тұста оқушылардың шұғыл дистанционды оқыту форматына көшудің басты себебі болған әлемдік карантин немесе төтенше жағдайға байланысты Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2020 жылғы 25 наурыздағы № 109 бұйрығы жарияланды. Ол Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 25 наурызда № 20164 болып тіркелді. Онда төтенше жағдай және шектеу іс-шаралары кезеңінде әлеуметтік-еңбек саласында мемлекеттік қызметтер көрсетудің және халықтың жекелеген санаттарын азық-түлік және тұрмыстық жиынтығымен қамтамасыз етудің кейбір мәселелерін [1] қамтыды. Бұйрықты табысталған ресми өкілділіктер бұйрықта көрсетілген категориялар арқылы жүргізе бастады. Оған қоса халық тарапынан, әсіресе танымал немесе танымал болғысы келген адамдарда жағдайы төмен отбасыларға әлеуметтік көмек көрсетіп, оны әлеуметтік желілерде жариялауға көшті. Азық-түлік, киім-кешек, дәрі-дәрмек салынған дорбалардың жанына отбасын, сәйкесінше мектеп оқушыларын суретке түсіріп көпшілік назарына ұсына отырып олардың әлеуметтік жағдайын әшкере етті. Бұл өрескел қателік әлеуметтік көмек алған оқушылар арасында дискриминация, өзін төмен санау, ұялу, мазаққа ұшырау сынды толып жатқан психологиялық күйзелістерге әкелді. Оқушылардың жастық максимализмдеріне нұсқан келтірді. Осындай сәтте орта білім беру саласының психологтары дереу дабыл қағып, тиісті органдарға мұндай орынсыз процесті тоқтатуы қажет еді. Мұндай жағдай орта білім беру саласындағы әлеуметтік-психологиялық орталықтың, оқушыларды психологиялық-педагогикалық диагностикалау мен қолдаудың бірегей жүйесінің жоқтығын білдіреді. Осы аталған және аталмаған ірілі-ұсақты мектепшілік проблемаларды шешу әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық диагностикалау мен білім алушыларды қолдау негізінде олардың психикалық денсаулығы мен әл-ауқат деңгейін арттыру мақсатында қажет. Ол үшін:

✓ біріншіден, белгілі бір білім беру ұйымы жағдайында психолог пен әлеуметтік педагогтың кәсіби қызметін дамыту;

✓ екіншіден, балаларды әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық диагностикалау мен қолдаудың сандық платформасын жобалау;

✓ үшіншіден, желідегі интерактивті интеграция негізінде кәсіби қызметті ұйымдастырудың нысаны ретінде желілік өзара іс-қимыл негізінде жұмыс істейтін әлеуметтік-психологиялық ХАБ форматындағы серіктестік жүйесін қалыптастыру қажет.

Әлеуметтік-психологиялық ХАБ дегеніміз – мектеп психологтары мен әлеуметтік педагогтарының тәжірибе мен іскерлік дағдыларын алмасу, кәсіби міндеттердің жаңа, сәтті шешімдерін табу үшін үнемі өзара әрекеттесетін кәсіби қауымдастығы.

Халықаралық ұйымдар мен қауымдастықтар арасында 250-ден астам аймақтық, ұлттық, халықаралық психологиялық бірлестіктер бар. Әр түрлі психологиялық кәсіби қауымдастықтардың дамуы бүкіл әлемдегі психологтардың өзара әрекеттесу, өзара ынтымақтастық, тәжірибе алмасу және оқыту үшін интеграцияланғанын көрсетеді [2].

Жамбыл облысында 442 жалпы білім беретін мектеп, 548 мектепке дейінгі білім беру ұйымы, 46 колледж, 2 университет жұмыс істейді, оларда кәсіби қоғамдастық шеңберінде тиімді өзара іс-қимылы жоқ 1000-нан астам психолог қызметін жүзеге асыруда. Қазақстанда Жамбыл облысында филиалы бар психологтар қауымдастығы қоғамдық ұйымы жұмыс істейді. Психологиялық ХАБ шеңберінде психологтар қауымдастығының қызметін қарқындалу білім беру жүйесі ұйымдарында балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау мәселелеріндегі міндеттерді шешуге ықпал етуі мүмкін.

Педагогтар мен мамандардың тығыз ынтымақтастыққа және инновацияларды іздеуге бағытталған практикалық-бағдарланған интеграциясын ұйымдастыру ерекше маңызға ие. Пандемия жағдайында өзара іс-қимылдың табысты нысандарының бірі кәсіби желілік қоғамдастық болып табылады. Әлеуметтік-психологиялық хабтың қалыптасуы мен жұмыс істеуінің өзектілігі кәсіби қоғамдастық қызметін ақпараттық және әдістемелік қолдауды қамтамасыз ететін желілік серіктестік пен онлайн білім беру алаңдары негізінде балаларды психологиялық диагностикалау мен психологиялық-педагогикалық қолдаудың нақты ұсыныстары мен әдістемелеріне деген қажеттіліктен тұрады. Педагог-психологтардың желілік қоғамдастығын қалыптастыру білім беру ресурстарын дамыту үшін интернет желісінде өзара іс-қимыл жасайтын адамдардың белгілі бір тобының субъективтілік деңгейін арттыруға бағытталған. Қолданылатын веб-технологиялар, желілік құралдар адамдардың интеграциясын қамтамасыз етеді, басқа педагог-психологтармен бірге бірлескен қатысуды және желілік қызметті қамтамасыз етеді.

Технологиялық орта, желілік қауымдастықтың онлайн-алаңдары көбінесе интернеттің әртүрлі қызметтері болып табылады.

**Зерттеу әдістемесі:** балаларды психологиялық-педагогикалық диагностикалау және қолдау саласындағы зерттеулерге шолу [3-5] жан-жақты көзқарас пен түбегейлі жаңа ақпараттық-әдістемелік базаны құрудың нақты қажеттілігін көрсетеді – балалардың психологиялық портретін жасауды, проблемаларды анықтауды, оқушылардың зияткерлік және жеке дамуын бақылауды жүзеге асыруды, психотехнологиялар арқылы тұлғааралық өзара әрекеттесудің әртүрлі мәселелерін шешуді, сондай-ақ психологтар мен педагогтардың біліктілігін арттыруды және психодиагностика саласында сандық платформаны қолдануды қамтамасыз ететін сандық платформа.

Мониторинг барысында балаларды әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық диагностикалау арқылы алынған мәліметтер оқу процесін жедел және сәтті түзетуді қамтамасыз ете алады. Диагностикалық зерттеу нәтижелері бойынша баланың психологиялық портреті педагогтарды, білім беру ұйымдарының әкімшілігін және ата-аналарды оқыту, балалардың жеке және әлеуметтік дамуы проблемаларына, қарым-қатынастағы қиындықтарды жеңуге бағыттай отырып, педагогтердің балаларға тиімді тәсілдерін анықтауға ықпал етеді. Әлеуметтік-психологиялық диагностика балалардың қызығушылықтарын, бейімділіктерін, қабілеттерін, дарындылықтың алғышарттарын, оқытудың сәттілігін бақылауға мүмкіндік береді.

Баланың дамуының психологиялық ерекшеліктерін анықтау негізінде сіз оны тәрбиелеу процесін дұрыс жоспарлап, түзету және дамыту жұмыстарын жүргізе аласыз. Психологиялық қасиеттер әсіресе балалық шақта айқын көрінеді, сондықтан балалардың әлеуметтік-психологиялық диагностикалық бағдарламасын дұрыс қолдана отырып, педагогикалық түзету оңай. Мектептің тәжірибесінде психодиагностиканы мұғалімдердің

кәсіпқойлығын арттырудың психологиялық критерийлерін жасау үшін қолдануға болады. Әлеуметтік-психологиялық диагностика балаларға да, педагогтерге де тиімді кеңес беруді қамтамасыз етеді, сонымен қатар психотехнологияның көмегімен зерттелетін объектіге тиімді әсер етуге мүмкіндік береді.

Алайда, балалардың білім беру мекемелеріндегі психологиялық ахуалды анықтау, ата-аналармен, еңбек ұжымдарымен жұмыс және педагог-психолог қызметінің басқа да бағыттары алынған деректерді қолмен өңдеудің көптеген көп еңбекті қажет ететін процестерімен күрделене түседі. Осыған байланысты психологтың жұмыс орнын автоматтандыру психологиялық хаб аясында психологтар қауымдастығын біріктіретін сандық психодиагностика платформасы арқылы қамтамасыз етілуі мүмкін. Желілік өзара әрекеттесу негізінде мұндай интеграция оқу процесін тиімді түзету, оқушылардың психологиялық денсаулығын нығайту және алдын-алу, тұлғааралық және топтар арасындағы қақтығыстарды шешу жағдайында психологиялық кеңес беру мәселелерінде сыртқы ортамен ақпарат алмасудың ашық формасын құруға мүмкіндік береді: мұғалім-мұғалім, мұғалім-оқушы, мұғалім-ата-ана, оқушы-оқушы.

Психологиялық хабты құрудың тиімділігі ақпарат, тәжірибе алмасудың үздіксіздігінде, әртүрлі ресурстарға қол жеткізу мүмкіндігін алуда, ақпаратты беру және әріптестермен қарым-қатынас жасауда, желі қатысушыларының тұтынушыларға ұсынатын қызметтерінің сапасын арттыруда көрінеді. Хабтың желілік өзара іс-қимылы балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау мәселелерінде күрделі мәселелерді кешенді шешуге, психодиагностикациялаудың жаңа технологияларын қолдануды ынталандыруға, кооперацияның инновациялық нысандарын әзірлеуге мүмкіндік береді.

Педагог-психологтардың стратегиялық альянсы шеңберінде ақпараттық ашықтық пен ынтымақтастық негізінде оқу-тәрбие процесінің табыстылығы айқындалады. Осыған байланысты психологиялық хабтың сандық платформасы өзара әрекеттесудің желілік формаларын дамытудың технологиялық негізі бола алады. Бұл мәселені шешу әлеуметтік-психологиялық диагностиканың әртүрлі әдістерін қолдануға негізделген, сонымен қатар оқу-тәрбие процесінің түзету бағдарламасын құру, оқушылардың психологиялық денсаулығын нығайту және алдын-алу, кеңес беру саласындағы психологтардың сәтті, нәтижелі жұмысын қамтамасыз ететін бағдарламалық жасақтаманы жасауға бағытталған.

Болашақта педагог-психологтардың кәсіби қоғамдастығын құру өзекті, өйткені қазіргі уақытта мұндай ынтымақтастық институционализация кезеңінде: қоғамдық ұйымдар құрылады, қызметті реттеу анықталады, білімді тарату, тәжірибені көбейту және шоғырландыру тетігі жасалады және т.б. Әлеуметтік-психологиялық хабтағы өзара іс-қимыл пәні білім беру ұйымдарында тиімді оқу-тәрбие процесін жүзеге асыру үшін бірлескен бастама. Хабтың жұмыс істеу тәсілі оның мүшелерінің кәсіби диалогты ынталандыру мақсатында тұрақты кәсіби жетілдіру, кәсіби ынтымақтастық және қолдау, кеңістікті ұйымдастыру үшін онлайн платформа немесе виртуалды байланыстар арқылы коммуникациясы болып табылады.

**Зерттеу нәтижелері:** психологиялық хаб ұйымдастыру тәжірибесінде қызметтің негізгі бағыттары болуы мүмкін:

- корпоративтік қарым-қатынас стратегиясы, озық педагогикалық тәжірибені тарату, психологиялық-педагогикалық қолдау жүйесін дамыту негізінде кәсіби коммуникация үшін жалпы білім беретін мектептердің педагог-психологтары мен мектепке дейінгі ұйымдар тәрбиешілерінің қауымдастығын құру. Бірлестіктердің жұмысы конференциялар, форумдар, мастер-класстар өткізу шеңберінде іске асырылуы мүмкін;

- мектеп ортасындағы психологиялық мәселелер бойынша зерттеулер жүргізу үшін ғылыми зертханаларды қалыптастыру, зерттеу қызметін ғылыми-әдістемелік қолдау;

- консалтингтік қызметтерді тек білім беру ұйымдары үшін ғана емес, жалпы халық үшін де іске асыру;

- психологиялық-педагогикалық ғылымдар саласында педагог-психологтарды қайта дайындау үшін педагогикалық шеберлікті жетілдіру және кәсіби қызметте психологиялық-педагогикалық қолдауды одан әрі табысты жүргізу үшін қазіргі заманғы инновациялық технологиялар мектебін ашу;

- әдістеме, білім беру және басқару технологиясы саласындағы жобалардың нәтижелерін практикада іске асыру үшін жобалық топтар құру;

- әлеуметтік ұйымшылдықты және қоғамның әлеуметтік денсаулығын қалыптастыру үшін психологиялық көмек көрсету;

- білім берудегі практикалық медиация.

Осылайша, психологиялық хабтың күтілетін нәтижелері студенттер арасындағы психологиялық мәселелерді шешу саласындағы ғылыми зерттеулер, зияткерлік ресурстар мен веб-құралдарды әзірлеу, тәжірибеге бағытталған іс-шараларды өткізу, қосымша кәсіби білім алу және т.б. болып табылады.

**Пікірталас:** қазіргі жағдайда педагог-психологтардың кәсіби қоғамдастығы әртүрлі әлеуметтік-педагогикалық және психологиялық проблемаларды шешуде маңызды рөл атқаруға тиіс [6, 9б.].

Өзекті міндеттердің бірі желілік қоғамдастық шеңберінде біріктірілген педагог-психологтардың тиімді жүйелі жұмысы болып табылады. Мектептерде әр түрлі проблемалары бар студенттердің әр түрлі контингенті бар, оның ішінде мұғалімдермен қарым-қатынастағы проблемалар, мазасыздықтың болуы, оқуға деген ынтаның болмауы, оқу бағдарламаларын жеткіліксіз игеру. Сонымен қатар, мектептерде ата-аналармен проблемалар туындайды. Кейбір ата-аналардың психологиялық-педагогикалық мәдениеті төмен, мектепке қойылатын талаптар бар, бірақ сонымен бірге олар өздерінің тәрбиелік міндеттерін орындауға жауапсыз қарайды және мұғалімдерге сенімсіздік көрсетеді. Осыған байланысты білім алушыларға да, олардың ата-аналарына да тұрақты психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету, құндылықтарды сіңіру және педагогикалық мәдениетті дамыту маңызды болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда, психологиялық-педагогикалық қоғамдастық тиімді тәжірибені қолдана отырып, педагогикалық процестің барлық субъектілері арасында оң өзара әрекеттесуді орнатудың таптырмас құралы бола алады, ал сандық платформалар мен веб-технологияларды қолдану арқылы тиімділік артуы мүмкін.

Цифрлық технологиялар білім беру кеңістігін кеңейтуді қамтамасыз етеді, ақпарат алмасу процесін күшейтеді. Педагог-психологтардың желілік өзара іс-қимылы негізінде қалыптасатын экожүйе бірыңғай хабарланатын топқа айналады [7, 87б.]. Жалпы, мұндай интеграция мектептегі нақты психологиялық немесе педагогикалық мәселелерді шешудің қолайлы атмосферасына ықпал етеді.

**Қорытынды.** қорытындылай келе, педагог-психологтардың желілік өзара іс-қимылы арқылы психологиялық хаб құру және іске асыру білім беру кеңістігіндегі оқу-тәрбие ортасының тиімділігіне ықпал ететінін атап өтуге болады. Кәсіби желілік қоғамдастықты цифрлық платформаға интеграциялау педагогикалық-психологиялық кадрлардың кәсібилігі мен жоғары біліктілігін дамытуды қамтамасыз етеді.

#### *Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2020 жылғы 25 наурыздағы №109 бұйрығы. ҚР Әділет министрлігінде 2020 жылғы 25 наурызда № 20164 болып тіркелген. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020164>

2. Волгушева А.А. Профессиональные психологические ассоциации // <https://center-yf.ru/data/stat/professionalnye-psihologicheskie-associacii.php>.

3. Белановская О.В. Олифиревич Н.И. Психологическая диагностика в школе: пособие . – Минск: БГПУ, 2015. – 246 с.

4. Давыдова И.В. Психолого-педагогическое сопровождение адаптационного периода обучающихся с использованием ПМК «Іс: психодиагностика» // Сборник научных трудов 20-



й международной научно-практической конференции «Новые информационные технологии в образовании: технологии 1с: перспективные решения для построения карьеры, цифровизации организаций и непрерывного обучения». – Москва, 2020 – С.323-326.

5. Забродин Ю., Пахальян В. Психодиагностика. – Москва: издательство: ЭКСМО, 2020. – 965 с.

6. Ерофеева М.А. Сетевое взаимодействие социальных педагогов и педагогов-психологов Московской области // Педагогический журнал Подмосковья Academia. – 2017. - №3. – с.8-16.

7. Неборский Е.В. Формирование сетевых сообществ в сфере высшего образования в условиях глобализации // Проблемы современного образования. – 2017. - № 4. – с.84-93

References:

1. QR Enbek zhane halyqy aleumettik qorgau ministrinin 2020 zhylygy 25 nauryzdagy №109 bujrygy. QR Adilet ministriliginde 2020 zhylygy 25 nauryzda № 20164 bolyp tirkelgen. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020164>

2. Volgusheva A.A. Professional'nye psihologicheskie associacii // <https://center-yf.ru/data/stat/professionalnye-psihologicheskie-associacii.php>.

3. Belanovskaya O.V. Olifirovich N.I. Psihologicheskaya diagnostika v shkole: posobie . – Minsk: BGPU, 2015. – 246 s.

4. Davydova I.V. Psihologo-pedagogicheskoe soprovozhdenie adaptacionnogo perioda obuchayushchihsya s ispol'zovaniem PMK «1s:psihodiagnostika» // Sbornik nauchnyh trudov 20-j mezhdunarodnoj nauchno-prakticheskoy konferencii «Novye informacionnye tekhnologii v obrazovanii: tekhnologii 1s: perspektivnye resheniya dlya postroeniya kar'ery, cifrovizacii organizacij i nepreryvnogo obucheniya». – Moskva, 2020 – S.323-326.

5. Zabrodin YU., Pahal'yan V. Psihodiagnostika. – Moskva: izdatel'stvo: EKSMO, 2020. – 965 s.

6. Erofeeva M.A. Setevoe vzaimodejstvie social'nyh pedagogov i pedagogov-psihologov Moskovskoj oblasti // Pedagogicheskij zhurnal Podmoskov'ya Academia. – 2017. - №3. – s.8-16.

7. Neborskij E.V. Formirovanie setevyh soobshchestv v sfere vysshego obrazovaniya v usloviyah globalizacii // Problemy sovremennogo obrazovaniya. – 2017. - № 4. – s.84-93

**МЕРЕЙТОЙ  
ЮБИЛЕЙ  
ANNIVERSARY**

**Мерейтой-95 жас**

**ТАЛҒАМЫ БИІК, ОЙЫ ТЕРЕҢ ҒАЛЫМ, ҰСТАЗ**



Жақсылар «жақсымын» деп айталмайды,  
Жамандар «жақсымын» деп айқайлайды,  
Жүрген соң бауырыңды күнде көріп,

Таулардың биіктігі байқалмайды!- десе, дегендей-ақ мына өтіп жатқан күйбең тіршілікте тағдыры тәлімге бай, өресі биік, парасатты, ірі, тау тұлғалардың қадіріне кейде жете алмай жүргеніміз өкінішті. Бұл құбылыс-мүмкін сол, өресі биік, парасатты, ірі, тау тұлғалардың рухани, әлеуметтік-саяси сәуле шашып, жарық жұлдыздай жарқырап тұратыны табиғи жаратылысының сыры болар! Әрбір адам жарық дүниеге келгеннен кейін өз ата-анасын, кіндік қаны тамған туған жерін құрмет тұтатыны белгілі.

«Әркімнің туған жері -Мысыр шаһары» деген сөз бар ,бұл кіндік кесіп, кір жуған мекеннің орны бөлектігін көрсететін теңеу болса керекті. Қазақтың әдебиет классигі Сәбит Мұқановтың «Мөлдір махаббат» романы «Туған жер, еш нәрсе жоқ сенен ыстық, себебі-сенде туып, сенен ұштық» деген екі ауыз өлеңмен басталмайтын ба еді. Кез-келген тұлғаның адами өсіп-жетілуіне туған жерінің әсері ерекше, себебі, ол осы кеңістікте жетіліп, өсіп, дамитын болғандықтан, бізде өз кезегімізде ҚР ҰҒА академик Досмұхамбет Кішібековтың рухани кеңістігі мен оны сомдаған уақытқа тоқталып өтеміз.

Досмұхамбет Кішібековтың туған жері Сырдың бойы отандық тарихнамада біршама зерттелген өңірге жатады. Академиктің өмірге, оқу-білімге, еңбекке, ағайын-туысқа көзқарасын қалыптастырған Сырдағы тарихи оқиғалар мен тұлғалар туралы баспасөз беттерінде жарияланған туындылардан жақсы білеміз.

Ең әуелі Сыр өңірі бүкіл адамзат өркениетінің құрамдас бөлігі болатын Ұлы Жібек жолының бойында өте қолайлы орналасып, Ұлы даланың, соның ішінде Қазақ елінің әлемдік өркениетінің төл бесігіне айналуына себепші болды. Сонымен бірге, Сыр өңірі түрік тілдес ру-тайпалардың ішінен қазақ атты ұлттың қалыптасуына, қазақ мемлекетінің құрылуына арқау болған кеңістікке айналды, оның ең алғашқы астанасы (Қызылорда қаласы) орналасқан мекені болған жер.

Сөйтіп адамзат тарихында өз орны бар қасиетті Сыр бойынан талай даналар дүниеге келгені белгілі, талай даналар өз шығармашылығын әлемге паш еткені тарихқа аян және осы

дәстүр әрі қарай жалғаса береді деген ойдамыз. Ондай даналардың басы осындай текті жердің перзенттері болған Қорқат Ата, Асан Қайғы мен Әбу Нәсір әль-Фарабилерден басталмай ма?

Әрине, дарынды азамат болу оңай емес және биікке көтерілудің өзі екінің бірінің қолынан келе бермейді де.

Міне, осындай халқымыздың дарынды ұлдарының бірі Досмұхамед Кішібеков деп есептейміз. Тоқсан бес жастың табалдырығынан шаршамай-шалдықпай аттаған дарынды, көреген дарынның, корифей ғалымның өсу, қалыптасу жолына қарап отырсаңыз әдеттегі танымал тұлғалар секілді қарапайым.

Досмұхамед ағамызға Алла тағала қабілет берген, табиғат таудай талапты тарту еткен, тағдыр баянды бақыт сыйлаған, өзінің адал еңбегімен, қажыр қайратымен, табан ет, маңдай терімен еңбекті, білімді, ғылымды- үш құдіретті ұштастырып, елімізге белгілі ғалым, ұлағатты ұстаз дәрежесіне өзін-өзі сүйреп, өзін-өзі тәрбиелеп, өзін-өзі жетілдіріп, өзін-өзі жетелеп жүріп жеткізген. Осы айтылып отырған өзін-өзі түсіну, өзін-өзі жетілдіру қазіргі жастарға ең керекті қасиеттер емес пе?

Кез-келген тарих адамдардан, уақыттан, уақиғалардан тұрады. Жоқтан бар пайда болмайды, тақыр жерге шөп шықпайды. Досмұхамед ағамыздың бойындағы жақсы қасиеттер оның туған жерінен, тектіліктің терең тамырынан бастау алады. Тек болмаса, түк те болмайды.

Досмұхамед ағамыз жоғарыда аталған ұлы ғұламалардан бастап, өткен ғасырдағы ұлы тұлғалар Асқар Тоқмағамбетов, Әбділда Тәжібаев, Шаһмардан Есенов, т.б. өмірге келген Сырдың түлегі болып табылады.

Міне, осындай өнегелі, сәулелі ортадан шыққан Досмұхамбет ағамызды алға сүйреген, қысылған жерде алып шыққан, адасқан жерде шамшырағы болған, қанына тәрбиемен құйылған кісілік пен білім нұры, шуағы болды бұл қасиетті жер.

Ұлы Отан соғысы басталғанда небәрі 16 жасқа толған Досмұхамед Кішібеков бүгінде ол ҚР ҰҒА академигі, философия ғылымдарының докторы, профессоры дәрежесінде 95-тың асқарлы асуына көтерілді. Ол тамаша азамат, үлкен ғалым, философия мен жоғары білімнің дамуына ат салысқан ірі ғалым және парасатты педагог. Ол өзінің шығармашылық қуатын, өміріндегі негізгі істерге адал бола жүріп, барлық күші мен білімін еліміздің дамуы үшін, келе жатқан жеткіншек ұрпаққа беруге арнап келеді.

Біз Досмұхамед Әжіметұлын осы мерейтойымен құттықтап, алдағы өміріне ынтымақ пен береке атты баға жетпес байлық, құймақұлақ шәкірт, иман мен сабыр, отбасылық бақыт және шығармашылық табыс тілейміз.

Жаратушымыз Досмұхамед ағамызға салауатты ақыл, терең білім, сезімталдық пен сергектік берген екен. Жүрегі жылы, ойы ұшқыр, ең әуелі қара басына қатал талап қоя білетіндігінің арқасында ол ірі ғалым дәрежесіне көтеріліп, ізденістер мен қиыншылықтарға толы күрделі жолдан сүрінбей өтіп, биік тұлғалы қазақ зиялыларының қатарына қосылды. Адал еңбегі мен алғырлығы, таланты мен дарындылығы арқасында Досмұхамед ағамыз суырылып алға шығып, ең жоғары ғылыми атақ-академик атанды.

Досмұхамед Әжіметұлы білім мен ғылымның жоғын жоқтап, үнемі олардың барын қастерлеуді, ұстаздыққа ғұмырын сарп етуді ананың сүтімен бойына жастайынан жинақтағаны баршаға белгілі. Оның өміріндегі барлық жетістіктері тек өзінің табиғи тарту еткен дарындылығы мен құдай берген қабілеттілігі арқасында ғана күнбе-күн аяусыз тер төгіп, маңдай терінің нәтижесі деуге болады. Ол жастайынан қажырлы еңбектің қадірін біліп, жалпы білімге деген құрметтің адамға деген құрметтен басталатынын ерте түсінген, сонымен қатар олардың бір-бірімен өзара тығыз астасып жататынын ерте аңғарған жан. Өз халқына деген ізгілікті қатынасын өзін-өзі жетілдіруден, кәсіби және тұлғалық сатылардан өтуден бастаған Досмұхамед ағамыз күнделікті педагогикалық және ғылыми өмірде философия десе барынша ден қойып, жаңа идеялар десе бар ынтасымен ықылас білдіріп келеді. Досмұхамед ағамыз ақпарат және дерек көздеріне барынша жақындай түсуді, оны

ғылыми сипатта терең игеруді, жастарға оларды ерекше құндылық ретінде насихаттауды мақсат етіп келеді. Міне, сол білімге деген құштарлықтың Досмұхамед ағаның жеке басының адами табиғатында, кісілік тағдырында белгілі бір жоғары деңгейде маңызды және жетекші рол атқарғандығы білімділер арасында оны философия ғылымында беделді кәсіби маман, корефей, патриарх деңгейіне көтерді. Өзінің Досмұхамед Әжіметұлына деген құрметім ерекше, қатты сыйлаймын. Мен ғана емес бұл кісіге барша халық ыстық ықыласта. Оны жүрген ортамда да үнемі байқаймын.

Ғалымдардың өсу жолдарын сөз еткенде, мұндай адамдардың өмірі әдетте жеміс беретін ағаштардай бірте-бірте табиғи тұрғыда өсіп-жетілудің жүйеленген тәртібіне негізделгендігіне көз жеткізуге болатын сияқты.

Досмұхамед ағамыздың да өмірінің басты формуласы да осыған ұқсас. Ол жастық шақтан алдына мақсат қойып, жүйелі түрде іздену нәтижесінде ғылымға бет бұрды. Осы салада қоғамға пайда әкелген шынайы шығармашылық еңбегі мен жетістіктерінің арқасында ғалым ретінде де, ұстаз ретінде де бірте-бірте биіктерге көтеріліп, қоғам құрметіне бөленді. Сөйтіп, Досмұхамед Кішібеков бұл күнде Абай ағамыздың: «Ақырын жүріп, анық бас, еңбегің кетпес далаға. Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға», дегендей қоғамдық-гуманитарлық салада отандық және халықаралық қауымдастыққа танымал ғұлама ғалымға, жоғары мектептер жүйесінің көрнекті дара тұлғаларының біріне айналды.

Досмұхамед ағамыздың ғылымда таңдап алған жолы философия болып табылады. Философияның құдіретін жете түсіну санаулы тұлғалардың еншісінде екенін әлемдік ой-пікір тарихы дәлелдеп отыр.

Досмұхамед ағамызды елден ерекшелеп, ірі, дара тұлға деңгейіне көтеретін қасиеттері жетерлік. Оған тән қасиет екінің бірінде жоқ, тек өз бойында ғана деуге болады. Ең әуелі оның адалдығы мен тазалығын, әділдігі мен имандылығын, кісілік пен кішіпейілділігін, парасаттылығы мен зиялылығын, одан кейін құдай берген салмақтлығын, сабырлы мінезін, айтқан сөзге тұратын тұрақтылығын айтуымыз керек. Әрине, мұның бәрін Досмұхамед ағамыздың адами болмысынан, күнделікті атқарған қызметінен, бітірген істерінен, көпшіліпен, ел-жұртпен араласқан қарым-қатынасынан байқалатын ерекше қасиеттерінен байқаймыз. Онымен қоса, оның ұйымдастырушылық қасиеті, қызмет бабында адамдарды алаудан тысқары біркелкілігі, ұстамды мәдениеттілігі, сондай-ақ, өзгеге де өзіне де талап қойғыштық қасиеттері де ағамызды елден ерекшелеп, ірі, дара тұлға деңгейіне көтереді. Қол ұшын беру, көмктесу, үлкенді сыйлау, кішіні құрметтеу, бәрімен де тіл табысу, аралас-құралас жүру – Досмұхамед ағамыздың өмірдегі ұстанымдары деуге әбден болады.

Досмұхамед ағамыздың турашылдығы, сол үшін ешкіммен тайсалмайтындығы оның өміріндегі мынадай көріністен байқауға болады. 1986 жылғы желтоқсан оқиғасына байланысты Алматыға КПСС Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшесі М.С.Соломенцев 19 желтоқсанда қазіргі Қ.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университеттің келіп, қазақ ұлтшылдығына байланысты жиын өткізгені белгілі. Сонда профессор Д.Кішібеков алаңдағы оқиғаның не себепті болғандығын тайсалмай тұрып, дәлелдеп берген.

Досмұхамед Кішібеков Қызылорда облысының Шиелі станциясында орта мектепті бітіріп, Қызылорда қаласындағы мемлекеттік педагогикалық институтында білім алған. Институтты ойдағыдай бітіргеннен кейін осы тәмәмдаған оқу орнына оқытушы, содан кейін республиканың Ғылым академиясы философия және құқық институтында ғылыми қызметкер болып істейді де, бұдан кейінгі еңбек жолын жас ғалым ғылым мен білімді жалғастырып, ұстаздық жолға бет бұрады. Күні бүгінге дейін профессор Д.Кішібековтың еңбек жолы Қаныш Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетімен байланысты, оның философия кафедрасында табан аудармай елу жылға жуық еселі еңбек етіп, оның ішінде отыз екі жыл философия кафедрасының меңгеруші қызметін атқарды. Профессор Досмұхамед Кішібековтың алдынан дәріс алған шәкірттерінің арасында өздерінің ғылымдағы ғана емес, өмірдегі үлкен жетістіктерін қадірлі де құрметті ұстаздарның еселі еңбегімен, оның жүрегінің жылуымен байланыстыратындар аз емес. Олардың арасында

ғылым докторлары және ғылым кандидаттары көптеп саналады. Мәселен, ҚР ҰҒА академигі, экономика ғылымдарының докторы, профессор Көпжасар Нәрібаевтың айтуынша Досмұхамед Кішібеков өресі биік, білікті, таным кеңістігі кең ғалым, абыройлы азамат. «Ежелгі тарихы сан ғасырлар қойнауында жатқан ұлы қазақ халқының менталитетін түбегейлі зерттеу менің ойымша, екінің бірінің қолынан келмейді. Мұндай үлкен жүкті көтеру үшін ғалым туған халқының перзенті ретінде оны шын пейілімен құлай сүйюі қажет. Ұлттық идеяны көпшілікке түсіндіріп, талдап бере білу-өресі биік ғалымның ғана қолынан келеді. Ал, енді Досекең, міне, осындай ұлағатты мол адам және мейірімді әрі қарапайым азамат. Мен сияқты шәкірттері ұстазымыздың маңдайымыздан сипаттаған аялы алақанының жылуын әлі күнге дейін ұмытпаймыз»-дейді ол өз ойын ортаға салып.

Досмұхамед Кішібековке осы ғылым жолына түсуге ақыл-кеңесін берген, есеюіне, азаматтық тұлғасы қалыптасуына үлгі болған ұстаз ағалары болды. Солардың бірі Қаныш Сәтбаев еді. Досекең өзінің айтуынша, Қазақстан Ғылым академиясының президенті Қаныш Имантайұлы мен Мәскеудегі КСРО Ғылым академиясына қарасты Философия институтына оқуға жіберіп, «белгілі мерзімде сонда кандидаттық диссертация қорғауың керек» деген қатал талап та қойды. Тосын ұсыныс сол сәтте мені қатты қобалжытты, өйткені, үйленгенмін, бір балам болатын. Қаныш ағаға: « Мәскеуге бармай-ақ, осы Алматыда кіші ғылыми қызметкер болып жүре берейін », -деген өтінішімді де жасырмай айттым. Менің осы жағдайымды түсінген академия президенті : «Мәскеуде, аспирантурада оқуыңды одан әрі жалғастырасың, қаржы жағынан қам жеме, мен Сергей Ивановичке қоңырау шаламын », -деді сабырлы қалыппен. Содан, қарапайым ауылдан білім қуып келіп, қатардағы аспирант болып жүрген мен Мәскеу қаласының дәл орталығында орналасқан «Якорь» қонақ үйінде үш жыл бойы шалқып тұрдым. Сөйтсем, Қанекең айтқан Сергей Иванович – КСРО Ғылым академиясының президенті, атағы жер жарған академик Вавилов екен. Мен сондай ірі тұлғалардың ұшан – теңіз қамқорлығын көрдім, сол үшін оларға өмір бойы алғысымды айтудан ешбір жалыққан емеспін, - дейді Досмұхамед Кішібеков.

Досекең өзіне ғалым болуға көп ықпал еткен әлемге есімі әйгілі ресейлік ғалым-философ профессор Г.Е.Глезарманды және Қазақ елінің данышпан ұлдарының бірегейі Дінмұхамед Қонавтың есімдерін үлкен ыждағатпен атайды.

Міне, осындай алдына үлгі болар ұлағатты ұстаз ағалары болған Досмұхамед Кішібеков философия әлемінің сыр-сипатын зерттеуге табандылық көрсетіп келеді. Ғалым ізденістерінің ерекшелігі - әр мәселені кешенді түрде зерттеуі, ұсақ-түйекке бойын алдырмай, проблеманың даму негізі мен өзекті заңдылықтары, одан шығатын ғылымға керек тұжырымдар, концептуалды қорытындыларды іздеді. Бір сөзбен айтсақ, оның ізденістерінің басты бағыты философия дамуының теориялық негіздері, тұжырымдылық тұтқабаспалдақтары. Өзінің ғылыми еңбектеріндегі философиялық түйін, тұжырымдарының ғана емес, сонымен қатар, ғұмырлық қағидасында бәрінен де ұлттық мүддені жоғары қоя білді. Досмұхамед Кішібековтың әр жарық көрген монографияларынан қоғамның даму үрдістеріндегі заңдылықтың сырын ашатын терең де ауқымды тұжырымдарды, парасатпен әліптелген парықты пайымдарды көреміз. Осылардың арқасында Досмұхамед Кішібеков өзі де әмбебап тұрғыдағы философ-ғалым-теоретик болып қалыптасты. Соңына шәкірттер ертті. Бүгінгі таңда Досмұхамед Кішібеков осы саланың баршамыз мойындаған көшбасшысы, баршамыз құрметтейтін ақсақалымыз, ғылымның осы сипатты саласындағы аса салиқалы асқар тауымыз.

Есімі елімізге ғана емес, әлемге танылған дара дарын иесі Досмұхамед Кішібеков алда да айттық, тағы да айтсақ артық болмайды, елімен бірге жасай беретін кейінгіге үлгі етіп көрсететін, артына мол мұра қалдырып бара жатқан ғұлама ғалым деп топшылаймыз. Оның қаламынан шыққан ғылыми еңбектеріне тоқталсақ, олар біртұтас энциклопедия іспеттес. 70-тен аса монографиялар, кітаптар, оқулықтар, жинақтар, 800-ден аса баспасөз бетінде шыққан мақалалар. Осы еңбектерінің көбінен кемел ой, келелі ұсыныстар, кешенді тұжырымдар табамыз. Досмұхамед Кішібековтың көлемді ізденістерінің бірі көшпенді қоғамдағы

философиялық проблемаларды әсіресе, қазақ халқының сыры терең тарихын, әдет-ғұрпын, тілі мен ділін, зерттеуге арналған еңбектері, ең алдымен, мазмұнның тереңдігімен және айтар ойының ашықтығымен ерекшеленгендігін әріптестері де, шәкірттері де құрметпен атайды. Бұл орайда, ғалымның «Қазақ менталитеті: кеше, бүгін, ертең», «Мәдениет және өрениет», «Қазақстандағы өтпелі кезең: проблемалар мен қиындықтар», «Тарих философиясы және қазіргі кезең» сияқты ауқымды ғылыми еңбектерін атап көрсетуге әбден болады.

Шәкірт тәрбиелеу - Досмұхамбет Кішібековтың азаматтық - ғылыми ұстанымын айқындай түсетін қасиет. Оның жетекшілігімен философия мәселесі бойынша докторлық, кандидаттық диссертациялар қорғалыпты. Бұл орайда ғалым сан қумай, сапаға мән беретінін ғылыми орта жақсы біледі. Академик Досмұхамед Кішібековтың алдынан тікелей сабақ алып, оның салмақты ойларын жүрегіне құйып өскен мыңдаған мамандар қатарын былай қойғанда, ғалым ұстаздың қаламынан туған «Философия» оқулық пен оқу құралдарынан тәлім алған ұрпақ өкілдерінің өзі қаншама?! Тіпті Досмұхамед ағаның қаламынан туған оқулықты, оқу құралдарын пайдаланбай одан білім алмаған бір де қазақ студентін таппайсыз десек артық болмас еді.

Бүгінде кең байтақ қазақ жерінің қай атырабына барсаңыз да, ол кісінің дәрісін тыңдаған, тағылымды өнегесін алған, соның арқасында өмірден өз орнын тауып, азамат атанған мыңдаған, он мыңдаған жандарды жолықтырар едіңіз. Олардың қай-қайсысы да ұстаз есімін сол сәтте сізге ерекше құрметпен, мәртебелі марапатпен атар еді.

Академик шәкірттері бүгінде беделді үкімет басқару, министрлік, ведомстволық басшылығында, жоғарғы оқу орындарында, ғылыми мекемелерде, білім жүйесінде профессор, доценттік дәрежеде қызмет атқаруда.

Ғылыми және қоғамдық қызметте сіңірген айтулы еңбегі және философия ғылымын дамытудағы үлкен үлесі үшін Д.Кішібеков ҚР Президентінің Жарлығымен «Халықтар достығы» және «Құрмет» ордендерімен, «Қазақстанның жоғары мектебінің еңбек сіңірген қызметкері» атағымен марапатталды. Досмұхамед Кішібеков ағамыздың адамгершілік қасиетіне, ізгілік пен әділдік идеяларын ұстағанына қызығушылықпен қарауға болады. Оның болашақ ұрпаққа үлесі болатындай іс-әрекеті, білім мен ғылымға деген құштарлығы, байсалдылығы, кішіпейілділігі, мінез-құлқының жайдарлылығын ерекше атап өту керек. Оның әрбір сөзінің танымдық, тәрбиелік, ізеттілік мағынасы бар.

Досмұхамед Кішібеков білгір маман ретінде алыс-жақын шетелдерде әртүрлі шараларда баяндамалар, дәрістер оқып тұрды. Ол АҚШ, Жапония, Франция, Италия, Египет, Алжир, Түркияға және басқа да мемлекеттерге сапар шегіп, дәрістер оқыды. Мәселен, Америкадағы Колумбия, Франциядағы Сарбон және Жапониядағы Хиросима ияқты іргелі университеттердің ғалымдары мен профессорлары алдында оқыған дәрістерінің шетелдіктер тарапынан жоғары бағалануы көп нәрседен хабар берсе керек.

Осындай шетелдерге көп сапарларының ғалымның есінде ұзақ уақыт сақталып қалған, сондай маңызы жоғары жолсапарларының бірі Америка Құрама Штаттарында екінші дүниежүзілік соғыстың аяқталғанына 30 жыл толуына арналып ұйымдастырылған кездесуді Досмұхамед Кішібеков еңбек ардагері ретінде ерекше атап атайды. Оның өзіндік себептері де бар болатын. Өйткені, бұл делегацияның құрамында атақты қолбасшы, маршал Е. К. Жуковтың рөлін орындаған дарынды актер М. Ульяновтың көрнекті кинорежиссер С. Герасимовтың болуының өзі оның мәнін арта түсетіндігі көзге көрініп тұрды. Ал, қазақ ғалымының Капитолииде конгрессмен Хоу мырзаның қабылдауында болып, онымен пікір алмасып, әртүрлі сауалдарға нақты жауап бергенін бүгінде еске түсірудің өзі тіптен қызық. Сол кездесуде Досекең өз кезегінде Хоу мырзаға капиталистік қоғамдағы, сол елдегі ұлттық қарым-қатынас мәселесі, аз ұлттар проблемасы жөнінде сауал қойғанымен, оған жартымды жауап ала аламғанын қынжыла әңгімелейді. Өйткенмен делегация басшылары Капитолиидегі қабылдаудың түсіністік пен достық жағдайында өткенін айтқан. Оған қоса, әлем Қазақстанды әлі толық тани алмай жүрген кезеңде қазақ азаматының ғалым ретінде ежелгі тарихы тасқа қашалып жазылған туған халқының данышпандық тағылымы, кешегісі

мен бүгінгісі туралы ғылыми ізденістері мен таным кеңістігі шын мәнісінде назар аударарлықтай болғандығы құптарлық жайт.

Қорыта айтқанда, ірі, дара, ғалым, белгілі қоғам қайраткері, ілуде сирек кездесетін ашық-жарқын тұлға академик Д. Кішібековтың өмір жолы мен шығармашылығы, міне осындай. Ол-ғылым мен білімге жан-тәнімен берілген, бойындағы оған деген мол дарынын, қарымды қабілеті мен қажыр-қайратын, айтулы таланты мен тәлімді тәжіірбесін, бар ықылас, ынта-жігері мен ой-ниетін, өз жүрегімен қалаған осы бір киелі де қастерлі өмір жолында жанқиярлығымен аянбай жұмсап келе жатқан, алған бетінен таймаған, ары таза, кеменгер, парасатты жан.

Академик Д.Кішібеков бойындағы бар зияткерлік қуат күшін, қажы-қайратын туған тәуелсіз Отанымыздың игілігіне, өркендеуіне бұдан бұлай да жұмсай бермек.

Академик Д. Кішібековтың өмірі-нағыз өнегелі өмір, ұлықтауға лайық ұстаз, құрметке лайық ғалым, азамат.

Бүгінде Досекең ағамыз тоқсан бесті артқа тастап, жүздің төріне аяқ басқалы отыр. Сол тоқсан бесіңіздің төріне тоқтамай шыққан абыз ақсақал әлі тың. Өзінің ұзақ жылдар бойғы жемісті еңбегімен, тектілікпен ұласқан парасат-пайымымен, ірі, дара ғалым, ұлағатты ұстаз дәрежелерімен қоса халқының шынайы тілекшісі-ақсақал, ел ағасы дәрежесіне көтерілді. Кемел ой иесі Досмұхамед Кішібеков осындай баршамыз құрметтейтін ақсақалымыз, данамыз. Осы арада ойға қазақтың құлагер ақыны Ілияс Жансүгіровтың: «Өз ұлын ,өз ерлерін ескермесе, Ел тегі қайдан алсын кеменгерді»,- деген екі жол өлеңі ойға түседі. Шынында, халқына қалтқысыз еңбек етіп жүрген азаматты осылай ардақтау қашанда абыройлы іс деп ойлаймыз. Ендешен, туған халқының жалынды жанашыры, парасатты патриоты,нағыз ұлт зиялысы дәрежесіне көтерілген ғұлама ғалымымыз, дарынды ұстазымыз, академик Досмұхамед Кішібековтың 95 жылдық мерейлі мерекесімен құттықтай отырып, оған зор денсаулық, отбасына амандық, мол шығармашылық табыстар тілегеніміз абзал болар!

*Раушанбек Әбсаттаров -ҚР Ұлттық ғылым академиясының корреспондент - мүшесі,  
философия ғылымдарының докторы, профессор*

**ӨНЕГЕЛІ ӨМІР ӨРНЕКТЕРІ**  
Білім мен ізгілік қана мұратқа жеткізеді.

Жүсіп Баласағұн



Ежелгі Грек ойшылы Платон «Идеялар әлемді билейді» деп айтқан. Осы идеялар жеке тұлғалармен дамытылады. Қазақта халқы үшін туған дара тұлғалар аз емес. Адамдық, ғылымдық тұлға болмысы биік дара ұстаздарымыздан біз болашақ мамандықтың қырсырымен қатар адамдықтыңда әліппесіне қанығып, өнеге алып өстік, қанаттандық. Ұстаздық ұлы іс. Дәріс оқығанның бәрі шын мәнінде ұстаздық қасиетке ие болып, шәкірттер жүрегінен орын таба бермеуі мүмкін. Ұстаз деп тек дәріс оқығанды емес, ұлағаты үлкен, шапағаты мол жанды, тұлғаны атасақ, орынды болмақ. Шынында да шәкірттері үшін ұстаз дәрісімен ғана емес, бар ісімен де үлгі, өнеге болуы керек. Міне осындай бар ісімен де өнеге болып келе жатқан ұлағатты ұстаздардың бірі емес бірегейі – ҚР ҰҒА академигі, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Күләш Құнантайқызы Құнантаева.

«Ақырын жүріп, анық бас,  
Еңбегің кетпес далаға.  
Ұстаздық қылған жалықпас,  
Үйретуден балаға»

деген ұлы Абай атамның ұлағатты да көрегенді сөзі Күләш Құнантайқызына арналып айтылғандай. Өйткені, Күләш Құнантайқызы өзіне білім шырағын ұстатқан қарашаңырағының қабырғасында ғылым мен ұстаздықтың туын ұстап, өзінің саналы өмірін жас ұрпаққа білім мен тәрбие беруге арнап келе жатыр. Үлкен ғалыммын деп аспайды, ұлағатты ұстазбын деп еңбегіне өтеу сұрамайды.

Күләш Құнантайқызы – Қазақстан ғылымының дамуына зор үлес қосқан, әлі де одан сайын үдемелі үлесін қоса беретін ғұлама ғалым, есімі мақтанышпен айтылатын, өмірі – өнеге ұлағатты ұстаз, парасатты тұлға.

Ол Қазақ мемлекеттік қыздар институтын бітірген қыздардың ішінде бірінші болып, педагогика саласында ғылым докторы атанды. Сонымен қоса, Күләш Құнантаева қазақ мемлекеттік қыздар педагогика институтын бітірушілерден алғашқы профессор. Жоғары орындарының ректорларынан Құнантаева – бірінші. Қазақ мемлекеттік қыздар педагогика институты бітірушілерден Күләш Құнантаева – орта және жоғары білім министрінің бірінші орынбасары. Одақ кезіндегі КСРО Педагогика ғылымы академиясы- на қазақ қыздарының арасынан бірінші корреспондент - мүшесі болғанда, қазақ қыздарының ішінен тұңғыш Ресей Білім академиясының мүшесі, Грузия Білім академиясының мүшесі болғанда Күләш Құнантайқызы. Еліміз тәуелсіздік алған соң Жоғары аттестаттау комиссиясының педагогика, психология ғылымының сараптама бөлімшесінің алғашқы төрайымы болды. Сонымен, Күләш Құнантайқызы педагогика тарихында, әрі оның ғылымына іргелі үлес қосып кележатқан халықаралық деңгейдегі ірі тұлға. Күләш Құнантайқызы тек ұлағатты



ұстаз, білгір ғалым ғана емес, ол сонымен қатар белгілі қоғам қайраткері, ұйымдастырушылыққа білетін өмірдің өзі шыңдаған, бүгінгі тілмен айтқанда, топменеджер, басқарушы, шебер ұйымдастырушы. Күләш Құнантайқызы екі дүркін КСР Жоғары Кеңесінің депутаты, көп жылдар Қазақстан комсомолы Орталық комитетінің хатшысы, он алты жыл Қазақ қыздар институтының ректоры болды. Міне, Күләш Құнантайқызының өмір жолы осындай биік-биік белестерден тұрады. Иә, Күләш Құнантайқызының өмір жолы өзге замандастары секілді өзіндік соқпақтар-дан тұрады деуге болады. Ол Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданында 1931 жылы дүниеге келді. Ұлан ауданы елге белгілі ғалымдар мен қоғам қайраткерлері елі еді. Көрнекті филологтар – С.Аманжолов, З.Ахметов, Ш.Елеуеновтар осы елдің түлектері. Олардың ғылымдағы өнегесін барлық қазақстандықтар мақтан тұтады.

Олардың әсер-ықпалы ғылым жолына түскендер үшін бастау алар, бағыт берер адастырмас жол десе асыра бағалағандық болмас. Міне, Күләш Құнантайқызы осындай елеіміздің ардақты азаматтары, кісілік қабілеті келіскен қадірлі адамдардың шапағаты тиген болашақ ғалым, ұлағатты ұстаз, елге танылған қоғам, мемлекет қайраткері. Орта мектепті үздік бітірген соң, елімізде жаңа құрылған Қыздар институтына оқуға түсіп, оны 1952 жылы ойдағыдай тәмәмдайды.

Ең әуелі ғұлама ғалымның ұстаздық қызметін айырықша атап өтуге болады. Ғалым болмаған күннің өзінде Күләш Құнантайқызы, сөз жоқ, тамаша ұстаз болар еді. Мектептегі алғашқы еңбек жолының өзі осыны айғақтайтындай. Ұстаздың бақыттылығы – тәрбиелеген шәкірттерінің жүрегіндегі шырағын жағып, солардың өмірден өздері не лайықты орнын табуына дұрыс бағыт бағдар сілтей білуінде болса керек. Күләш Құнантайқызы әубаста мұғалімдік мамандықты таңдаған күннің өзінде осыны алдына мақсат етіп қойған іспетті. 1952 жылы институтты бітірісімен болашақ ғалым өзінің еңбек жолын Алматы облысы, Жамбыл ауданындағы Октябрь орта мектебінде орыс тілі мен әдебиетінен сабақ беруден бастайды. Өзінің сүйікті мамандығын жоғары жауапкершілігімен, жұмысқа тыңғылықтылығымен атқарған ол мектеп ұжымының алдында үлкен беделге ие бола бастады. Оған қоса ұйымдастырушылық қабілетінде ерекше көзге түскен жас маман ретінде саяси қызметке тартылады. Бұрын соңғы ел басқарған белгілі қайраткерлерде еңбекжолын комсомол жұмысынан бастады десек қателеспеспіз. Комсомол жұмысы жас маманды көпшілікпен араласып, жұмыс істеуге, ерекше әділдікке, алғырлыққа, батылдыққа тәрбиелейді. Жалынды жас 1954 жылы жас маман Алматы қаласы Ленин аудандық комсомол комитеті мектеп бөлімінің меңгерушілігіне шақырылады. Күләш Құнантайқызы жастық шақтан алдына мақсат қойып, жүйелі түрде іздену нәтижесінде ұстаз ретінде, ғалым ретінде, басшы ретінде бірте-бірте биіктерге көтеріліп, қоғам құрметіне бөленді. Сөйтіп, Күләш Құнантайқызы бұл күнде педагогика саласында халықаралық қауымдастыққа танымал ғалымға, жоғары мектеп жүйесінің көрнекті ұйымдастырушыларының біріне айналды.

Енді осыны таратып айтсақ, жас маманның өмір кезеңдері белсенді іс-қимылдарымен көрінеді. Ең әуелі аудандық комсомол комитетінің мектеп бөлімі меңгерушілігінен бастаған ол бес жылдың ішінде республикалық комсомолы Орталық комитетінің хатшысы дәрежесіне дейін көтеріледі. Бұл оған көрсетілген үлкен сенім еді. Себебі бұл баспалдаққа жету үшін көп баспалдақтардан өту керек еді. Оған дейін Күләш Құнантайқызы тек үш жылдай ғана Алматы облысы комсомол комитетінің хатшысы қызметін ойдағыдай атқарған. Міне, осы жастармен жұмыс саласында қызмет ету өте күрделі және қызық болатын. Әр қоғамдада жастарды сол қоғамның алдыңғы шебі, авангарды деп есептейтіні мәлім, сондықтан да сол саясаттың ішінде жүру және оны жүзеге асыру ең абыройлы емеспе? Және 50- 60 жылдарда тың және тыңайған жерлерді игеру шараларының нағыз қызған кезі еді ғой. Міне, осы жастармен қоян-қолтық жұмыс істеу комсомол ұйымдарының міндеті болатын. Тың игеру басталғанда осыны желеу етіп, Қазақстанға неше түрлі жастардың тобы келгені мәлім. Олардың ішінде жақсылары да болды, бірақ көбінесе мамандықтары жоқ, анадан-мынадан қашқандар да көп болды ғой. Республикалық, облыстық, әсіресе, аудандық комсомол

комитеттері, міне, осындай ауыл-село жастарының арасында тыным таппай жұмыс істеді. Ең әуелі олардың әлеуметтік мәселелері мен шұғылданатын. Жұмыс пен қамтамасыз етілуі, еңбек жалақыларын уақытында алып отыруы, пәтермен, жатақханалармен қамтамасыз етілуі, мәдени демалысын ұйымдастыру, олардың арасында тәрбие жұмыстарын жүргізу, кино, концерт, лекция оқу т.б. шаралар. Міне, осындай әр-алуан шараларды алдын ала жоспарлау, оларды жүзеге асыру, ақыл кеңес беру, орындалуын бақылау жоғарғы комсомол комитеттерінің басшыларының міндеті болды, әрине, бұндай күрделі әрі қызықты жұмыстардың бел ортасында Орталық комитеттің басшыларының бірі ретінде Күләш Құнантайқызы да жүрді. Он жыл бойы республиканың комсомол ұйымдарында Күләш Құнантайқызы атқарған жұмыстар негізінен жастарға тәрбие беру, оларды жан-жақты әрі білікті мамандар етіп дайындау ісімен тығыз байланысты болды. Міне, осындай жауапты қызметтер атқарып, республикамыздың жастар ұйымының беделді жетекшісіне айналған белгілі қоғам және саяси қайраткер деңгейіне көтерілді. Кеңес заманынан белгілі, комсомол органдарында қызмет істеу жас жағынан шектеулі болады, 1964 жылы республика басшылары Күләш Құнантайқызын тәжірибелі мемлекеттік қызметкер ретінде Қазақ КСР-нің жоғары және орта білім министрінің орынбасары етіп жібереді. Бұл қызмет білімділікті, көп тәжірибені талап ететін жұмыс. Ал, Күләш Құнантайқызында екеуде баршылық еді. Сондықтан ол жаңа жұмысқа қызу кірісіп кетті. Көп мәселелерді шешуге мемлекет тарапынан мүмкіндіктерде ашылды.

Республиканың жоғары оқу орындарын басқаратын министрлікте жинаған тәжірибесін іс жүзіне асыруға мүмкіндікте туды. Ол 1968 жылы—өзінің кезінде жоғарғы білім алып, үлкен өмірге қанат қаққан алтын ұясы Қазақ мемлекеттік қыздар педагогика институтына ректор болып жіберілуі еді. Жасы не бәрі отыз жетіде болатын. Қазақ елінің гүлденіп көркеюіне қыздар педагогика институтының айшықты орны болса, осы шаңырақтың мол жеміс беруіде Күләш Құнантайқызы сынды ұлағатты ұстаздың өлшеусіз еңбегінің, әр шәкіртіне анасындай қамқорлығының арқасы екені даусыз.

Күләш Құнантайқызы парасаттылығы, білім дарлығы, іскерлігі нәтижесінде Қазақ мемлекеттік қыздар педагогика институтында басқаларға қарағанда ұзақ уақыт ректор болып, қызмет істеді. Осы институттың дамуына, көркейіп өсуіне қосқан үлесі бір төбе. Күләш Құнантайқызы өзіне Үкімет жүктеген міндеттерді шешуге белсене араласты. Институттың ректоры К.Құнантаеваның алдында тұрған міндеті оңай болмады. Ол өзіне тән қуат, құлшыныспен және өз күшіне, өз ісінің маңыздылығымен қажеттілігіне деген сеніммен жұмысқа кірісті.

Күләш Құнантайқызының ректорлық қызметінде осы оқу орнының өсуі мен дамуына байланысты мәселелер мен міндеттерді шешуде таңғаларлық еңбек сүйгіштікпен, парасаттылықпен және берік жүйелілікпен еңбек етті. Бүгінгі күні де жалпы Қазақстанның білім беру саласында өз орны бар, білім беру мен жастар тәрбиесі саласындағы өзіндік дәстүрлері бар ЖОО, оның басшылығы мен шынайы университет болып қалыптасты. Ректорлық қызмет еткен 16 жыл ішінде Күләш Құнантайқызы біраз шаруаның басын қайырды. Білім ордасындағы өткізген ауқымды қайта құрулар жоғары оқу орындарындағы білім мен ғылымның жоғары стандарттарына жауап бере отырып, педагогтық саланың алуан түрлі қажеттіліктерін қанағаттандыра алатын салаларға бағытталды. Стратегиялық ойлауға қабілетті, көреген, тәжірибелі ұйымдастырушы Күләш Құнантайқызы пікірлестерінің қолдауы мен көмегіне иек артып, азғана уақытта оқу үрдісімен оның материалдық техникалық жабдықтауын қайта ұйымдастырып, лайықты оқу зертханалық базаны құрды. Қыздардың осындай жоғары оқу орнында жақсы білім алуына қажетті жағдайлардың бәрі сол тұста жасалғанын жұрт әлі күнге дейін аңыз қылып айтады. 12 жаңа замануи жабдықтармен жабдықталған зертханасы бар төрт қабатты оқу корпусы салынып, ең үлкен деген үш факультет: жағрапия-химия, тарих-кітапхана және физика-математика факультеттері орналасты. Сонымен бірге, студенттерге арналған, әрқайсысы орта есеппен 350- 400 адам сиятындай 4 жатақхана бой көтерді. Сол жылдары салынған төрт жатақханаға

1400- 1600 студенттен орналастырылып, қолдарына ордер беріліп, қалаға прописка жасалынды. Жатақхана мен қатар, жаңа типті кітапханамен 800-1200 орындық асхана ғимараттары аталған кезеңде пайдалануға берілді. Жаңадан спорт комплексі салынып, іске қосылды. Студенттерге сан салада дәріс беріп, олармен ғылыми жұмыс жүргізуге жағдай туды, институтқа білікті мамандар шақырылды.

Ең басты мәселе қазақ тілімен қазақ әдебиетінің өрісін кеңейтіп, тұсауын босатып, студенттердің ана тілін біле жүруіне мүмкіндік туды. Институтқа әйгілі тіл мамандары, кейіннен аттары алты алашқа белгілі болған Сейілбек Мұхемеджарұлы Исаев, Алтай Сарсенұлы Аманжоловтар келді, біріншісі, филология факультетіне декан, екіншісі қазақ тілімен әдебиеті кафедрасына меңгерушісі болып жұмыс істеді. Математика кафедрасының меңгерушісі болып жас математик, кейіннен аты Одаққа белгілі болған ғылым докторы, профессор Дәулет Үмбетжанов сайланды. Сол жылдары Ә.Ж.Жамалов, С.Е.Елубаевтың басшылығымен информатика кафедрасы ашылып, кафедраның қарауына 5 компьютерлік бөлме – лаборатория берілді. Мұғалімдер мен студенттер сол жылдары информатика және есептеу техникасының негіздерін біліп, оны игеруге алғашқы қадам жасады.

Институтқа мектепке дейінгі тәрбие мамандығы бойынша факультет ашылды. Мектепке дейінгі тәрбиелік факультеттегі оқу процесін ғылыми негізде ұйымдастыруға үлкен мән берілді. Факультетті басқаруға декан ретінде белгілі ғалым Қазына Аймағамбетова шақырылды. Ұлттық тарихты оқыту мәселесі күн тәртібінде қойылып, КПСС тарихы кафедрасынан ССРО–Қазақстан тарихы деген атпен жаңа кафедра ұйымдастырылды. Оқу–әдістемелік және оқытушылардың, студенттердің ғылыми жұмысына орынды мән беріліп, тәжірибе алмасу кең көлемде жолға қойылды, көптеп оқу әдістемелік құралдарын шығаруға жағдай жасалынды.

Күләш Құнантайқызының адамшылығымен адамға деген түсіністігі педагогтердің тұрмыс жағдайына көңіл бөлгендігіненде көрініп тұрды. Мысалы, әскери жылдардан пәтерлері жоқ, сонымен қатар соғыста қаза тапқан отбасылардың мүшелеріне де пәтермен қамтамасыз ету үшін оқытушылар үшін екі көп қатарлы үй салынды. Сондай-ақ, Қаскелеңдегі агробио участок, Қапшағайдағы демалыс үйі, барлығы ұзын саны 9 құрылыс нысанының іске қосылуына республика Жоғарғы Кеңесінің депутаты бола жүріп, қол жеткізді.

Осындай жұмыстардың нәтижесінде бұл жылдары студенттермен оқытушылардың саны ұлғайды, профессор оқытушылардың сапалық деңгейі жоғарылады, осының нәтижесінде жаңа факультеттермен жаңа мамандықтар ашылды. Қыздар педагогикалық институтының даму кезеңі көп жағдайда Күләш Құнантайқызының есімімен байланыстыра айтылатыны тегін емес.

Қыздар оқитын жоғары оқу орны мәдени жағынанда асқақтап, оның аты дүниені шарлап кетті. Сол жылдары институтта құрылған «Айгүл» ансамблі гастрольдық сапармен Одақ аумағын түгелдей дерлік аралап, «социалистік лагерьге» енетін Шығыс Еуропаныда өз өнерімен тамсандырды. Оның ар жағында қазақ мәдениетін айрықша қадірлейтін француздар, қазақ қыздарының өнеріне тамсанып, Қиыр Шығыста жапондықтар Құрманғазы ұрпағына қошаметпен қол соқты. Институт басшылығының өнерлі жастарға жасаған қамқорлығының арқасында «Айгүл» ансамблі қазақ өнерін гастрольдық сапармен барған жердің бәріне паш етті. Өнердің шырқау биігіне қол артқан іргелі ұжым Ленин комсомолы сыйлығының лауреаты, ВЦСПС жүлдесінің, басқада сыйлықтардың иегері атанды. Көп ұзамай өнер ұжымына «халықтық» атағы берілді. Сонымен, «Айгүл» ансамблі арқылы тұтас қазақ өнерінің өркендеуіне ұлттық мәдениеттің ұлықтаушысы Күләш Құнанатайқызы да үлкен үлес қосты.

Институттың материалды базасы артуымен қатар, педагог кадрлар дайындаудың сапасы артып, оқу мен тәжірибенің үздіксіз процесін өткізе алатын шаралар іске асты. Күләш Құнантайқызы өзіде ғылымдық тұрғыда өсті. 1981 жылы «Развитие женского образования в

Қазақстан (1920-1975)» тақырыбында докторлық диссертациясын қорғап, педагогика ғылымдарының докторы дәрежесін алды.

Қоғамдық жұмыс пен ғылыми жұмысты кемелдікпен тең атқаратын Күләш Құнантайқызының педагогикалық және ғылыми еңбектері жоғары бағаланып, 1990 жылы КСРО Педагогика ғылымдары академиясының корреспондент - мүшесі болып сайланды. 1994 жылы Қазақстан Ұлттық Ғылым академиясының корреспондент - мүшесі болып бекілді. 2003 жылы Қазақ елінің Ұлттық Ғылым академиясына академик болып сайланды, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері атағы берілді. Қашанда өзінен бұрын шәкіртерінің қам-қарекетін естен шығармайтын Күләш Құнантайқызы, қыруар жұмыстың арасынан уақыт тауып, олардың ізденістерінде көңіл бөле білді. Соның нәтижесі 24 ғылым кандидаттары мен докторларын дайындауға қол жеткізді. Олардың дені қазір азат елдің дамуына үлес қосып жүр.

Күләш Құнантайқызы институтқа жетекшілік еткенде ұжымның ғылыми педагогикалық кадрларын өсіруге көп қамқорлық жасай білді, білім мен ғылымды ұштастырам дегенге молынан жағдай туғызды. Өз институтына профессорлар мен ғылым докторлары шақырылды. Ол өзі профессор болмасада, ешкімге іштарлық жасамай, ҚСРО Жоғары және орта арнаулы білім министрі В.Елютинге барып, бар жағдайды түсіндірді. Ғылым кандидаттары тарихшы Т.Найзағаринге, педагогтар Ә.Жұмақановпен И.Мадинге профессорлық, әлі кандидаттық диссертация қорғамаған музыкант М.Балтабаевқа доценттік ғылыми атақты алып беруге қол жеткізді. Министр В.Елютин: «оларды неғыләсыз, өзіңізге профессорлық алып беруім әлдеқайда оңай, тиісті құжаттарыңызды тапсырыңыз» дегенде, оның айтқанынына көнбей: «Мен жақында докторлық диссертациямды қорғаймын, сонан соң өз жөнімен профессорлық аламын» деп, ректор сол төртеуіне жәрдемдесуін сұраған. Институт басшысының осындай табандылығының нәтижесінде оқытушылар арасында ғылыми дәрежесімен атақ алғандардың үлесі 24 пайыздан 46 пайызға дейін жетіп, жаңадан 3 факультет ашылып, 9 мамандық ұйымдастырылды.

Осындай жергілікті жердегі барлық мәселелерді тек орталық шешіп тұрған заманда еліміздегі орны бөлек саналатын жоғары оқу орнының басына бұлт үйірілгенде уақыт болған. Орталық Азиядағы басқа республикаларда қыздар институттары жабылған соң, Қазақ қыздар педагогика институтында жабу туралы КСРО-ның белді министрлері В.Елютин мен М.Прокофьевтар арнайы мәселе көтеріп, үлкен пікірталас тудырған. Осы пікірталаста институт ректоры Күләш Құнантайқызы өзінің тұжырымды ойымен өткір пікірлерін алдыға көлденең тарта отырып, одақтық дәрежедегі министрлердің көзқарасын өзгертуге ықпал жасайды. Сөйтіп, Қазақ қыздар педагогикалық институты өз басшысының қайсарлығы арқасында жабылудан аман қалғаны бар. Бұл жағдайды екінің-бірі біле бермеуіде мүмкін.

Жалпы, Күләш Құнантайқызының қызметіде, ғылыми еңбегіде қазақ қыздарының білім беру мәселесімен ұстасып жатыр. Мектеп оқушыларын тәрбиелеуді ұйымдастырудың кең тараған түбі – сабақтан тыс, мектептен тыс жүргізілетін жұмыстар болғандықтан, профессор К.Құнантаева алғашқы ғылыми педагогикалық еңбегін осы мәселеге арнаған. Институттың басшысы ретінде қазақ қыздарын ұстаздықтың қыр-сырына үйретіп, елдің келешек ұрпағын тәрбиелеуге ат салысса, ғалым ретінде қазақ қыздарының қоғамдағы алатын өзіндік рөлін айқындауға үлес қосты. Көп жылғы ізденіс пен тынымсыз еңбек ғалым-ұстазды ғылымның биігіне көтерді. Оның зерттеу тақырыптарының басым бөлігінде Қазақстанда қыздар мен әйелдерге білім беру тарихына, әйелдерді мемлекет басқару, қоғамдық өмірге тарту, отбасын жолдарымен бірге, әлеуметтік-саяси, педагогикалық мағынасын ашып көрсету мәселелері, жастарды ұлттық әдет-ғұрыпқа тәрбиелеуге қазіргі заман үрдістері негізінде тәрбиелеу жолдарымен әдістерін анықтауға бағытталады. Сонымен қатар, өз зерттеулерінде ол Қазақстандағы мектеп, кәсіптік орта білім, жоғары білім беру салаларының дамуы мен бірге проблемалары қарастырылып, оларды шешу жолдары да көрсетілген. Еңбектері мұрағат құжаттары, статистикалық көрсеткіштер және басқада айғақтар, дәлелдермен қамтамасыз

етілгендіктен нанымды, дәйекті. Ғалым педагогика ғылымының жаңа белеске көтерілуіне үлес қосып келеді.

Күләш Құнантайқызы өмірінің қомақты бөлігін жастарды тәрбиелеу ісіне арнады. Осы саланы ғылыми негізде дамытудың жолдарын іздеу мақсатында педагогика ғылымында жасөспірімдерді тәрбиелеуді зерттеп, тың ой-пікірлер айтты. Оның сабақтан тыс, мектептен тыс тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру туралы идеялары бүгінгі күні өзектілігін жойған жоқ.

Күләш Құнантайқызы жан-жақты да терең жүргізілген және көптен жарияланған еңбектері арқасында кешегі Кеңес Одағындағы, бүгінгі ТМД елдеріндегі маңдай алды педагог ғалымдарының қатарынан өзіне лайықты орнын алды.

Ғалымның қазақ қыздарын оқыту және тәрбиелеуге арналған ғылыми зерттеулерінің болашағы зор. Бұл жұмысты ол кітаптардан оқып, мұрағат құжаттарын зерделеумен бірге іс жүзінде, күнделікті өмірде іске асырды.

Өзінің ғылымға баулыған шәкірттеріне де осындай өзекті мәселелерді одан әрі зерттеуге бағыт бағдар беріп келеді. Жоғарыда атап өттік, ғалымның жетекшілігімен докторлық, кандидаттық диссертация қорғағандардың шоғыры қомақты. Жинақтап келгенде, Қазақстан ғылымында академик Күләш Құнантаеваның өзіндік мектебі қалыптасты.

Ғылыми қоғам Күләш Құнантайқызының жалпы педагогикалық және ғылыми еңбектерін жоғары бағалайды, олардың саны 400-ге жетеді. Олардың ішінде монографиялар, кітаптар, оқулықтар бар. Олардың ішінде «Білім заңғарына жол», «Қазақстанда әйелдерге білім берудің дамуы», «1917- 2000 жылдарда Қазақстанда білімнің дамуы», «Қазақстан педагогикасының тарихы», «Қазақтың тәлімдік ойлар антологиясы» 10 томдық т.б.

Күләш Құнантайқызының халық мойындаған әлеуметтік доминантасы, оның биік мінбелерден айтқан сөздерімен ойлары Қазақстан жастарын, әсіресе қыздарын оқыту мен тәрбиелеу идеяларын жүзеге асыру жолдарын көрсететін компас іспетті. Оның сөздері мен пайымдаулары заман талабымен қабысып, қазақстандық қоғамның ең қалық қатпарларында қолдау тауып жатады. Әдетте, ғалым-ұстаздың ой-толғаныстары әрбір қазақстандық жастардың, азаматтардың жүрегінде Қазақстанның жарқын болашағына деген берік сенім мен үлкен үміт отын лаулатады, жандырады.

Өз басым Күләш Құнантайқызының бұқаралық ақпарат құралдары арқылы, мемлекеттік дәрежедегі биік жиындарда, әртүрлі халықаралық және республикалық ғылыми-теориялық және ғылыми-практикалық конференцияларда, салтанатты жиналыстарда, ғылыми дәреже беретін диссертациялық кеңестегі талқылауда, студенттер мен творчестволық жастармен кездесулердегі парасатты сөздерін талай рет тыңдап, тәнті болғаным бар. Әсіресе оны қазақ қыздарына, балаларына отансүйгіштік тәлім-тәрбие беру мәселелері, жастардың құқықтарын қорғаудың жаңа механизмдері мен тәсілдерін іздестіру проблемалары, осы айтылғандардың биік шыңы сол потенциалдарды іс жүзіне асыру әдістерінің бірі -қазақ қыздарының, балаларының бойына имандылық пен физиологиялық денсаулық нышандарын орнықтыру мәселелері қатты толғандырады екен. Осылайша бола тұрғанның өзінде, Күләш Құнантайқызы бала игілігінің және оларды болашақ өмірге даярлаудың ең бастапқы аяқ тірер тұғыры -отбасындағы моральдық күй-жай, жан-ұяның саулығы, салауаттығы деп есептей келіп, өз алдына отбасының беріктілігі мен тұрақтылығын нығайтудың, ажырасу санын азайтудың, жетімдер санын: кемітудің, әкесіздікпен бас қанғылықты, қадағалаусыздықты жоюдың және басқа да жанұялық бақытсыздықтардан арылудың қандай амалдары бар екен деген шешімі аса күрделі сауалдарды қояды. Бұлардың құрбаны, бірінші кезекте, балалар екенін терең сезінеді.

Ғалым - ұстаз тұлғасындағы қарапайымдылық пен ұстамдылық, сабырлық пен тектілік қандай жағдайда да өз ұстанымын, ойын ашық жеткізуге, әріптестерімен жылы әрі тұрақты қарым-қатынасты сақтауға көмектеседі деп ойлаймын. Ғылымда биіктікке ұмтылып, әрі сөзге, пікірге толғанпаздықпен қарайтын тектілігі ғалым-ұстаздың тұлғасын сомдай түсетіндей. Күләш Құнантайқызы ұлағатты ұстаз-тәрбиеші де, салиқалы ғылыми зерттеушіде, ғылыми, оқу-тәрбие жұмыстарды іскер ұйымдастырушыда. Болашақ ғылыми

зерттеулерге, оқу - тәрбие жұмыстарға бағыт-бағдар сілтеу оңай шаруаға жатпайды. Міне, сол жұмыстыда күні бүгінге бірге атқарып келеді. Көп елде болған, көпті көрген, көп оқыған ол қоршаған ортадан және әрбір адамның қарым-қатынасын байқаудан өрнектелген ой түйінділерін әңгімесімен, нақыл сөздерімен жұртшылыққа жеткізіп, рухани тәрбие беруде.

Мені ойландыратын тағы бір Күләш Құнантайқызының бойындағы асыл қасиеті – оның талпынысының төркіні қайда жатқандығы еді, ойланып қарасам, бұл тұнба қасиет оған бала кезден, отбасынан салынған деп ойлаймын.

Қазір көптеген белгілі адамдар бұқаралық ақпараттық құрал өкілдерімен қарым-қатынас жасаудан қашады. Академик Күләш Құнантайқызы барлық уақытта бұқаралық ақпараттық құрал өкілдерімен тығыз байланыста болып сұхбаттан бас тартқан емес. Ол саясат, мәдениет, өнер, білім, жастар туралы барлық тақырыптарда еркін әңгімелеседі. Талантты адам ғылымда да, мәдениетте де, тәрбиеде де, барлығында талантты. Күләш Құнантайқызы педагогика, тарих, қазақ халқының мәдениеті бойынша энциклопедиялық білімдердің иесі.

Қазақстан Республикасының Жоғары Кеңесінің екі дүркін шақырылымының депутаты Күләш Құнантайқызы еліміздің өсіп өнуге керекті заңдарды қабылдауға, оларды іс жүзінде орындалуына үлкен көмек көрсете отыра, Жоғары Кеңесте және оның төңірегінде туған ой түйіндерін асқан бір парасаттылықпен халқына жеткізіп отырған. Сонымен қатар, оның Жоғары Кеңестің депутаты кезінде белсенді іс-әрекетін ерекше атап өткен жөн. Ол Жоғарғы Кеңестің депутаты ретінде үлкен құрметке ие болды.

Күләш Құнантайқызының халқымызға адал қызмет еткендігі, педагогика саласындағы терең білімі және ғылымға берілгендігі көпшілікке белгілі, танымал болды. Оның елімізге, ғылымға сіңірген еңбегі еліміз тарапынан лайықты бағалануда. Ол Халықтар Достығы, Құрмет Белгісі ордендерімен және 8 медальдермен, КСРО Жоғарғы Кеңесі және Қазақ КСР Жоғарғы Кеңестерінің Құрмет грамоталарымен марапатталған. Сонымен қатар, Күләш Құнантайқызы институттың ректоры бола жүріп, еліміздің қоғам жұмысына да белсене араласқан жан. Ол 1975-1980 жылдары Қазақ КСР Жоғары Кеңесінің ІХ-Х шақырылымдарының депутаты болып сайланды. Ол кезде жоғарғы оқу орындарының басшылары үшін ара ғана депутат қатарына кіретін. Мұндай құрметтердің бәрі Күләш Құнантайқызының жарты ғасырдан асқан кәсіпқой басшылығының және ірі ғылыми-педагогтың жұмысының жемісі.

Күләш Құнантайқызы – Қазақ қыздар институтының орнығу, кемелдену, толысу тарихындағы әйгілі ғалым. Олай дейтініміз, жер шарын да қыздардың жоғарғы оқу орны Қазақстан Республикасында, қазақ жерінде ғана көркейіп отыр. Ендеше, Күләш Құнантайқызы педагогика тарихында әрі оның ғылымына іргелі үлес қосқан халықаралық деңгейдегі ірі парасатты тұлға.

Парасаты биік, жаны дархан, бір сәткеде тыным таппайтын ерен еңбекқор, ұлағатты ұстаз, өзіндік өрелі байламы бар өткір ғалым Күләш Құнантайқызы – бұл күнде мұғалімдер мен студенттердің құрметтісі және беделдісі.

Әрине, бедел атақ емес. Бедел адамның рухани салмағы, ол қасиет оған ана сүтімен дарыған. Күләш ата-анасының үлкен тәрбиесін алған адам. Оның анасы марқұм Зияда Жарболқызы көкірегі ояу, алғыр және жаңалыққа құштар адам болған. Оның ақындығыда бар адам болған, өзі туып өскен Өскемен өңіріне арнап өлең шығарған. Лезде сөз тауып, ұйқастырып айта беретін, суырыпсалмалық өнері болған. Әкесі Отан соғысының ардагері Маңғытов Құнантай, ол кісі қызын жастайынан отаншылдыққа тәрбиелеуге үлкен мән берген адам болатын. Ол кісі – кеңес дәуіріндегі ауыл шаруашылығы саласында басшы қызметтерде болған.

Күләш Құнантайқызының алаңсыз еліне қызмет етіп, ғылыммен шұғылдануына өмірлік серігі Зейнолла ағанында қосқан үлесі мол. Ол – салиқалы, сабырлы, ақжарқын, жер жаннаты Көкшенің қадірлі азаматтарының бірі болды. Сөз жоқ, Күләштің қуанышында, ренішінде бөлісетін осы Зейнолла аға болды. Екеуіде бұрынғы Қазақстан комсомолының жетекшілері болды.

Күләш Құнантайқызының ағасы Мұздыбай тарих ғылымдарының кандидаты, доцент медицина университетінің кафедра меңгерушісі қызметін атқарып, «Еңбек Қызыл Ту» орденімен марапатталған, беделді азамат. Күләш апамыздың тағдырына ұрымтал ықпал еткен апасы Күлпәш Құнантайқызы мектепте мұғалім, аудандық комсомолда, партия қызметтерінде істеген. Оның өкімет тарапынан берілген орден, медаль, басқада марапат белгілері бар.

Осындай адамдардан үлгі өнеге алған Күләш апамыздың бүкіл өмірі халыққа қызмет етумен өтіп келеді.

Қорыта айтқанда, өнегелі өмір кезендерінде ғылыми шығармашылығы мен ұстаздық - тәрбиешілік еңбегін ұрпақтар игілігіне арнаған академик Күләш Құнантайқызы Құнантаева - қазақ тарихының аса көрнекті Қайраткер -Азаматы, қазақтың ірі ғалымы, мемлекет елуде сирек кездесетін ашық- жарқын, парасатты тұлға. Ол – ғылымға жан тәнімен берілген, бойындағы оған деген мол дарынын, қарымды қабілеті мен қажыр-қайратын, айтулы таланты мен тәлімді тәжірибесін, бар ықылас, ынта-жігері мен ой-ниетін өз жүрегімен қалаған осы бір киелі де қастерлі өмір жолында жанқиярлығымен аянбай жұмсап келе жатқан, алған бетінен таймаған, ары таза, кемеңгер жан. Оған асқақ парасаттылық, табандылық, жауапкершілікті бар болмысымен сезінушілік, адамдарға ерекше үмітпен қараушылық тән. Ол–өзінің ойындағысын ешкімнен ешқашан бүкпей, бойындағы телегей-теңіз білімін, ақыл-парасатқа толы ой-шікірін кім-кімненде болсын ортақтаса бөлісіп, кім-кімгеде әрқашан қол үшін беруге, ғылым құмар жандарды ғылымның соқпақтыда асулы жолына бастауға әзір тұратын ардақты да, асыл адам. Ол өзінің жүріс-тұрысы, әдемі мінезділігі, ақыл парасаттылығымен көптеген жастарға өнеге көрсетіп келеді. Туған ұлтының ұрпақтары үшін ғылыми шығармашылығы мен қоғамдық – саяси қызметін тұтастырған қайраткер, ұстаз-ғалым ұлағаты - Тәуелсіз Қазақстанның жаңа тарихы ұрпақтары үшін мәңгілік өнеге.

Қазір Күләш Құнантайқызы 90 жасқа келіп отыр, ұлы мерейтойымен қызу құттықтап, алдағы уақытта өмірі қызықты, сәнді өткізуге, денсаулығы күйлі-қуатты, ғұмыры шуақты, көрер қуанышы ұзақ болуына шын жүректен тілектеспін.

*Раушанбек Әбсаттаров -ҚР Ұлттық ғылым академиясының корреспондент - мүшесі,  
философия ғылымдарының докторы, профессор*

## ДАРА ТҰЛҒА, ҒҰЛАМА ҒАЛЫМ



Дара, ірі тұлғалар мен ғұлама ғалымдар туралы жазу оңай шаруа емес, өйткені олардың бір-екі қырын білгеніңмен басқа да толып жатқан қыр-сырларын біле бермейсің. Олардың ұлылығы да осында болса керек.

Белгілі бір дара тұлға жайлы ой толғап, сөз айтар тұста, ең алдымен, ол тұлға кім? Оның дара тұлғалық бейнесін неден көруге болады? – деген сауалдарға жауап іздейтініміз хақ.

Бұл адамның қоғамға, ел-жұртына сіңірген еңбегін бағалаудың, адамтанудың басты ұстанымы. Кез келен адамның өскен-өнген ортасын, оған өмір сыйлаған ата-анасын, олардың тегін зерделеу арқылы біз сол адамның қайраткерлік, ғалымдық, түптеп келгенде оның адамдық, дара тұлғалық болмыс бітімін жан-жақты тануға мүмкіндік аламыз. Өйткені тұлғаның тегі мен өскен, қалыптасқан ортасы оның бойына даралық қасиеттер дарытады.

Қазақстанның экономика ғылымында өз биігі, өрісі бөлек кеңістігі бар Ораз Баймұратов сияқты біртуар қазақ азаматының өмір белестеріне, ғылымдағы өнегелі жолына зер салған жанның дара тұлға болмысын ашар осындай тегінен дарыған, өскен ортасы қалыптастырған өзіндік қасиеттерін аңғармау мүмкін емес.

Ораз Баймұратовтың өзгелерден ерекшеленіп тұратын біраз қасиеттерін атауға болады. Әуелі, оның өзгеше үлгі қасиеті – өзі таңдап-талғаған ғылым жолына деген сенімділігі. Осы жолда талмай, таудай талаппен, ғылыми ізденіспен студенттік өмірден академиктік дәрежеге дейін жетті. Жастық жігерімен өз замандастарынан көш ілгері озып, ғылымның ең шыңы – академиктік дәрежеге жетті. Мұның өзі дарындылық пен аса қабілеттіліктің арқасы. Өз өмірінің жартысынан артық бөлігін күрделі де күрмеуі қиын экономика ғылымын дамытуға арнады. Ол үшін өзіндік ғылыми бағыт-бағдарын анықтап, көптеген теориялық және практикалық бағыттарда зерттеулер жасады.

О. Баймұратовтың тағы бір ерекше үлгілі қасиеті – өмірге деген ынтықтығы мен алға ұмтылысы, ой-өрісінің кең ауқымдылығы. Осының өзін қоғамның бүгінгі дамуына үлкен еңбек сіңіргендігінен көруге болады.

Ораз ағамыздың үлгі қасиеттерінің бірі – ол талабы зор жастарды қолдап, олардың ғылым жолында өсуіне бағыт-бағдар көрсете білуінде, қатаң талап қоятын ұстаздығында.

Ойы озық ғалымның кейінгі жастар мен ізбасарларына деген үлгісі – өнеге, қасиеті – ғұлама ұстаз және Қазақстанда тиімді қаржыландыру теориялық мектебінің негізін қалаушылардың бірегейлігі.

Ораз ағамыздың үлгі тұтарлық ерекше қасиеті – оның адамгершілік ізгі қасиеттері мен парасаттылығы, қызмет бабында адамдарды алалауға тысқары біркелкілігі, ұстамды мәдениеттілігі, сондай-ақ, өзгеге де, өзіне де талап қойғыштық қасиеттері ағамызды елден ерекшелеп, ірі тұлға деңгейіне көтереді.



Ата-анасы Ораз дүниеге келгенде «бақыт, сәттілік» деген мағынаны білдіретін көне түрік есімін берген екен. Енді, міне, көп жылдар өткен соң олардың арманы орындалды деп нық сеніммен айтуға болады.

Қасиетті Қызылжар топырағында талай даналар дүниеге келгені белгілі, талай даналар өз шығармашылығын әлемге паш еткен тарихқа анық. Ораз ағамыз да осы өңірдің қазіргі Мағжан Жұмабаев ауданы Дуйсеке ауылында туған.

Әрине дарынды азамат болу оңай емес және ондай биікке көтерілудің өзі екінің-бірінің қолынан келе де бермейді.

Міне, осындай қасиетті топырақта дүниеге келген Ораз Баймұратов жасынан өмірдің өрелі жолын таңдай білді. Орта мектепті ойдағыдай бітіргесін білімге деген құштарлық албырт жасты байтақ Мәскеудің түсті металдар және алтын институтына алып келді. Бұл атақты институтты кезінде Қазақстанның экономикасы, мәдениеті және ғылымына үлкен үлес қосқан көрнекті қоғам және мемлекет қайраткерлері Д.А. Қонаев, А.А. Қонаев, К.С. Салықов, Э.А. Түркебаев және т.б. бітірген.

Жоғары білімді жас маман осы институтты 1957 жылы ойдағыдай тәмамдағасын, туған еліне оралғаннан кейін, оның қажыры мен қайратының арқасында өрлеу баспалдақтары биіктей береді. Академик Ораз Баймұратовтың келешектегі бар ғылыми өмірі еліміздің аяулы азаматы Қаныш Сәтбаев құрған ғылым ордасы – Ғылым академиясының қабырғасында өтеді. Әуелі кіші ғылыми қызметкер, аспирант, ғалым-хатшы, бөлім меңгерушісі болды.

Сонымен, академик О.Баймұратовтың сан-қырлы ғылыми және ғылыми-ұйымдастырушылық қызметі осы Ғылым академиясының Экономика институтымен тікелей байланысты. Осы институттағы ғылыми орта оның бұрынғы алған терең білімімен қоса жас маманның алғашқы келешек ғылыми мүдделерін анықтады – ол инвестициялар және өндірістік экономика еді. Жас ғалымның бұл таңдауы оның өте көрегендігі болды – ол республика дамуының келешекке арналған негізгі бағыттарын анықтайтын маңызды, көлемді жұмыстарды күн тәртібіне қоя білуінде еді.

Ораз Баймұратұлы үлкен қажыр-қайрат танытып, өмірінің ғылымдағы жолын үздіксіз ізденісте өткізеді. 1962-1964 жылдары ол Мәскеудің болат және балқыту институтының «Экономика» кафедрасында өндірістік экономика саласының білгір мамандарының бірі профессор С.Я. Рачковскийдің басшылығымен аспирантурада оқиды. Оны 1964 жылы «Металлургия заводтарын қайта құру және ұлғайтудың экономикалық тиімділігі» деген тақырыпта кандидаттық диссертацияны қорғап шығады.

Ораз Баймұратұлы аспирантурада оқыған кезде бұрынғы Кеңес Одағына, тіпті әлемге әйгілі ғалымдар академик Т.С. Хачатуров, профессор В.П. Красовский мектебінен өтуі оның экономика ғылымының саласында белгілі ғалым болуына негіз қалаған алғы шарт болғандығы анық.

Аталған ғалымдар Кеңес Одағында ғана емес барлық социалистік жүйеде экономиканың тиімділігін есептеу әдіснамасын ұсынған болатын. Негізінде онда ұзақ мерзімді және ағымдағы шығындарды бір түрге келтіру арқылы тиімділікті есептеу әдісі зерттелген. Кезінде бұл бағыт Кеңес Одағының экономика ғылымының үлкен жаңалығы болып танылған, ел шеңберінде ғылыми мектеп те қалыптасқан. Міне, Ораз Баймұратұлы осы ғылым мектептің шәкірті, қатынасушысы болды. Жаңа әдіснаманы Қазақстан Республикасының экономикасында пайдалануда бастаушылардың бірегейі болды.

Кандидаттық диссертацияны ойдағыдай қорғағаннан кейін, Экономика институтында қызмет істей жүріп ол өзінің талапты ғалым екенін көрсете білді. Қысқа мерзім ішінде дайындап, 1971 жылы «Өнеркәсіп өндірісіне капиталдық салымдардың экономикалық тиімділігі» атты тақырыпта докторлық диссертацияны табысты қорғап, Қазақстан бойынша ең жас экономика ғылымдарының докторы дәрежесіне ие болады да, 1975 жылы экономика бойынша профессор атағын алады. Оның мұндай табыстарына диссертациясының кеңесшісі ҚССР ҒА корреспондент – мүшесі Р.М. Петухов, ресми оппонент ҚССР ҒА академигі С.Б.

Мильграм, тағы басқа көптеген Қазақстан және Ресейдің көрнекті экономист-ғалымдары үлкен қолдау жасады.

Академик О. Баймұратовтың ғалым ретіндегі ерекшелігі – ғылымдық тұрғыдан жүргізілген ғылыми-зерттеу жұмыстары мен айқындалады. Оның ғылыми мүдделері ғылыми-техникалық прогреске капиталдық салымның теориялық, методологиялық және практикалық әлеуметтік-экономикалық мәселелерінің тиімділігін зерттеу еді. Бұл түбегейлі мәселе экономика ғылымы дамуының ең негізі болған Қазақстанда алғашқы болып зерттеле бастауы 29 жастағы жас ғалымның жетекшілігімен қолға алына бастады. 1964 жылдан бастап мұндай бағыт еліміз бен шет елдерде де кең белгілі болып, ірі ғылыми мектеп ретінде қалыптаса бастады. Бұл ғылыми жолдағы соңы ізденіс еді. Ғылыми тұжырымдарды сабақтай өрбіту негізінде ол ғылыми-техникалық прогресстің капиталдық салымының практикалық әлеуметтік-экономикалық тиімділігі проблемаларын Одақ дәрежесіне көтеріп, оның осы жүйедегі елдердің даму үрдісіне бірден-бір ықпал етіп, келешегіміздің мақсат-мағынасын айқындайтынын баса көрсетті. Әрине, бұл сол кездегі «тоқырау» кезеңінде батыл қойылып, туған ел мұқтаждарын нысанаға алып, нақтылы өмір тәжірибесінде қарастырған тұңғыш еңбектер еді. Біз оны академик О. Баймұратовтың ғылымда сара жол тартып, туған халқының, республикасына аса өзекті мәселелерін зерттеулерді ғалым ретінде күн тәртібіне қоя білгенін ерекше атап өтеміз.

Жалпы алғанда, О. Баймұратовтың ең алғашқы еңбектері өзінің жоғары ғылыми-теориялық деңгейімен айрықшаланады да, теорияны шаруашылық практикамен, зерттеудің прогресстік әдістерін қолданумен ұштастырылатынын ерекше атаған жөн. Олардың ішінде оның басшылығымен және тікелей авторлығымен шыққан «Қазақстан өндірісінде капиталдық салымдардың тиімділігі» (1964 ж.), «Техникалық прогресстің тиімділігі» (1973 ж.) атты монографияларды атауға болады. Соңғысында қазіргі заманда да ғылыми-техникалық прогрессті болжамдарды толық қолдануға болатын шетелдік тәжірибеде пайдаланатын болжамның прогресстік әдістемелерін республика бойынша алғашқы рет түсіндіріле бастады.

О. Баймұратовтың монографиялық зерттеулерінің ішінен 70-жылдары кең тараған «Капиталдық салымдардың экономикалық тиімділігін бағалау және талдаудың әдістері» атты монографиясын ерекше атауға болады. Бұл еңбегінде автор бірінші рет экономикалық категория ретінде капиталдық салымның техникалық негізін қарастырған, негізгі қордың ұдайы өндірілуінің мәнін білдіретін негіз болатын ұғымдар жүйесіндегі орны керсетіледі, методологиялық бірлікте капиталдық салымдар мен ғылыми-техникалық прогресстің үрдістері қарастырылған, экономикалық өсудің факторы ретінде инвестицияларды бағалау әдістері ұсынылған, қоғамдық еңбектің шығындарының салыстырмалы тиімділігінің теориясы одан әрі дамытылды. Бұл кітапты еліміздің ғылыми қауымдастығы ең ірі және ерекше іргелі деп таныды.

О. Баймұратовтың ұсынған қағидалары мен өзіндік методологиялық құндылықтары бұл күндері де маңыздылығын жойған жоқ. Олардың инвестициялық жобаларды бағалаудағы көптеген принциптері, әдістері мен амалдары жоспарлы және нарықтық экономикаға да қолдануға болады. Мысалы, нарықтық экономикада капиталдық салымдары тиімділігінің салыстырмалы әдісі, әр уақыттағы шығындарды дисконттау және басқалары қолданылады, бұның өзі әлемдік деңгейдегі ғалымдар академик Т.С. Хачатуров және профессор В.П. Красовскийлер басқарған белгілі экономистердің ғылыми мектебінің сөзсіз жетістігі еді. Олардың еңбектері және творчестволық ықпалдастығы О. Баймұратовтың осы мектептің белгілі өкілі ретінде қалыптасуына үлкен әсер етті, себебі бұл мектептің ғылыми беделі бүкіл әлем таныған қазіргі инвестициялар тиімділігі теориясының негізі болып табылады.

Қазіргі заманда Қазақстанның экономикасы қарыштап дамыған жағдайында экономикалық өсудің сапасын қамтамасыз ету ете маңызды. Оны тек қана кез келген инвестициялармен ғана емес, оларды түбегейлі инновациялармен іске асыру жағын көбіне қарастыру қажет. Сондықтан да сол жылдардан еңбектерінің негізі болып келе жатқан

инвестиция мен экономикалық өсудің өзара байланыстылығы, инвестициялық және технологиялық прогрестің бірлігі туралы О. Баймұратовтың линиялық емес методологиялық тәсілі бүгінде де өзектілігін жойған жоқ, өте құнды болып есептеледі. Бұл тәсіл еліміздің қазіргі индустриалды-инновациялық бағдарламасы үшін өзекті болып табылады.

Экономикалық өсудің жаңа сапасын қамтамасыз ету, оны гуманизациялау тұрғысынан алып қарағанда «Капиталдық салымның әлеуметтік тиімділігі» атты мақаласы қазіргі заман талабына үндес келеді. 1979 жылы «Вопросы экономики» деген орталық теориялық журналда жарық көрген мақала өзінің терең жаңашылдығымен өз елімізде ғана емес, сонымен бірге шетелдерде де үлкен қызығушылық білдірді. Мақала қолма-қол АҚШ-та (Нью-Йорк) ағылшын тіліне аударылып, әлем деңгейіндегі «Проблемы экономики» журналында басылып шығуы ол кездегі Кеңес Одағының экономист – ғалымдары үшін өте сирек жағдай болатын.

О. Баймұратов өз заманының жаңа бағыты болып табылатын Қазақстанда шыққан ғылымтану және экономика ғылымының бастамашысы болды. Ғылымның тиімділігін бағалау проблемалары туралы, әсіресе, теориялық зерттеулердің нәтижелері бойынша, оның өзіндік зерттеулері бұрынғы Одақ бойынша және бүгінгі күнге дейін кейбір аспектілері бойынша үздік болып есептеледі.

Ғалым басшының ғылыми жетекшілігімен және авторлық қатысуымен (1978 ж.) жарық көрген «Ғылыми зерттеулердің тиімділігі (бағалау методологиясы және арттыру проблемалары)» атты кітабын ерекше атау керек. Бұнда айтарлықтай орын ғылымның экономикалық рөлін теориялық жағынан дәлелдеуге арналған. Кітапта тиімділікті бағалауға тірек болатын негізгі принциптер тұжырымдалған.

Ғалымның бұл еңбегі, ең алдымен, мазмұнының тереңдігімен және айтар ойының ашақтығымен ерекшеленетіндігін әріптестері құрметпен атайды. Сонымен бірге ғылымды зерттеу проблемалары О. Баймұратовтың басқа да еңбектерінде жалғасын тапқан.

О. Баймұратовтың экономика ғылымы саласындағы циклдық зерттеулері 1985 жылы Қазақстан Ғылым Академиясының Шоқан Уалиханов атындағы сыйлықпен атап өтілді. Ғылымтану – оның негізін қалаған екінші ірі мектебі болды.

Көрнекті эксперт-ғалымдардың пікірінше, О. Баймұратовтың (1958-1980 жж.) республиканың Академиясының Экономика институтында істеген жылдары ол Одақтағы ірі экономист – ғалым ретінде тек Қазақстанда ғана емес, оның сырт жағында да белгілі болды.

Академик О. Баймұратов ірі ғалым – экономист ретінде отандық экономика ғылымының дамуына үлкен үлес қосуы 1980 жылы республика Ғылым академиясының өндіргіш күштерді зерттеудің Кеңесіне (ӨКЗК-СОПС) ауысуынан басталады. 1989-1994 жылдары осы ғылыми органның төрағасы қызметін ойдағыдай атқарды.

О. Баймұратовтың басшылығымен ӨКЗК-нің ғылыми әлеуеті біршама нығайып, жетекші ғылыми орталыққа айналды да, республиканың өндіргіш күштерінің орналасуы мен олардың ұзақ жылғы даму болжамдары жасалды, зерттеулердің ұйымдастырылуы мен үйлестірілуі де қамтамасыз етіліп отырады.

Бұл жылдары ӨКЗК жалпыакадемиялық пәнаралық ғылыми мекемеге айналып, халық «шаруашылығының дамуын болжамдауда, табиғатты тиімді пайдалану және аймақтық өндіргіш күштердің дамуы мен территориялық-өндіргіш күштердің кешендерін зерттеуде үлкен тәжірибе жинады. Қазақ КСР Ғылым академиясының ӨКЗК-нің зерттеулері тек республикада ғана емес, сонымен бірге Ресей, Украина, Орталық Азия республикаларында кеңінен белгілі болды. АҚШ, Англия, Швеция, Австрия, Болгария елдерінің ғалымдарымен халықаралық қатынастар нығайды. Мысалы, Ресей Ғылым академиясының академиктері А.Г. Гранбергпен, А.Ю.Ишлинскиймен, сол академияның корреспондент-мүшесі Б.В. Гусевпен, профессорлар В.А. Лисичкинмен, Д.Дмитриевпен, А.И. Щербаковпен, т.б. тығыз байланыстар орнады.

1980-1990 жылдары О. Баймұратов бастаған үлкен ұжым бүгінгі күндері де өзінің өзектілігін жоймаған Қазақстанның бірқатар әлеуметтік-экономикалық ірі проблемаларын қойып және зерттелген. Мысалы, ӨКЗК Батыс Қазақстанды тікелей зерттеумен айналысты. Ғылыми жұмыс кезіндегі ең маңызды нәтижелер – ол аймақтық өндіргіш күштер дамуының стратегиясын дәлелдеу, өндірістің мұнайөндіргіш және мұнайхимия салаларының дамуына болжам жасау, Батыс Қазақстанның өндіргіш күштерінің кешенді дамуының концепциясы бұрынғы КСРО мен Қазақстанның мемлекеттік экономикалық комитеттері, ірі одақтық ғылыми-зерттеу мекемелері өздеріне пайдалануға алды. Академик А.Г. Аганбегянмен бірге ол Батыс Қазақстан аймағының мұнайгазын кешенді даму концепциясының бастамашысы болды, бұл, әрине, ол екеуі осы аймақпен және бүкіл Каспий өңірінде ұйымдастырған ведомстволарлық экспедиция жұмыстарының нәтижесі еді.

Академик О. Баймұратов Арал апатына білек сыбана кіріскен шын жоқтаушыларының бірі болды. Оның басқаруымен ӨКЗК-нің творчестволық ұжымы 2006 жылға дейін «Арал – 2006» атты Арал теңізін сақтап қалудың Арал өңірінің экологиялық бірқалыптылығын қайта келтірудің Мемлекеттік бағдарламасын жасады. Бағдарламаның шеңберінде Арал өңірінің Қазақстандық бөлігінде су ресурстарын тиімді пайдаланудың жолдары мен кешенді шаралары; Арал теңізін сақтаудың баламалы түрлері және оны қалпына келтіру; Арал өңіріндегі экологиялық жағдайды қалпына келтіру және денсаулық сақтау шараларын жақсартудың кешенді шаралары; тұрғындардың өмір сүру деңгейін көтеру; экологиялық-экономикалық проблемаларды шешуде интеграциялық байланыстар мен халықаралық ықпалдастықты кеңейту мәселелері жете зерттелді. Арал өңірі бойынша кешенді зерттеулер мен ғылыми экспедиция О. Баймұратовтың басшылығымен өтті. Оған сол кездегі депрессиялық өңірде экономикалық қызметтерді тежеу және тұрғындарды бұл өңірден басқа облыстарға көшіру идеяларына қарсы Арал өңірін әлеуметтік-экономикалық даму концепциясын жасауға сіңірген еңбегі жатады. Бүгінгі шындық дамудың осы концепциясының дұрыстығын дәлелдейді.

Еліміздің тәуелсіздік алуы еркін ойлауға, объективті шындықты айтуға, экономикамыз бен бүгінгімізді терең тексере байыптауға жол ашты. Осы орайда тағы да ірі жоба болған Қазақстан Ұлттық академиясының ӨКЗК бастаған республикалық «Балхаш» бағдарламасы болды, онда 2010 жылға дейін Іле-Балхаш өңірінің экологиялық жағдайын жандандыру және әлеуметтік-экономикалық дамуы анықталған. Одан басқа ірі жоба Каспий теңізі жағалауындағы халықшаруашылық объектілерін және тұрғындардың қоныстарын сақтауға бағытталған.

Академик О. Баймұратов «тоқырау» кезеңінде ірі теоретик ретінде экономикалық құбылыстардың терең мәніне жете білді. Ол әлемдік әдебиетте басымдылық түсінігін алғашқы болып жан-жақты саяси-экономикалық жағынан зерттеп, оның өндіргіш күштер мен экономикалық заңдар жүйесіндегі орнын көрсетті. 1985 жылы қоғамның экономикалық басымдылықтары туралы ғалымның кітабы жарық көрді.

Бұл жылдары академик О. Баймұратов Қазақстанда алғашы болып экономика ғылымының өзінде де сирек кездесетін ғылыми танымдық бөлімді ұйымдастырып, басқарды. Бұл ғылымдық таным секторының ерекшелігі - оның өңірлік мәселелерді зерттеудің басымдылығы еді. Олар Мәскеу, Минск, Донецк қалаларының белді ғылыми мекемелерімен тығыз ынтымақтастығымен жүргізілді. Бұл зерттеулерде ғылыми-техникалық прогресс дамуының ең негізгі кедергісі – кеңестік экономиканың өте жоғары шоғырландырылғандығы себептері ашылды. Осыған байланысты ғылым-техникалық даму проблемасы жөнінде КСРО Ғылым академиясының Ғылыми Кеңесінің территориялық басқару комиссиясы базасында формальды емес ғылыми ұжым құрылып, оған О. Баймұратов та мүше болып кірді. Осының нәтижесінде бұл ұжымда алғашқы болып концептуалды түрде территориялық шаруашылық есеп идеясы пайда болды. Кейінен бұл заңды түрде одақтық республикалардың экономикалық және саяси егемендігі идеясына ұласқан болатын. Ал, біздің кейіпкеріміз осы идеяны өз қолымен жүзеге асырғандардың бірі болды.

1990 жылы О. Баймұратовтың басшылығымен авторлар ұжымдығының «Ғылым және өндіргіш күштер: аймақтық мәселелер» атты монография жарыққа шықты. Кітапта өндірістің ғылыммен өзара байланыстылығының теориялық аспектілері зерттеледі, оны жетілдірудің ұсыныстары жасалған, ғылыми әлеуетті жылдам өсірудің жолдары дәлелденген, ғылыми күштерді республиканың өндіргіш күштерінің ғылыми-техникалық дамуының шешуші бағытарына ғылыми күштерді тоғыстыру мәселелері. Бұл кітапта Қазақстанда алғашқы болып ұсынылған және біздің елде қазірде кең тараған технопарк идеясы іс жүзінде дами бастады.

Еліміздің егемендік алуы мен одан кейінгі нарыққа көшу жылдары академик О. Баймұратовтың шығармашылық және ұйымдастырушылық өмірінде өзгеше жаңа бір кезең басталды.

1992 жылы О. Баймұратовтың ғылыми басшылығымен ҚР ҰҒА ӨКЗК-де «2015 жылға дейінгі Қазақстанның ғылыми-техникалық және әлеуметтік-саяси дамуының кешенді болжамы» атты көлемді зерттеу жобасы жасалды. Бұл еңбектің Қазақстанның өндіргіш күштерін дамытудағы әлі де маңызы зор. Дағдарыстан шығу жағдайында және нарықтық қатынастардың өрістеген кезінде бұл болжамдық-талдау зерттеуіне 6 академиялық, 6 салалық ғылыми-зерттеу институттары мен жоғары оқу орындарының белді ғалымдары қатысты. 5 томдық ғылыми есеп ҚР ҰҒА Президиумы мәжілісінде талқылы-нып, қабылданды. Нарықтық экономикаға көшудің балама бағдарламасы ретінде ол Республикалық комиссияда да қаралып, өте жоғары бағаланды.

Бұл еңбегінде О. Баймұратов бірінші рет Орталық Азияда Қазақстанның Жаңа Индустриалдық Елге айналуы туралы идеяны ұсынды, өзінің Қазақстандық нарық экономикасының моделінің қандай болуы керек екендігінің түсінігін дәлелдеді. Оған біздің республиканың Еуропа мен Азияның экономикалық «көпір» концепциясы тиесілі болып табылады, ол тіпті 1992 жылы экономикаға лайықтап Л.Н. Гумилевтің еуразия идеясын табысты пайдаланған болатын.

1990 жылдары О. Баймұратов республикалық баспасөз беттерінде экономикалық реформаларды ең маңызды және өткір мәселелерді талқылауға белсенді түрде қатынасты. Оны өте қызықтырған макроэкономика мәселелері еді. Ғалымның ғылыми ықыласында жаңа бастама қалыптасты – қаржы және банк проблемаларын зерттеу. 1996 жылдан бастап, ол қаржы-банкі менеджментінің ғылыми-зерттеу институтын басқарады. Осы кезеңде шыққан оның еңбектерінде қазіргі қалыптасқан әлеуметтік-экономикалық жағдайларға объективті бағасын беріп, экономика реформаларының үрдісіне ұғыныспен қарайды, Қазақстанның экономикалық даму жолдары дәйектелі-неді.

Ғалымның кеңінен толық түрдегі көзқарастары 2002 жылы жарыққа шыққан «Ұлттық экономикалық жүйе» атты іргелі монографиясында көрініс тапты. Бұл кітап оның трансформацияланушы экономика теориясына қосқан үлкен үлесі еді. Оны О. Баймұратовтың ғалым және өз Отанының азаматы ретінде өзіндік бағдарламасы деп қарау керек сияқты.

90 – жылдары автор саяси қызметпен белсенді араласып, нарықтық реформаларды дайындауға қатысты, заңнамалық актілерді дайындауға, талқылауға және оларды қабыдауға араласты, яғни оқиғалардың қалың ортасында болды деуге болады. Сондықтан да еңбектерінде экономикалық теория мен шаруашылық жағдайларға бірдей көңіл бөлінген. Бұл зерттеулердің көпжоспарлылығын, көпаспектілігін анықтайды.

Ораз Баймұратовтың ғылыми ізденістерінің ауқымы қуатты ойымен парасатты пайымдауының кеңдігін сипаттайды. Соңғы жылдары О. Баймұратов өзінің назарын жаһандану жағдайында ұлттық ақша-қаржы жүйесін қалыптастыру және жетілдіру проблемаларына, қазіргі аймақтануға, сонымен бірге, экономикалық зерттеулерде жаңа ғылыми методология мен жаңа ғылыми ойлау стилі – линейлік емес тәсіліне аударуда. Линейлік емес тік экономикалық теория – бұл экономикалық ойдың «жырып өткен жері» деуге болады. О. Баймұратовтың басшылығымен және тікелей қатысуымен қаржы-банкі

менджмент ғылыми-зерттеу институты іргелі және қолданбалы зерттеу бағдарламалары шеңберінде бірнеше ірі жобаларды орындады.

Институт еліміздің белгілі ғылыми мекемесі болып табылады. Осында О. Баймұратов заңнамалықты зерттеу және жаһандану жағдайында ақша-қаржы жүйесінің дамуының ерекшеліктерін зерттеу туралы өзінің үшінші ғылыми мектебін қалыптастырды.

Ғалым ізденістерінің тағы бір келелі тақырыбы – еліміздегі әлеуметтік даму проблемалары. О. Баймұратов әлеуметтік экономиканың теоретикалық негіздерін қалыптастыруда ғылыми басымдылыққа тиесілі болды. Оның 2005 жылы шыққан «әлеуметтік экономика» атты еңбегі осы уақытқа дейін Қазақстан және ТМД көлемінде алғашқы басылым болып табылады. Онда айтылған кемел ойлар мен тиянақты тұжырымдардың әлеуметтік саланың бүгінгі таңдағы проблемаларымен де гармониялығы, яғни үндестігі байқалады. Шын мәнінде автор жаңа ғылыми бағытқа жол ашып отыр, ол дегеніміз қазіргі уақытта оның төртінші ғылыми мектебі қалыптасуда.

О. Баймұратовтың түсінігінде әлеуметтік экономика – ол түбірінен басқа экономика. Бұл экономика, оның ортасында әртүрлі материалдық және рухани қажеттіліктерімен тұрған адам. Адам – экономиканың ең басты құндылығы және оның құралы.

Өзінің кезекті жеті томдық «Қоғам гармониялығы және экономика: әлемдік парадигма» (2010 ж.) атты еңбегінде автор экономикалық әдебиетте бірінші болып қоғам гармониясы және оның экономикасы концепциясын айқындайды.

Ғалымның әлеуметтік экономика және гармония туралы еңбектері экономикалық ғылым дамуында жарып өтуші болып табылады. Оны дәлелдейтіні автордың «қоғам және оның экономикасы – Гармония заңының қимыл аренасы» деген мақаласы 111-ші Астаналық экономикалық форумының Интернет – форумының «Ең үздік мақала» номинациясының дипломы және сыйлығымен марапатталды (2010 ж., шілде).

О. Баймұратов 2011 жылғы наурыз айында исламдық қаржылық қор жөніндегі 11 Қазақстандық конференцияда баяндама жасап, біздің елде ислам қаржы моделінің қолданылуының бастауында болды деуге болады, өйткені ол Қазақстанның болашағы. О. Баймұратов ислами экономика мен қаржынының қағидаларын, ерекшеліктерін және келешегін он екі жылға жуық зерттеп келеді. Оның бұл зерттеулері біздің дүниетанымымыздағы зор өзгерістердің бастауына айналды. Осыдан бастап әлеуметтік гармонияны, оның парадигмалары мен заңдарын ислами доктринаның негізінде зерттеу ғылыми қызметтің басты бағыты болды.

